Жалпы кенестік мектептерде педагог-психолог ғалымдары Скаткин-Лернер-Краевскийдің дидактикалық мектептері зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға жақын идеяларды: оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері және эмоционалдық-құндылық қатынастарын ұсынған [1]. Бұл идея бүгінгі күні оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға негіз болып, нәтижесінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың жаңа әдіс-тәсілдері жасалып, тәжірибеге енгізіле бастады.

Оқушылардың зерттеу іс-әрекеттері шығармашылық зерттеу тапсырмаларын орындаудан, яғни зерттеу мәселелеріне сәйкес проблемаларды қоя білу, теориялық зерделеу, зерттеу әдістерін таңдау және практикалық тұрғыда меңгеру, зерттеу мәселелеріне қатысты материал жинақтау, оған талдау жасау және өзбетінше қорытындылаудан тұрады [2]. Бұның барлығы оқушылардың теориялық білімін практикада қолдана алу біліктері мен дағдыларын қалыптастырып, логикалық ойын дамытады, мақсат-міндеттер қоя білуге, оны шешу мен нәтижеге жетуге, түрлі әдіс-тәсілдерді меңгеруге үйретеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының құндылығы - оқушылар әртүрлі мәселелерге ғалымдардың көзқарасы тұрғысынан қарап, ғылыми-зерттеуге қойылатын талаптармен таныс болуға мүмкіндік алады.

Мектепте оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін шартты түрде ғылыми-зерттеу және оқу зерттеу жұмыстарына бөлуге болады. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары мұғалімнің жетекшілігімен жүргізіледі және зерттеудің басынан аяғына дейін атқарылатын іс-әрекет ғылыми негізделіп, жоспары құрылады. Ғылыми-зерттеу жұмысында қарастырылатын теориялық мәселелердің нәтижесі сипаттама беру, талдау жасау арқылы беріледі де, ал практикалық бөлігінде нақтылы алынған нәтижелер көрініс табады. Оқу зерттеу жұмыстары дегеніміз жаңа білімді меңгеруде өзінің ұтқыр шешімдерімен шығармашыл ой-өрісін көрсете алатын оқушылардың танымдық іс-әрекеті [3].

Оқу зерттеу жұмыстары ғылыми-зерттеу жұмыстарынан:

- тақырыптың оқу бағдарламасында берілген оқу материалдарына сәйкес анықталуымен;
- зерттеу жаңалығының оқу бағдарламасындағы күтілетін нәтижеге сай болуымен ерекшеленеді.

Қазіргі білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес оқу зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда білім беру үрдісінің екі субъектісінің арасындағы қатынас өзгеріске ұшырап отыр, мәселен, дәстүрлі білім беруде стандартталған «мұғалім-оқушы» схемасы жүзеге асырылып келді. Онда мұғалім оқу материалдарына сәйкес білім берумен, ал оқушы дайын білімді қабылдаумен шектелді. Ал бүгінгі талап бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру оқушыдан оқу зерттеу жұмыстарын өзбетінше орындап, алынған нәтижеге талдау жасай алуды, өзбетінше қорытындылауды талап етіп отыр, бұл жерде мұғалімнің рөлі тек бағыт, кеңес берумен ғана сипатталады.

Оқу зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру мұғалімнен біраз ізденісті талап етеді, себебі, оқушылар дайын білімді қабылдауға үйреніп қалған. Сондықтан мұғалім өзінің бағыт және кеңес беру іс-әрекетінде оқушыларға оқу материалдарына қатысты:

- зерттеу проблемасын айқындау мен болашақ зерттеудің бағытын анықтау;
- қандай мәселелер қарастырылмай отырғандығын айқындау;
- зерттеуге қатысты қандай ақпараттар жинақтау, оны қайдан алу;
- жинақталған материалдарға талдау жасап, қорытындылау, және т.б. бағыт-бағдар береді.

Географиядан оқу зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес 7 сыныптан бастауға болады. Оқу зерттеу жұмыстары оқушыларды өзбетінше әрекет жасауға, сондай-ақ стандартты емес ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Мысалы, географиялық білім берудің жаңартылған мазмұнында «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі берілген (7-9 сыныптар). Мұнда мұғалім оқушыларға географиялық терминдердің шығу тегі, саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесі, географиялық ашылулар тарихы, география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулер, географиялық зерттеу әдістері, география ғылымының дамуына үлес қосқан Қазақстандықтардың зерттеулері, география ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемалары және т.б. туралы оқу зерттеу жұмыстарын жүргізу жолдарын үйретеді. Оқу зерттеу жұмыстарының тақырыбын тандау, мақсат-міндеттерін анықтауда мұғалімнің рөлі басымдық танытады, ал жұмысты орындауда оқушының өзбетінше ізденуіне көбірек мүмкіндік беріледі.

7 сынып оқушыларына «Географиялық терминдер», «Саяхатшылар мен зерттеушілер», «Географиялық ашылулар», «Географиялық зерттеу нысандары» т.б. тақырыптарды ұсынуға болады. Ал 8-9 сынып оқушыларына шығармашылық сипаттағы «География ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулер», «Географиялық зерттеу әдістері», «География ғылымының дамуына үлес қосқан Қазақстандықтардың зерттеулері», «География ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемалары», т.б. зерттеу тақырыптарын ұсынады. Бұл тақырыптар үлгілік оқу бағдарламасының «Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі бойынша күтілетін нәтиже есебінен беріліп отыр, ал мұғалім мен оқушылар өздерінің тандауы бойынша оны түрлендіруіне болады.

«Географиялық зерттеу нысандары» тақырыбын литосфера, атмосфера, гидросфера оқу материалдары бойынша түрлендіруге болады. Мысалы, төменде атмосфера оқу материалдары бойынша «Қазақстан аумағында жауын-шашынның таралуы» тақырыбынан оқу зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі келтірілген. Ұсынылып отырған оқу зерттеу жұмыстарын мақсат-міндеттеріне сәйкес үй тапсырмасы ретінде берген дұрыс.


Оқу зерттеу жұмысының мақсаты - оқулықта және қосымша оқу әдебиеттерде Қазақстан аумағында жауын-шашынның таралуы туралы берілген оқу материалдарын зерделеу және оған талдау жасау.

Міндеттері - Қазақстан аумағында жауын-шашынның таралуы туралы оқу материалдарыніріктеу; жауын-шашынның таралуы туралы ақпараттарға талдау жасау; Қазақстан аумағында жауын-шашынның таралуына сипаттама беру.

Зерттеу әдістері - оқулық, қосымша оқу әдебиеттері, т.б. ақпарат көздеріне талдау жасау, салыстыру, қорытындылау.

Күтілетін нәтиже - Қазақстан аумағында жауын-шашынның таралуына сипаттама беру.

Мұғалім оқушыларға оқу зерттеу іс-әрекеттерінің мақсат-міндеттерін орындау үшін тапсырма береді, одан күтілетін нәтижені кесте түрінде беруді ұсынады. Мысалы:



Сурет 1 - Қазақстан аумағындағы жылдық жауын-шашын мөлшері

1) Карта бойынша жауын-шашын мөлшерін анықтап, 1-кестені толтыру:

Кесте 1 - Қазақстан аумағындағы жылдық жауын-шашын мөлшері

р/с	Сипаттамасы	Таралу аймақтары
1.	Жауын-шашынның орташа мөлшері	130-1600 мм
2.	Жауын-шашынның ең көп түсуі	ШҚО, Батыс Алтай, Үбі және Үлбі өзендерінің аңғары (1600 мм дейін)
3.	Жауын шашынның ең аз түсуі	Үстірттің оңтүстігі, Арал теңізінің солтүстік-шығыс және шығыс бөлігі, Оңтүстік Балқаш маңы (100 мм шамасында)
4.	Республиканың солтүстігінде	400 мм шамасында (Петропавлда - 425 мм)
5.	Республиканың оңтүстігінде	130 мм дейін
6.	Жауын-шашынның жылдық таралуы	Солтүстік бөлікте ж/ш 70-80% жыл мезгілінің жылы кезеңіне сәйкес, оңтүстік бөлікте - күз, қыс, көктемге сәйкес
7.	Қар жамылғысының қалыңдығы және жату ұзақтығы	Солтүстік бөлікте - 20-30 см (125-165 күн), оңтүстік бөлікте - 10-15 см (40-60 күн), таулы аймақта - 90 см (230 күнге дейін) - Мыңжылқы, Іле Алатау

(Кесте үлгі ретінде беріліп отыр, оқушылар оқулық мәтіні, қосымша оқу әдебиеттері мен картаға сүйеніп оқу зерттеуден күтілетін нәтижені өздері жазуы тиіс) [4].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, оқушылардың оқу зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыруда мұғалім өз алдына қояды. Ол үшін алдымен «оқушы-зерттеуші» және «мұғалім-ғылыми жетекшінің» өзара қатынасы, олардың әрқайсысының атқаратын іс-әрекеттерін нақтылап алу керек. Мұндай өзара қатынас «оқушы-мұғалім» арасындағы алшақтықты жойып, мұғалімнің кәсіби өсуіне және алдындағы оқушыларды жақсы танып білуіне мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушылардың зерттеушілік ойлау стилі мен жалпы ғылыми дүниетанымы және зерттеу іс-әрекеттері қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Краевский В.В. *Методология научного исследования: Пособие для студентов и аспирантов гуманитарных университетов.* - СПб.: СПб. ГУП, 2001.
2. Максимова А.В. *Научно-исследовательская деятельность учащихся на уроках географии* //Научный электронный архив. URL:www.econf.rae.ru/article/6695 (қаралған күні: 08.02.2017).
3. Brooks, C. (2006). *Geography teachers and making the school geography curriculum.* *Geography*, 91(1), 75-83. <https://www.google.com> (қаралған күні: 06.02.2017).
4. Карбаева Ш.Ш. *Географиядан құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар/Дарын республикалық дарынды балаларды оқыту орталығы.* - Астана, 2015 - 30-31 б.

Д.М. Боранқұлова¹, М.А. Аманбаева² ^ Ә.Ж. Әбдіқадыр³

г.г.к., аға оқытушы, dinaborankulova@mail.ru

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²магистр оқытушысы, montiko1992@mail.ru

М. Әуезов атындағы ОКМУ, Шымкент қ., Қазақстан

³магистрант, khanshaym_9293@mail.ru

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ НЫСАН - ӨЗЕН АҒАРЛАРЫ ЛАНДШАФТЫСЫН ТҮЗУШІ ФАКТОР

Аңдатпа

Гидротехникалық құрылыстардың арасындағы ерекше орын алатын инженерлік нысандардың бірі - жасанды су қоймалары немесе бөгендер. Гидротехникалық нысан - су ресурсын тікелей пайдалануға, сондай-ақ су апатына қарсы күресуге арналған құрылыс болып табылады. Гидротехникалық нысандарға сипаттама беріліп, зерттелу аумағының шегіндегі жасанды су қоймаларына талдау жасалынып, олардың қолдану аясы қарастырылды. Зерттелу аймағында гидротехникалық нысандар кең таралған, себебі су ресурстарына бай. Адамның кез-келген құрылыстық іс-әрекетінің нәтижесінде антропогендік процестер көрініс береді. Сондықтан гидротехникалық нысандардың табиғат құрамбөліктерінің бірі жер бедеріне әсер етуінен, табиғи жер бедерін құрушы процестердің бағыттылығы мен даму қарқындылығын және өзен аңғарының ландшафтысын өзгеріске әкеледі. Сондай-ақ зерттелу аймағымыз Қазақстанның эпшищатформалық орогенді белдемінде орналасқандықтан геодинамикалық процестердің көрініс беруі және жер бедерін құрудағы орнымен ерекшеленеді. Таулы аймақтарда қауіпті табиғи процестерден қорғану мақсатында салынған жасанды су қоймаларының экологиялық-геоморфологиялық жағдайы қазіргі таңда өзекті мәселе. Сондықтан жер бедері табиғи жүйенің басты элементі ретінде жер беті ағын суларының қалыптасуы мен ағыс режимін анықтайды.

Түйін сөздер: өзен, өзен аңғары, флювийлік геоморфологиялық жүйе, гидротехникалық нысандар, қауіпті геодинамикалық процестер, сел, экологиялық-геоморфологиялық жағдай, геоморфологиялық қауіп-қатер, геоморфологиялық тәуекел.

Аннотация

Д.М. Боранқұлова¹, М.А. Аманбаева², А.Ж. Әбдіқадыр³

¹к.ғ.н., старший преподаватель, dinaborankulova@mail.ru

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

²магистр преподаватель, ЮКГУ им. М. Әуезова, montiko1992@mail.ru

³магистрант, khanshaym_9293@mail.ru

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

г. Алматы, Казахстан

ГИДРОТЕХНИЧЕСКИЕ ОБЪЕКТЫ КАК ЛАНДШАФТОБРАЗУЮЩИЕ ФАКТОРЫ РЕЧНЫХ ДОЛИН

Среди гидротехнических сооружений инженерные объекты, такие как водохранилища и плотины занимают особое место. Гидротехнические объекты предназначены для прямого использования воды, а также для борьбы с водными стихиями. Описывая гидротехнические объекты, в статье был проанализирован исследуемый объем и сфера применения искусственных водоемов. В районе исследования сформировались различные типы гидротехнических рельефов. В результате этой деятельности человека можно увидеть последствия антропогенный процессов. Таким образом, из-за влияния одного гидротехнического природного строения на рельеф земли, происходит процесс, который влияет на направление и интенсивность, и подлежит изменениям ландшафта речных долин. Исследуемая местность расположена в орогенной зоне Казахской эпиплатформы, отличающаяся геодинамическими процессами. Поэтому, ландшафт является ключевым элементом в естественной системе поверхностных стоков, определяя режим формирования и потока воды.

Ключевые слова: река, речная долина, флювиальная геоморфологическая система, гидротехническое сооружение, опасные геодинамические процессы, сель, экологические и геоморфологические условия, геоморфологический риск, ландшафт речных долин.

Abstract

D.M. Borankulova¹, M.A. Amanbaeva², A.Zh. Abdikadyr³

Candidate of geographical sciences, seniorlecturer, dinaborankulova@mail.ru
Kazakh National Pedagogical University named after Abai, c. Almaty, Kazakhstan

²master, teacher, SKSU them. M. Auezova, montiko1992@mail.ru

³master student, khanshaym_9293@mail.ru

Kazakh National Pedagogical University named after Abai
c. Almaty, Kazakhstan

HYDROTECHNICAL OBJECTS AS LANDSCAPE-FACTORY FACTORS OF RIVER VALLEYS

Among the hydraulic structures, engineering facilities, such as reservoirs and dams, occupy a special place. Hydro technical objects are designed for direct use of water, as well as for fighting with water elements. Describing hydro technical objects, the article analyzed the volume studied and the scope of artificial water reservoirs. In the study area, various types of hydraulic reliefs were formed. As a result of this human activity one can see the consequences of anthropogenic processes. Thus, due to the influence of one hydro technical natural structure on the relief of the earth, a process takes place that affects the direction and intensity, and is subject to changes in the landscape of the river valleys. The investigated area is located in the organic zone of the Kazakhstan epiplatform, which is distinguished by geodynamic processes. Therefore, the landscape is a key element in the natural system of surface runoff, determining the mode of formation and flow of water.

Key words: River, river valley, fluvial geomorphological system, hydraulic engineering structure, dangerous geodynamic processes, agriculture, ecological and geomorphological conditions, geomorphological risk, landscape of river valleys.

Жер бетінің, оның бедер пішіндерінің және ландшафт ерекшеліктерінің өзгеруіне әсер ететін кен таралған маңызды факторлардың бірі - өзендер [1]. Өзендер және олардың ағындары адам өмірі мен шаруашылық қызметінде аса маңызды рөл атқарады. Адамның өмір сүруі және өзінің шаруашылығы үшін белгілі табиғи жағдайлар қажет. Бұл жағдайға географиялық тән ерекшелік жергілікті жер бедеріне байланыстылығы. Жер бедері табиғи жүйе элементі ретінде жер беті ағын суларының қалыптасуы мен ағыс режимін анықтайды және жер бедері су ресурстарының қалыптасуы мен олардың қоректенуінде маңызды табиғи фактор болып табылады. Сонымен қатар жер бетінде аймақтық ағындар жүйесін қалыптастырып, күрделі географиялық кешендермен өзара қарым-қатынас құрайды [2].

Алматы қаласымен оның маңындағы өзендер су ағысының жылдамдығы жоғары, арналары еңсіз және терең шатқалды болып келуі таулы аймақтың жоғары өрлеуімен байланысты. Бұл өзендер таулы мұздықтардан бастау алады, сонымен қатар су деңгейінің төмендеуіне немесе көтерілуіне жауын-шашын мен жер асты сулары әсер етеді.

Таулы аймақтардағы флювийлік геоморфологиялық жүйелердің қазіргі даму жағдайы сейсмикалық құбылыстармен, климаттық өзгерістер және антропогендік әрекеттермен ұштасады. Флювийлік геоморфологиялық жүйенің дамуына байланысты гидротехникалық нысандар (бөгендер, суландыру каналдары, су электр станцияларының салынуы) өзендердің эрозиялық-аккумуляциялық әрекетіне ықпал етеді және өзен аңғарының ландшафтысын өзгертеді. Өзен аңғарлар бойынан гидротехникалық нысандардың салынуы мен пайдалануы өзендердің эрозиялық-аккумуляциялық әрекеттер дамуының табиғи жағдайларының орнына жаңа жағдайлар қалыптастыруда [3].

Алматы қаласы мен қала маңы аумағымен бастауын мұздықтардан алатын Үлкен Алматы өзені ағады. Жер бедерінің көптеген жаңа пішіндерін жасайтын тау өзендерінің өте белсенді әрекеттерінің біріне сел тасқындары жатады. Сондықтан Үлкен Алматы өзені сел қаупі өте күшті өзендердің бірі болып табылады. Тау өзендеріндегі селдер жартылай тас аралас сазды-балшықты массадан тұрады және өте үлкен қиратқыш күшке ие. Сел құбылысы тау етегіндегі елді мекендерге айтарлықтай қауіп төндіретін табиғи апат. Сел тасқындары өзендердің режиміне, олардың аңғарлар құрылысына және морфологиясының өзгеруіне әсерін тигізеді. Сел қауіпіне қарсы осы өзен арнасы басып өтетін Үлкен Алматы көліне табиғи бөгет салынған. Іле Алатауының көрікті көлдерінің бірі - Үлкен Алматы көлі. Бір ғажабы көлөзінің түсін жыл мерзіміне қарай ашық жасыл түстен көгілдір ашық түске өзгертіп тұрады. Көлдегі табиғи бөгет қазір теңіз деңгейінен 2511 м биіктікте жатыр. Көл суының сапасы өте жақсы. Қазіргі уақытта бұл табиғи гидрологиялық нысан Алматы қаласын сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Алматы қаласы тұрғындарының демалыс аймағы саналатын және оның туристік маңызы зор аумақтағы Тұйықсу мұздығынан бастау алатын Кіші Алматы өзен аңғарында аумағы жиі өзгереді, кейде мүлдем тартылып қалады, сонынан қайтадан пайда болатын таулы көлдер бар. Олар тұщы су көзі және лайлы тасқындарының қалыптасу әрекетінде басты рөл атқарады. Алматы қаласы тұрғындарының демалыс аймағы саналатын және оның туристік маңызы зор Медеу шатқалында сел тасқынына тосқауыл мақсатында жасалған ғимарат - Медеу бөгеті (кесте 1). Жасанды су бөгеті гидротехникалық нысан ретінде атқаратын қызметі мен су ортасымен өзара әрекетіне байланысты маңыздылығы анықталады.

Кесте 1 - Алматы қаласы мен қала маңы аумағындағы сел бөгеу құрылыстары

Өзен аңғары	Гидротехникалық құрылыс типі	Биіктігі, м	Сел бөгетінің сыймдылығы, млн м ³
Есік	Үйінді тасты бөгет	13	1,5
Есік	Өтпелі темір бетонды бөгет	48	12,8
Кіші Алматы Мыңжылқы	Үйінді тасты бөгет	17	0,230
Кіші Алматы Сарысай	Тұтас темір бетонды бөгет	8	0,1
Кіші Алматы Медеу	Үйінді тасты бөгет	150	12,6
Кіші Алматы Лесничество	Екі өтпелі болатты бөгет	6	0,1
Үлкен Алматы	Темір бетонды бөгет	8	
Үлкен Алматы	Таспен толтырылған темір бетонды ұяшықты бөгет	40	14,5
Қарғалы	Тұтас темір бетонды бөгет	28,8	1,2
Ұзын Қарғалы	Үйінді тасты бөгет	34	1,46

Қала өмірі үшін Ақсай бөгені, Ащыбұлақ бөгені, Қапшағай бөгені, Мыңжылдық бөгені, Сайран бөгені сияқты жасанды айдындардың маңызы зор. Алматының батыс бөлігінде, Үлкен Алматы өзенінің аңғарындағы Сайран бөгені жағасында жаз айларында қала тұрғындары демалады. Сондықтан жасанды бөгендер, яғни гидротехникалық нысандар қала халқының демалыс орындарына айналып отыр [4].

Жер беті бедері мен қазіргі бедер құрушы үдерістің ролін, қазіргі морфогенезге шаруашылық әрекеттіліктің артуынан табиғи орта құрамбөліктерінің өзгеруінен, табиғи жер бедерін құрушы процестердің бағыттылығы мен даму қарқындылығы өзгеріске ұшырауы зерттелу аумағының экологиялық-геоморфологиялық жағдайын қалыптастырады. Таулы аймақтарда қауіпті табиғи процестерден қорғану мақсатында салынған жасанды су қоймаларының экологиялық-геоморфологиялық жағдайы қазіргі таңда өзекті мәселе.

Сел - тау мұздықтарының, қардың мөлшерден артық еруінен, нөсерлі жауын-шашыннан, жер сілкінуден, тау өзендерінің арнасынан асып-тасуынан пайда болатын табиғаттың жойқын құбылысы. Жер бедердің әр түрлі пішіндерін қалыптастыратын сел үдерісі өте зор механикалық жұмыс атқарады. Ол өзен аңғарларының жағалық беткейлерінде әр түрлі қуыстарды, жылжымаларды, опырылымдарды, өзен сағаларының ысырынды конустарынан қалған аңғарларды қалыптастырады. Өзен арнасы кенейіп тереңдей түседі, сатылы тәрізді алаңшалар, кертпештер, жаңа ысырынды конустар пайда болады. Сел тасқындарының сырт көрінісіне қарап табиғаттың қиратқыш күштерінің нәтижесін түгелімен көруге болады.

Қазіргі бедер құрушы үдерістерге мысал ретінде 1963 жылы Есік өзені аңғары бойымен бұзушы күші жағынан бұрын-соңды болмаған апатты сел жүрді (кесте 2). Бұл апатты селдің қалыптасуы мұздықты ұзақ уақыт қарқынды еруінен, мұздықты көл деңгейінің шұғыл көтеріліп тасуынан болды. Сонымен қатар қысқа уақыттық нөсерлі жауын-шашынның нәтижесінен шепті мореналық алдыңғы шеті көлге опырылып құлағаннан соң көлдің суы қас-қағым сәтте өз шарасынан шығып апатты селге айналды. Шепті моренаны қалыптастыратын жылжымалы масса өзен аңғарында жер бедердің жаңа пішіндерінің пайда болуына себепші болды.

Кесте 2 - Апатты Есік селі туралы мәліметтер

Мерзімі	Ауданы, өзен алабы	Генезисі	Шығыны, м /с		Көлемі, мың м ³
			Шығыны, м /с	Шығыны, м /с	
07.07.1963	Іле Алатау, Есік өзені	Гляциалды	12000		5800

Өзеннің төменгі ағысында орналасқан Есік көліне ағып жеткен лайлы-тасты толқындар бірнеше сағаттар бойы көлдің бөгетін соққылаған. Нәтижесінде бөгет бұзылып көлдің суы лықсып төмен қарай түгел аққан. Сөйтіп, Қазақстандағы ең әдемі тау көлдерінің бірі Есік жойылған. Оның орнына тек үлкен тұңқыр және оның шығыс жағында шағын су айдыны қалған. Бөгеттің бұзылған орнында шатқал пайда болған. Бөгеттің солтүстік беткейі, үнемі копарылып, селге қажетті материалдың көп мөлшерін шығарып отырған. Сел көлдің бөгетін бұзып өткен соң, бүкіл көл суының тас аралас массасы тау етегіне шығып

орасан зор қирату жұмыстарын жасаған. Өзен аңғарының морфологиялық элементтерінің бірі өзен террасасының көп бөлігін шайып жіберген. Оның қалдықтары құламалы жарлардың үстінде әлі күнге дейін сақталып қалған. Өзеннің төменгі террасалары түгелімен жойылып, арна бойындағы аллювийлік жұмы малтатасты шөгінділер селмен қоса түгелімен ағып кеткен. Аңғардың кей жерлері тереңдеп, арна түбі бірнеше есе кеңейген. Аңғар беткейлерінде көптеген жылжымалар мен опырылмалар қалыптасқан.

Селден кейін бір ерекше кездесетін құбылыс байқалды. Есік көлінің түбінде меандрлар түзіле бастады. Олар өзеннің жаңа қалыптасқан бөлігінде пайда болды, өйткені көлдің қазан ттұңқыры сел материалымен көміліп қалған болатын. Дәл осындай құбылыс тау етегінде жаңадан қалыптасқан ысырынды конустың бетінде де пайда болды. Кең ауқымды ысырынды конустың өзі де сел кезінде пайда болған. Сонымен, Есік селі ескі аңғарды бұзып, жаңа өзен аңғарын қалыптастырды, бұзылған көл бөгетінің орнында жаңа шатқал түзіліп, аңғарда көптеген жаңа бедер пішіндері пайда болдыжәне өзен аңғарлар ландшафтарының өзгеруіне әкелді [1,5].

Апатты құбылыс селдің қалыптасуы мұздықтардың қарқынды еруінен болады. Соңғы 10 жылда осы мұздықтардың әсерінен болатын сел тасқындары күшейіп келеді. Бұл ауа райының жылынуына да байланысты мұздықтардың тез еруінен, мореналық көлдердің ақтарылуынан орын алып отыр. Мұздардың еруі нәтижесінде 2015 жылдың 22-сі шілдесіне, 23-іне қараған түні, сағат үш шамасында Қарғалы өзенінің су деңгейі 5-6 метрге дейін көтеріліп, салдарынан өзен суы арнасынан шығып,Наурызбай ауданындағы бірнеше елді мекенді басып қалды. Тасқын салдарынан жолдар шайылып, көліктер лайлы суда қалып, тұрғын үйлерге зақым келген (сурет 1) [6].



Сурет 1 - Селден зардап шеккен Қарағайлы елді мекені (Алматы, 23 шілде 2015 жыл)

Сел тасқыны таулы аймақтағы өзендерінің аңғарларын қалыптастырудағы маңызды факторлардың бірі. Сел әрекетінің нәтижесінде өзен аңғарларының морфологиясы өзгеріп, аңғарлар бойында көптеген жаңа бедер пішіндері қалыптасады. Селге қарсы жүргізілетін іс-шаралар кешенінде маңызды және күрделі мәселелердің бірі - селді бақылау, басқару және болжау. Сел тасқынын басқару ұғымына осы бақылау мен мониторинг нәтижесі бойынша сел тасқынын болдырмау, оның алдын алу шарасын жасау, тасқын болған жағдайда атқарылатын шаралар, сел тасқынынан кейінгі қауіпті анықтау жатады. Егер сел тасқыны болады деген қауіп болса, онда алдын-ала қай аумаққа таралатыны, қаншалықты күшті не әлсіз болуы, маңдағы нысандарға қандай қауіп төндіретіні ерте есептеледі. Бұл да басқаруға жатады. Қазіргі таңда сел тасқынын болжауға деген талпыныс бар. Оны болжау тіпті мүмкін емес, бірақ сел сияқты табиғаттың қауіпті құбылысын болжау, оның күрделілігіне қарамастан шешімін табатын мәселе.

Зерттелу аймағы сейсмикалығы жоғары және күшті лайлы тасқындарқауіпі бар аумақта орналасқан. Сейсмикалық тұрғыдан алғанда жер сілкіну қауіпі бар аймақтарда, әсіресе таулы аймақтарда жер сілкіну зардаптарын азайту барысында жан-жақты жұмыстар жүргізілуі, яғни жоғары сапалы берік құрылыстарды салу, бұрынғы салынған құрылыстардың төзімділігін күшейту және тағы басқа шаралар қолданылуы қажет. Қауіпті табиғи үрдістерді далалық зерттеу үшін Іле Алатауының ландшафтық-геоморфологиялық зоналарында Үлкен Алматы көлінің, Жосалы Кезең асуы мен Тұйық су мұздығының стационарлары бар. Стационарларды бақылау көлдер, жылжыма, көшкін, селдерді анықтау үшін Іле Алатауындағы тау бассейндеріне экспедициялық жорықтар жасау мен толықтырылуда.

Сонымен қатар, қауіпті геоморфологиялық үдерістер мен жер бедерін талдауда **геоморфологиялық тәуекел (ГТ)** және **геоморфологиялық қауіп-қатер (ГКК)** ұғымдары маңызды болып табылады. Қауіп-қатер - нысан немесе үдеріске жағымсыз әрекет ету мүмкіншілігі, яғни нәтижесінде жағдайын төмендететін, қажетсіз динамиканың дамуына себепші болады. Геоморфологиялық қауіп - кез келген табиғи геоморфологиялық нысанға мүмкіншілік, апатты қауіп, зілзаланың әрекеті. Мысалы, опырылым-

дар көрініс беретін үлескілерде инженерлік нысандарды қолдануда және адам өміріне қауіпті болып табылады. Егер адамзат баласы қандай да бір себептермен опырылымдар дамыған аумақтарда өмір сүріп және әр түрлі мақсаттағы құрылыстарды салса, онда олар қауіп-қатерге немесе тәуекелге барады. Демек, геоморфологиялық тәуекел - белгілі бір геологиялық-геоморфологиялық жағдайлармен байланысты қауіпті табиғи үдерістер мен кез-келген шаруашылық нысандар мен халыққа тигізілетін залалдар [6].

Зерттелу аумағына апатты геодинамикалық процестер көрініс беретін аумақта орналасқандықтан өзендік гидротехникалық нысандарды халық шаруашылығы үшін пайдалану барысында қорғау шараларының нәтижелігі жоспарлануы қажет. Сонымен қатар, елді мекендер мен шаруашылық әрекет нысандарын қорғау деңгейі ең алдымен апатты геодинамикалық құбылысының сипатын, жасанды су бөгенінің сиымдылығы есепке алынуы тиіс [7].

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

Жандаев М.Ж. Өзен аңғарының геоморфологиясы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 141 б.

Кружалин В.И. Экологическая геоморфология суши. - М.: Научный мир, 2001. - 176 с.

Веселова Л.К. Современный этап в развитии речных долин горных территорий// «Геоэкологические и геоинформационные аспекты в исследовании природных условий и ресурсов науками о Земле» материалы международной научно-практической конференции «VII Жандаевские чтения» - Алматы, 2011. - С. 11-15.

Медеу А.Р. Селевые явления Юго-Восточного Казахстана: Основы управления. - Алматы, 2011. Т. 21. - 284 с.

Құсайынов С.А. Жалпы геоморфология. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 292 бет.

Боранқұлова Д.М., Бейкитова А.Н. Жер бедерін жүйелі талдау. - Алматы: «Эверо», 2015. - 252 б.

Боранқұлова Д.М., Әбдіқадыр Ә. Жасанды су бөгені - табиғи-техногендік жүйе // «Жаратылыстану ғылымдары білімін жаңартылған мазмұны жағдайында модернизациялау» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (2-3, наурыз, 2017 ж.). - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017. - 549-551 бб.

УДК 323.15(574)

П.Н. Исабаева¹, Г.Е. Бердыгулова²

¹магистрант, *perizat_isabaeva@mail.ru*

²к.ғ.н., доцент

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСТАНСКОГО НАРОДА КАК ГРАЖДАНСКОЙ И ЭТНОПОЛИТИЧЕСКОЙ ОБЩНОСТИ

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные вопросы формирования казахстанского народа как гражданской и этнополитической общности, которые в социологической науке еще не изучены. Анализируются факторы, воздействующие на консолидацию многонационального казахстанского народа. Значительное внимание уделено и дискуссионным вопросам. Рассмотрены результаты изучения истории межэтнических, межконфессиональных отношений в Казахстане, исследование истории, культуры и традиций отдельных этносов современного Казахстана. Естественные процессы освоения пространства, смены одних политических субъектов другими, что приводило к локализации одних и миграции других этнических групп.

Использование инструментов политики и государства для конструирования этнически неоднородной среды. Управление и контроль над процессами этнического развития. В статье определены этапы формирования полиэтничного и поликонфессионального казахстанского общества; изучены экономические, политические, социальные особенности функционирования полиэтничного общества; исследованы ифинципы и факторы этнической, религиозной, культурной идентичности в Казахстане.

Ключевые слова: этнос, этническая группа, этническая идентичность, гражданская идентичность, национальное самосознание, миграция, национальная культура.

Аңдатпа

*П.Н. Исабаева¹, Г.Е. Бердыгулова²
магистрант, perizat_isabaeva@mail.ru
г.г.к., доцент*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОСАЯСИ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақалада Әлеуметтік ғылым әлі зерттелген жоқ азаматтық және этно-саяси қауымдастық ретінде қазақ халқының қалыптасу өзекті мәселелерімен бап мәмілелер қарастырылған. Біз Қазақстан көп ұлтты халқының шоғырландыру әсер ететін факторларды талқыланды. Әсіресе даулы мәселелеге көңіл аударылады. Қазақстан, тарих, мәдениет және қазіргі Қазақстанның жекелеген этникалық топтардың дәстүрлерін зерттеуге этносаралық, конфессияаралық қарым-қатынастардың тарихы зерттеу нәтижелері қарастырылды. Басқа этностық топтардың кейбір окшаулау және көші-қон әкелді дамыту кеңістігін, кейбір басқа да саяси пәндер ауыстыру, табиғи процестер.

Этникалық біртекті ортада құрылысы үшін саясат пен мемлекеттің құралдарын пайдалану. Этникалық дамуы баптың процестерін басқару және бақылау көпэтносты және көпконфессиялы; Қазақстан қоғамды қалыптастырудың қадамдарды ашықтайды; көпэтносты қоғамның істеуінің экономикалық, саяси және әлеуметтік аспектілері зерттелді; Қазақстанда, этникалық, діни және мәдени бірегейлік принциптері мен факторлары зерттелді.

Түйін сөздер: ұлты, этникалық топ, этникалық жеке басын куәландыратын, азаматтық сәйкестілік, ұлттық сана, көші-қон, ұлттық мәдениет.

Abstract

*P.N. Isabaeva¹, G.E. Berdygulova²
¹master student, perizat_isabaeva@mail.ru
²candidate of geographical sciences, associate professor
Kazakh National Pedagogical University named after Abai
с. Almaty, Kazakhstan*

FORMATION OF THE KAZAKH PEOPLE AS CIVIC AND ETHNO-POLITICAL COMMUNITY

The article deals with topical issues of formation of the Kazakh people as civic and ethno-political community, which social science has not yet been studied. We analyze the factors affecting the consolidation of the multinational people of Kazakhstan. Considerable attention is paid to the controversial issues. The results of the study of the history of inter-ethnic, inter-confessional relations in Kazakhstan, the study of history, culture and traditions of individual ethnic groups of modern Kazakhstan. Natural processes of development space, replacement of some other political subjects, which led to some localization and migration of other ethnic groups.

Using the tools of politics and the state for the construction of an ethnically inhomogeneous medium. Management and control of the processes of ethnic development. The article defines the steps of forming a multi-ethnic and multi-confessional Kazakhstan society; studied economic, political and social aspects of the functioning of a multi-ethnic society; We studied the principles and factors of ethnic, religious and cultural identity in Kazakhstan.

Key words: ethnicity, ethnic group, ethnic identity, civil identity, national identity, migration, national culture.

Казахстан провозгласил суверенитет 25 октября 1990 г. и 16 октября 1991 г. объявил о своей независимости. Суверенитет и независимость Республики Казахстан - это политическое и качественное состояние народа, его полномочия в решении своей судьбы, право распоряжаться своими природными ресурсами. Не меньшее значение имеет также право на уважение культуры, языка, традиций, обычаев народов, проживающих на территории Казахстана.

Конституция Республики Казахстан гласит: все национальности равны и единственным источником государственной власти является казахстанский народ [3. С. 6-7, 9]. Формирование казахстанского народа - это тенденция национального и общенационального прогресса.

С.Т. Сейдуманов отмечает: «На исторической земле казахов накоплен богатый и уникальный опыт мирного сосуществования народов, культур и различных вероисповеданий в одном государстве, опираясь на который мы вместе выстроили наш общий дом - независимый и процветающий Казахстан» [6. С. 45]. Важнейшей задачей сегодняшней жизни Казахстана является объединение народов в целях обновления, реформирования, модернизации общества для совместной деятельности во имя развития Казахстана как суверенного, правового, социального, демократического государства. Национальная политика на современном этапе должна быть научно обоснована, а для этого необходимо основательно и всесторонне анализировать процессы интеграции как в нашей стране, так и в мире.

Эффективность исследования процесса формирования многонационального казахстанского народа во многом зависит от понимания его сущности. Казахстанский народ формируется в ходе исторического развития сложных национальных и миграционных процессов. При формировании этой общности

наблюдается постепенное политическое, социально-экономическое и культурное объединение народов и вырастает осознание ими своего единства. При этом этнополитическая структура казахстанского народа - это совокупность социально-этнических общностей в системе унитарного государства.

Народ Казахстана (казахстанский народ) - один из базовых терминов, необходимых для описания этнонациональной структуры Республики. Это не историческая общность людей, а динамично развивающаяся гражданская и этнополитическая общность народов. Народ Казахстана надо рассматривать как гражданскую и этнополитическую общность, развивающуюся на основе достижений научно обоснованной национальной политики и развития национальных отношений. Несмотря на трагичную историю этнополитической общности казахстанцев, она выступает важнейшей социально-исторической и духовно-нравственной формой консолидации народов республики, обеспечивая преемственность и самобытность их жизнедеятельности [1. С. 102].

В этнополитической общности народов Казахстана гармонически сочетаются, с одной стороны, общеказахстанские, по своей природе интернациональные и общечеловеческие черты, а с другой - национальные особенности народов. В отличие от социально-этнической общности казахстанский народ объединяет людей не по нациообразующим признакам, а на основе гражданской и этнополитической общности народов, их коренных интересов и целей, исторических судеб. Казахстанский народ и в структурном отношении отличается от социально-этнической общности людей. Объединяя классы и социальные группы, нации и народности, национальные и этнические группы, казахстанский народ выступает как этнополитическая и гражданская общность людей, которая представляет собой сплоченное общество.

Интернационализация национальной жизни и формирование казахстанского народа как гражданской и этнополитической общности народов тесно связаны между собой. Эта связь проявляется двояко. С одной стороны, становление этнополитической общности народов Казахстана ускоряет интернационализацию, а с другой - развитие интернационализации порождает новые явления, процессы, а значит, и новые задачи, разрешение которых является движущей силой укрепления этнополитической общности народов Казахстана. Эти общественные явления могли сложиться только на основе отношений дружбы, сотрудничества между народами, которые, в свою очередь, крепили и всесторонне развивались в прямой зависимости от углубления интернационализации и формирования гражданской, этнополитической общности народов Казахстана.

Государственная политика, осуществляемая в Казахстане, является значительным фактором укрепления этнополитической общности людей и важнейшим условием углубления интернационализации их жизни. Правильная национальная политика в правовом государстве является важнейшим регулятором как процесса интернационализации национальной жизни, так и формирования этнополитической общности народов.

Казахстанский народ - этнополитическая общность народов нового типа, основанная на принципах подлинного патриотизма, дружбы народов, в которых находит диалектическое сочетание общее и особенное. В состав казахстанского народа входит все население республики.

Изучение казахстанского народа как гражданской и этнополитической общности предполагает уточнение некоторых исходных терминов, сопоставление и размежевание понятий «казахстанский народ» и «казахстанское общество». В содержании этих понятий имеется много общего. Однако встречающееся в научной литературе употребление этих понятий в одном и том же смысле как однопорядковых или даже их отождествление кажется не совсем верным. Круг явлений, обозначаемых понятиями «казахстанский народ» и «казахстанское общество», различен по времени, масштабам и объему. Понятие «казахстанское общество» возникло после объединения Казахстана с Россией (особенно в XX в.) и в какой-то мере отвлечено от межнациональных отношений, тогда как «казахстанский народ» начал формироваться в ходе обновления общества и осуществления национальной политики суверенного, независимого казахстанского государства.

Понятия «казахстанское общество» и «казахстанский народ» нельзя отождествлять, но не следует и отрывать их друг от друга. Понятие «казахстанский народ» указывает на то, что речь идет о качественно новом общественном явлении. Вместе с тем по своей природе казахстанский народ как этнополитическая общность народов - не историческая и не особая национальная, а гражданско-интернациональная общность людей, отражающая более высокий уровень интеграции этнических групп. Интересы и цели каждой из них сочетаются с общими интересами всего народа Казахстана.

Характеризуя процесс формирования казахстанского народа не следует допускать упрощения. В научной литературе, в публицистических статьях есть утверждения отдельных авторов о том, что в

процессе формирования казахстанского народа происходит и слияние национальностей, формирование единой нации. Например, Ж.Наурызбаев и В.Примин пишут: «Перед учеными страны стоит научная проблема исключительной важности - найти оптимальные пути формирования единой казахстанской нации» [5. С. 44]. Научный анализ выявляет неправомерность этого утверждения. В данном высказывании не учитывается, что казахстанский народ - это этнополитическая, гражданская общность и что каждая национальность сохраняет в его рамках свои национальные черты и особенности. Слияние наций, стирание различий между этническими группами или формирование единой казахстанской нации означает процесс ликвидации всех национальных различий, а значит, и самих национальностей. На деле формирование и консолидация многонационального казахстанского народа не означают нивелирования наций, игнорирования национальных особенностей, языков, культур, не упраздняют существующие нации и не возводят какую-то наднациональную надстройку, а напротив, создают образец этнического объединения при сохранении самобытности, языка и культуры народов.

Таким образом, понятия «казахстанский народ» и «единая казахстанская нация» нельзя отождествлять. На современном этапе самыми характерными признаками формирования казахстанского народа и развития национальных отношений призваны быть интеграция, интернационализация и сближение наций.

Каждая этническая группа республики является составной частью этнополитической общности - казахстанского народа. В этой общности каждый народ - равный среди равных, в то же время он вносит свой вклад в развитие народа Казахстана, и, наоборот, прогресс казахстанского народа ускоряет развитие каждого из народов республики. Поэтому все ценное, всеобщее, что выражает общечеловеческую сущность казахстанского народа, существует и «материализуется» в этносах в результате их беспрестанно реализуемой и творчески преобразующей жизненной энергии и созидательных действий.

Сплоченность и объединение казахстанского народа как гражданской и этнополитической формы общественного бытия во многом определяются масштабами, характером, темпами процесса интеграции национальной жизни народов Казахстана, усилением и углублением роли общенациональных факторов в их национальном развитии [1. С. 103-104].

В консолидации казахстанского народа практически отражено качественное состояние сознания, детерминированное объективным процессом развития и взаимообогащения национальностей, необходимостью объединения усилий многонационального населения в борьбе за утверждение и совершенствование демократического справедливого общества. Социальная ценность этой консолидации состоит прежде всего в практической целесообразности.

В процессе консолидации казахстанского народа возникли и наполнились содержанием новые понятия - «казахстанец», «казахстанский патриотизм», «русский язык - язык межнационального общения народов Казахстана», «казахстанская наука», «казахстанская техника», «казахстанская армия», «казахстанский закон», «казахстанское право» и многие другие, которые обогащаются новыми чертами.

Современный этап процесса интернационализации национальной жизни народов Казахстана характеризуется развивающейся гражданской и этнополитической общностью людей, ростом их сотрудничества, осознанием ими единства и целей нашего общества. Сегодня процесс формирования этнополитической общности казахстанцев нельзя сдерживать или искусственно форсировать. Отчетливое знание перспектив развития этнополитической общности народов Казахстана особенно важно для обновления, модернизации общества.

В заключение можно сделать вывод, что формирование, консолидация казахстанского народа как гражданской и этнополитической общности является важнейшим результатом научного решения национального вопроса и фактором культуры межнационального общения, показателем зрелости общества. Поэтому любые попытки ущемления по национальному или родоплеменному, религиозному или расовому признаку должны рассматриваться как антинародные, противоречащие принципам казахстанской государственности в XXI в.

Список использованной литературы:

1. Абсаттаров Р.Б. О политической консолидации народов Казахстана //Простор. - 2003. - № 6.
2. Аналитический отчет переписи населения Республики Казахстан 1999 года. - Алматы: АРКПС, 2005.
3. Конституция Республики Казахстан. - Алматы: Жеті жары, 2002.
4. Назарбаев Н.А. Дружба и доверие - наше главное богатство //Мысль. - 2002. - № 12.
5. Наурызбаев Ж., Примин В. Путь к межнациональной гармонии //Мысль. - 1994. - № 4.
6. Сейдуманов С.Д. Казахстанская модель межэтнического согласия на примере г. Алматы // Казахстанская модель межэтнического согласия: состояние и перспективы. Сб. мат. науч.-практ. конф. - Алматы: КИСИ, 2007.
7. Уженов Б. Шли по стране с умом и молотком //Казахстанская правда. - 2008. - 5 апреля.

ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 54.01(091)
МРНТИ 31.17

Н.К. Ахметов

д.п.н., профессор

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

НЕКОТОРЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ ПО ТАБЛИЦЕ МЕНДЕЛЕЕВА

Аннотация

В статье рассматривается новый подход в формировании периодов Периодической таблицы Менделеева. С помощью вновь предложенной формулы и впервые предлагаемых квантовых состояний внешних электронных оболочек атомов химических элементов, предлагается переформирование периодов таблицы Менделеева. Предполагается сокращение числа периодов в таблице, что подтверждается приведенным в статье материалом. Предлагается следующий порядок формирования электронных слоев: главное квантовое число (n) затем квантовое состояние электронов (first и second) составляющих электронные конфигурации подпериодов в периодах и только затем остальные квантовые орбитали (s , d , f и p).

Ключевые слова: периодическая таблица Менделеева, химические элементы, электроны, электронное строение, электронная оболочка атома, главное квантовое число (n), квантовое состояние электронов, электронная конфигурация, квантовые орбитали (s , d , f и p).

Аңдатпа

Н.К. Ахметов

п.ғ.д., профессор

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

МЕНДЕЛЕЕВТІҢ ПЕРИОДТЫҚ КЕСТЕСІ БОЙЫНША КЕЙБІР ҰСЫНЫСТАР

Мақалада Менделеевтің периодтық кестесіндегі периодтық қалыптастыру кезеңіне жанаша көзқарас туралы айтылған. Алғаш рет ұсынылып отырған химиялық элементтердің сыртқы электрон қабатының кванттық күйі мен жаңадан ұсынылған формула көмегімен Менделеевтің периодтық кестесін қайта құрастыру ұсынылған. Мақаладағы келтірілген материалдар негізінде кестедегі период сандарын қысқарту қарастырылады. Электрондық қабаттарды қалыптастыру үшін келесі тәртіп реті ұсынылады: периодтардағы электрондық конфигурациялардың бас квант саны (n), одан кейін электрондардың кванттық күйі (first и second), тек содан кейін ғана қалған кванттық орбиталдар (s , d , f және p).

Түйін сөздер: Менделеевтің периодтық кестесі, химиялық элементтер, электрондар, электрондық құрылысы, атомның электрондық қабаты, бас квант саны (n), электрондардың кванттық күйі, электрондық конфигурация, кванттық орбитальдар (s , d , f және p).

Abstract

N.K. Akhmetov

doctor of pedagogical sciences, professor

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai
с. Almaty, Kazakhstan*

SOME PROPOSALS ON THE MENDELEEV TABLE

The article considers a new approach to the formation of the periods of the Periodic Table of Mendeleev. With the help of the newly proposed formula and for the first time proposed quantum states of the outer electronic shells of atoms of chemical elements, the reorganization of the periods of the periodic table is suggested. It is supposed to reduce the number of periods in the table, which is confirmed by the material given in the article. The following order of formation of electronic layers is suggested: the main quantum number (n) is then the quantum state of electrons (first and second) of the constituent electronic configurations of the subperiods in periods and only then the remaining quantum orbitals (s , d , f and p).

Keywords: Mendeleev periodic table, chemical elements, electrons, electronic structure, electron shell of an atom, main quantum number (n), quantum state of electrons, electronic configuration, quantum orbitals (s , d , f and p).

Вот уже почти 150 лет химии всего мира пользуются открытым Д.И. Менделеевым Периодическим законом и его графическим изображением таблицей Менделеева. После существенного дополнения,

сделанного чуть более ста лет назад, что периодичность в различии химических свойств элементов зависит не от массы, а от заряда их атомных ядер, периодическая таблица используется, нами практически без существенных изменений по форме и содержанию. Этим еще раз подчеркивается ее великое значение для химической науки, тем более, что она является одним из немногих законов науки не имеющих полноценного математического описания. С помощью периодической таблицы наглядно показывается связь электронного строения атомов химических элементов с местом расположения этих элементов в таблице. Объясняются особенности химических свойств в зависимости от строения электронных оболочек атомов. Доказывается первичная структура этих электронных оболочек.

В то же время приняты нами для практического использования Таблица Менделеева (см. рис. I) имеет и свои отдельные противоречия, которые не дают полностью реализовать ее потенциал. Так, существенным противоречием является несоответствие между последовательностью заполнения отдельных рядов орбиталей различных химических элементов, относящихся к разным n (главным квантовым числам или энергетическим уровням). Это наглядно видно, если по общеизвестной формуле

$$N = 2n^2 \quad (I)$$

подсчитать общее число электронов N относящихся к соответствующему главному квантовому числу n . Одновременно, как известно главное квантовое число обозначает и номер соответствующего периода в таблице Менделеева. Расчитанные количества электронов для различных значений n приведены в таблице I, где рядом приведены данные сопоставления n и количества химических элементов в периодах таблицы Менделеева.

n	N	n	Число элементов в соответствующем периоде
1	2	1	2
2	8	2	8
3	18	3	8
4	32	4	18
5	50	5	18
6	72	6	32
7	98	7	32

Таблица 1 - Сопоставление числа химических элементов в периодах с количеством электронов рассчитанных по формуле (I)

Из таблицы I видно, что общее число элементов в большинстве периодов не соответствует рассчитанному числу электронов для этого же периода. Количество электронов становится больше заряда атомного ядра элемента, а этого не может быть в принципе из за электронейтральности атома элемента. Такое положение дел позволяет сделать вывод, что для больших значений главного квантового числа и порядкового номера периода формула (I) как минимум не работает.

Противоречие возникает и при рассмотрении вопроса последовательности заполнения электронами своих электронных орбиталей. Так 3d электроны третьего главного квантового числа начинают заполнять свои орбитали только после 4s электронов четвертого периода. Хотя по логике они относятся к другому энергетическому уровню и их заполнение должно было бы происходить раньше.

3. Сухова Т.С. Урок биологии. Технология развивающего обучения. "Библиотека учителя". - М.: Вентана-Граф, 2001.
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования". М., 2004.
5. Попова С. А. Особенности организации исследовательской деятельности школьников// Труды Научно-методического семинара «Наука в школе» -М.: НТА «АПФН», 2003.
6. Бухтиярова И.Н. Метод проектов и индивидуальные программы в продуктивном обучении. // Школьные технологии. - 2001.
7. Способы горячего брикетирования органических твердых материалов, в особенности, бурого угля после его сушки горячей водой или паром /Janusch Alois; Voest-Alpine, 2004.

ӘОЖ: 611.311.018:546.48:616.311.2-08:615.246.2

З.Б. Тұңғышбаева¹, Б.Ж. Жанатбекова², Г. Толегенова³

¹б.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

²Қазақстан-Ресей медициналық университеті

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫННЫҢ ЖАНУАРЛАР АТАЛЫҚ ЖЫНЫС БЕЗІНДЕ ТУЫНДАТАТЫН ӨЗГЕРІСТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі кезде жастар арасында кең түрде қолданылатын энергетикалық сусынның аталық жыныс безінің ұйымдасу құрылымында туындататын өзгерістері туралы мәліметтер берілген. Мәліметтер эксперимент жүргізу нәтижесінде алынды. Эксперимент кезінде жануарларға энергетикалық сусын - "Dizzy" екі ай барысында тұрақты түрде судың орнына берілді. Екі ай өткеннен кейін дайындалған гистологиялық препараттарды зерттеу барысында, сусынның аталық жыныс безінің ұйымдасу құрылымына зиянды әсер көрсетіп, дистрофиялық, атрофиялық, некроздық өзгерістер туындағаны анықталды. Ондай өзгерістерге жыныс бездерінің ісінуі, пішінінің өзгеріске ұшырауы, клеткадағы эпителиоциттердің жұқаруы, кейбіреулерінде ядролардың некрозға ұшырағаны және сперматозоидтардың құйрықсыз қалыптасқаны жатады. Аталық жыныс безінде жүрген мұндай өзгерістер болашағымызға зиян келтіріп, ұрпақсыз қалу қауіпін тудыруы мүмкін.

Түйін сөздер: энергетикалық сусын, аталық жыныс безі, эпителиоцит, сертолит, сперматоцит, сперматозоид, ұйымдасу құрылысы.

Аннотация

З.Б. Тунгушбаева¹, Б.Ж. Жанатбекова¹, Г. Толегенова

КазНПУ имени Абая

Казахстанско-Российский медицинский университет

ВЛИЯНИЕ ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ НАПИТКОВ В СТРУКТУРНУЮ ОРГАНИЗАЦИЮ МУЖСКИХ ПОЛОВЫХ ЖЕЛЕЗ У ЖИВОТНЫХ

В данной статье рассмотрена влияние энергетических напитков в структурную организацию мужских половых желез у животных. В настоящее время молодежь, особенно студенты ВУЗов очень часто употребляют таких

напитков как «Dizzy», «Редбул», «Монстер» и т.д. Эксперимент проведено в течение 2 месяца на крысах линии Вистар. Результаты экспериментального исследования показало, что при длительном воздействии энергетических напитков «Dizzy» в структурной организации половых желез у животных наблюдается дистрофия, увеличение объема и деформация, истончение эпителиоцитов клеток и у некоторых клеток наблюдается некроз ядер. А также в канальцах половых желез животных, наблюдался увеличение объема сперматитов и формирование некоторых сперматозоидов без хвоста. Формирование таких сперматозоидов вызывает опасение, так как они не способны выполнять свои функции, а это возможно в будущем приведет к отсутствию преемственности потомства.

Ключевые слова: энергетический напиток, мужские половые железы, эпителиоцит, сертолит, сперматоцит, сперматозоид, структурная организация.

Abstract

Z.B. Tyngishbayeva¹, B.Z. Zhanatbekova¹, G. Tolegenova³

KazNPU Abai

³Kazakh-Russian Medical University

**THE INFLUENCE ENERGY DRINKS IN THE
STRUCTURAL ORGANIZATION OF THE MALE GONADS ANIMALS**

This article describes the effect of energy drinks in the structural organization of the male sex glands in animals. The experiment was carried out makes it possible for the use of beverages such as "Dizzy" very often young people, especially university students. The experiment was carried out on Wistar rats. The results of experimental studies showed that the prolonged effects of energy drinks "Dizzy" in the structural organization of the sex glands of animals observed dystrophy, an increase of volume and distortion, thinning of the epithelial cells and some cells gonads observed necrosis of the nuclei. And also in the tubules of the gonads of animals observed spermatitov increase the volume and the formation of some sperm without a tail. Formiraovanie of sperm causes fear the future, because you can expect a future without offspring.

Key words: energy drinks, male gonads, epithelial cells, spermatocytes, sperm, structural organization.

Соңғы жылдары еліміздің нарығына шөлінді әп сәтте басып, сергітетін түрлі энергетикалық сусындардың сатылып жатқаны аса маңызды мәселе болып отыр. Қазіргі таңда Қазақстан нарығында «Дизи», «Редбул», «Монстер» секілді энергетикалық сусындар ашықтан-ашық сатылады. Жастар да, мектеп оқушылары да осы бір «сиқырлы сусынға» құмар-ақ. Көбіне ештеден бейхабар жасөспірімдер, жастар, тіпті ата-аналардың өздері баласының денсаулығына аса қатерлі улы сусын сатып әперіп жатқанын білмейді. Қай сауда орнына барсаңыз да сусындардың түр түрін көресіз. Энергетикалық сусындардың зияны жайлы естісек те, олардың нақты қандай зияны бар екенін біле бермейміз. Қалай десек те, энергетикалық сусындардың зияны шашетектен. Медицина ғылымдарының докторы, профессор Сәуле Диканбаеваның мәлімдеуінше, энергетикалық сусындар адам ағзасына өте қауіпті. Себебі, оны күнделікті пайдаланған адамдардың жүйке жүйесі қызметіне нұқсан келетіні және мектеп жасындағы балаларды тексеру барысында, олардың бауыры 35 жастағы маскүнемнің бауырымен бірдей болғаны анықталған. Бұл улағыш сұйықтықты балалар көп ішсе, жастайынан түрлі ауруларға шалдыққыш болады. Жүрек дертіне, жүйке жүйесі, асқазан, бауыр, тіпті, қатерлі ісікке ұласады. Сондықтан мұндай сусындарды аяғы ауыр келіншектерге, балаларға, жасөспірімдерге, жүрек-қан тамырлары ауруларымен ауыратын адамдарға мүлдем пайдалануға болмайды. Тіпті, оны жастардың өзі көп ішсе, оның арты белсіздік пен бедеулікке әкеп соқтыруы мүмкін. Энергетикалық сусындар Франция, Дания және Норвегияда ресми түрде рұқсат етілмеген және дәрі ретінде тек дәріханаларда сатылады. Ал Австралия мен Жаңа Зеландия мемлекеттерінде энергетикалық сусындарды ішуге де, өз нарығында сатуға да тыйым салынған [1, б. 27].

Энергетикалық сусындар - адамзаттың бертінде ойлап тапқан өнертабысы. Алайда олардың құрамындағы заттар жүйке жүйесін ынталандыру үшін бұрыннан пайдаланылып келеді. Энергетикалық сусындар емтиханға дайындалып жүрген студенттерге, жұмысын уақытында тапсырып үлгермей жүрген қызметкерлерге, спорттық рекордтарға ұмтылған спортшыларға, шаршаған жүргізушілер мен түнгі клуб қыдырмаларына нағыз құтқарушы болды. Сусынның бір құлысынан бар шаршағаныңыз кетіп, ұйқы қысу басылып, жаңа әрекеттерге дайын боласыз. Энергетикалық сусындардың зияны жайлы естісек те, олардың нақты қандай зияны бар екенін біле бермейміз. Ал дүкендерде бұл ғажайып сусынның еркін таралуы мен қолжетімділігі денсаулыққа алаңдамауға болатындай әсер береді.

Энергетикалық сусындардың құрамындағы қоспаларды қарастырып көрейік:

Таурин - өт құрамында кездесетін негізгі компоненттердің бірі. Таурин жүрек бұлшық етінің қызметін жақсартады деп есептеледі. Бірақ та алкогольмен және кейбір басқа компоненттермен қатынаста жүйке қозғыштығын тудырады.

Карнитин - В тобындағы дәрумендерге туыстас табиғи заттек. Карнитин зат алмасуды жылдамдатып, бұлшық ет шаршағыштығын бәсеңдетеді. Медицинада метаболитикалық процестерді түзететін дәрілік зат

ретінде қолданылады. Май алмасуды белсендіреді, регенерацияны ынталандырып, тәбетті жоғарылатады. Шамадан тыс мөлшердегі карнитин ағзада түрлі аллергиялық реакциялар мен диспепсия тудырады.

Гуарана мен женьшень - әлдендіретін қасиеттері бар дәрілік өсімдіктер. Оны шамадан тыс пайдаланған жағдайда ағзада жүрек айну, аритмия, тітіркенгіштік, ұйқысыздық дамиды.

В тобындағы дәрумендер (фоли қышқылы, пиродоксин, пантотен қышқылы) - мөлшерінің артуы ағза өнімділігін, ақыл-ой қабілетін төмендетеді. Бұл топтағы дәрумендерді шамадан тыс қолданса дерматит сияқты түрлі аллергиялық аурулар тудырады.

Рибофлавин - ағзадағы мөлшері шамадан тыс артып кетсе, онда бүйректің жұмысының бұзылуы, көрудің бұзылуы және түрлі аллергиялық реакциялар туындатуы мүмкін.

Аскорбин қышқылы - аскорбин қышқылын қалыпты мөлшерден артық пайдаланған жағдайда асқазанның шырышты қабатының тітіркенуі (диарея, жүрек айну, құсу), тістің эмалінің бұзылуы байқалады.

Мелатонин - оны шамадан тыс қабылдаған жағдайда ағзада бас ауруы, жүрек айну, құсу, диарея, ұйқышылдық байқалады.

Никотин қышқылы - Жасушалардағы тотығу реакцияларына қатысады [2]. Сондықтан жасушадағы белоктардың, ферменттердің түзілісі бұзылғандықтан, патологияға алып келеді.

Энергетикалық сусындар көңіл-күйді көтеріп, ой әрекетін жақсартады. Әркім өз қажеттіліктеріне орай энергетикалық сусын таба алады. Энергетикалық сусындардың кейбірі кофеинге негізделсе, екіншісі - дәрумендер мен көмірсулардан құралған. Кофеинге негізделген сусындар түнде жұмыс істеп, сабақ оқитын студенттер мен қызметкерлерге арналған, ал дәруменді-көмірсулы сусындарды бос уақытын спортзалда өткізгісі келетін белсенді адамдарға пайдалануға болады.

Қазақ тағамтану академиясының қызметкерлерінің айтуы бойынша, бұл сусын адамды алкоголь мен есірткі секілді өзіне тәуелді етеді. Тіпті, бұл ғылыми түрде дәлелденген. Оның құрамында кофеин, эфедрин, адреналин мен никотин қышқылы, басқа да синтетикалық қоспалар асқазанда жара пайда болуына, жүрек-қантамырларының тарылып, жүйкенің жансыздануына, бүйрек жұмысының бұзылып, мидың әлсіреуіне әкеп соғады екен [2, 3, б. 47].

Ағзадағы өмір бойына жететін энергия мен күш-қуатты тез арада сыртқа айдап шығаруға бағытталған сусын адамның күш-қуатын сарқа тауысып, әлсіздікке ұшыратып, тез қартаюға себеп болады. Сондықтан Қазақ тағамтану академиясының мамандарының энергетикалық сусындардың бір бөлігін дәріханаларда және керек болған жағдайда ғана белгілі мөлшермен стау керек деп есептейді [1, б. 27; 4, б. 328; 5].

Сондықтан да, бұл сусындардың нарықта жаппай таралуы, оның адам ағзасына әкелетін зардабы қазіргі таңда Қазақстандағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сол себепті, бұл сусындардың зияндылығы, әсіресе жас ағзаға қаншалықты үлкен зардап әкелетіндігін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтын насихаттау үшін осы сусынның аталық жыныс безінің ұйымдасу құрылымына зерттеуді алдымызға мақсат етіп қойдық.

Жұмыстың мақсаты: Энергетикалық сусынның созылмалы әсер көрсетуінен аталық жыныс безінің ұйымдасу құрылымында дамыған өзгерістерді анықтау.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Эксперимент салмағы 200-220 грамм, жасы 5-6 ай шамасындағы Вистар тұқымдасына жататын ақ егеуқұйрықтарға жүргізілді. Тәжірибе барысында жануарлар қалыпты виварийлік жағдайда және күнделікті бақылауда болды. Тәулік сайын таңғы сағаттарда (8-9 сағатта), «Dizzy» сусыны арнайы 250 грамдық шыны құтыға құйылып берілді. Эксперимент 20 егеуқұйрыққа жүргізілді. Жануарларды 3 топқа бөлдік: бірінші топ - бақылау, қалыпты физиологиялық жағдайдағылар, екінші топ - энергетикалық сусынды 1 ай қабылдағандар, үшінші топ - энергетикалық сусынды 2 ай қабылдағандар.

Мүшелердің құрылымдық-функционалдық қасиеттерінің тәуліктік ауытқуын болдырмау үшін, барлық шаралар, экспериментальді әсер көрсетулер және мүшелер үлгілерін алу таңғы сағаттарда (8.00 - 9.00) жүргізілді.

Тәжірибе аяқталған кезде жануарларға декапитация жүргізу жеңіл эфирлік наркоз арқылы «Зертханалық жануарларды қолданып, медико-биологиялық зерттеулер жүргізуге арналған Халықаралық ұсынысқа» сәйкес жартылай декапитация әдісімен жүзеге асырылды және аталық бездері алынды. Гистологиялық зерттеу жүргізу үшін, дайындалатын препараттар жалпы ұсынылған әдіс бойынша жасалды. Жыныс бездері ұлпасына жалпы морфологиялық шолу Г.А.Меркулов (1969) ұсынған әдіс бойынша гемотоксилин-эозин тәсілі арқылы жүзеге асырылды. Дайындалған микропрепараттар Leica DM 1000 маркалы микроскоппен зерттелді.

НӘТИЖЕЛЕР

Бакылау тобындағы жануарлардың аталық жыныс безінен дайындалған препаратты зерттеу барысында құрамындағы ұрық шығару өзегі, бұлшық ет, қан айналу және лимфа тамырлары, нерв және шандырлар кіретін ұрық каналшасы анық көрініс берді. Ұрық шығару каналдарының эпителиоциттерінің мембраналары жақсы көрінеді, ядролары ортасында орналасқан, ұрық шығару бездерінің пішіндері домалақ, сопақша және бәрі біркелкі қатарласа орналасқан. Аталық без кесіндісі қима жазықтығына байланысты не домалақ не сопақша пішінді болып келеді. Ұрық каналшықтарының арасында дәнекер ұлпа мен Лейдиг жасушалары орналасқан. Лейдиг жасушаларының басты қызметі - сперматогенездің жүзеге асуына қажетті аталық жыныс гормоны тестостеронды синтездеу. Каналшықтың қабырғасын дифференцияланатын клеткалардан тұратын бірнеше қабат клеткалар түзеді. Олардың дамуы базальды мембранадан каналшықтың өзегіне қарай бағытталады. Каналшық қабырғасын сперматогенді эпителий клеткаларынан басқа соматикалық Сертолитті клеткалары құрайды. Олар трофикалық, тіректік, реттегіш және фагоцитарлық қызмет атқарады. Сертолитті клеткалардың арасында сперматогонийлер орналасады. Олар ірі ядролы және көлемі кішірек болып келген. Каналшықтың дәл ортасында сперматозоидтар орналасқан.

Тәжірибе тобындағы 1 және 2 ай мерзімінде сынақ жүргізілген жануарлардың аталық жыныс безінен дайындалған препаратты зерттеу барысында құрамындағы ұрық шығару өзегі, бұлшық ет, қан айналу және лимфа тамырлары, нерв және шандырлар кіретін ұрық каналшасының ісінгені анық көрініс берді. Ұрық шығару бездеріндегі клеткалардың эпителиоциттер мембраналары жұқарған, кейбіреуінің ядролары некрозға ұшыраған, интерстиция мөлшері артқан. Ісіну нәтижесінде ұрық каналшаларының пішіндері өзгеріске ұшыраған.

2 ай мерзімінде созылмалы тәжірибе жүргізілген жануарлардың аталық жыныс бездерінде жоғарыда көрсетілгеннен басқа, аталық жыныс бездерінің каналшықтарында сперматиттер түзіліп, сперматозоидтар қалыптасу барысында бірқатарларының құйрықшалары болмағаны айқын көрініс береді. Сперматозоидтарда құйрықтардың қалыптаспауы клеткалық деңгейде тұқым қуалайтын ақпараттың дұрыс берілмеуі немесе сусынның құрамындағы заттардың әсер көрсетуінен сол ақпараттың өзгеріске ұшырау нәтижесінен арнайы заттардың синтезделмеуіне байланысты болуы да мүмкін. Себебі, энергетикалық сусын құрамындағы қоспалар жануар организмiне мутагенді әсер көрсетіп, тұқым қуалайтын ақпараттардың өзгерістерге ұшырауына алып келуі де мүмкін.

Сондықтан, жастарға, студенттерге, мектеп оқушыларына энергетикалық суындарды шамадан тыс артық қолданудың зиянын түсіндіретін шаралар, кездесулер, домалақ үстелдер өткізу және жарнамалар мен мақалалар жариялау қажет екені айқын.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің тәжірибемізден алынған мәліметтерге сүйене отырып келесі қорытындыларды жасауға болады:

- Энергетикалық сусындар аталық жыныс безінің ұйымдасу құрылымына зиянды әсер көрсетеді.
- Аталық жыныс безінде дистрофиялық өзгерістер жүріп, ұрық шығару бездері ісінді, ұрық шығару бездерінің ісіну салдарынан эпителиоциттерінің мембраналары жұқарды.
- Созылмалы тәжірибе жүргізілген жануарлардың аталық жыныс бездерінде сперматиттердің көлемі ұлғайып, сперматозоидтардың бірқатарында құйрықшаларының үзілулері айқын көрініс берді.
- Сперматозоидтардың құйрықсыз болуы олардың қозғалысын төмендетіп, белсіздікке ұшыратуы мүмкін.
- Жастар арасында белсіздік көбейіп, болашақта ұрпақ сүю мүмкіндігінен айырылуына алып келеді.
- Адамзаттың болашағына, мемлекетіміздің демографиясына қауіп тудырады.
- Осы сусындардың зияндылығын өскелең ұрпаққа түсіндіре отырып, салауатты өмір салтын насихаттау шараларын жүргізу қажет.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Серік Жұмабаев «Энергетикалық сусындар адам ағзасына өте қауіпті», Алматы ақшамы № 28-29 (5222) С. 27.
2. Марина Курочкина 2012-06-22 «Вред энергетических напитков».
3. Тұңғышбаева З.Б. Бүйректің ұйымдасу құрылымына мутагенді факторлардың әсері. Вестник КазНПУ. «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы. - № 3(45) 2015. - С 46 -49.
4. Намазбаева З.И. Медико-биологические исследования на современном этапе развития профессиональной патологии // Сб. Актуальные вопросы профессиональной патологии в Казахстане. -Караганда. -2003. -С. 325-329.
5. Medistok «Правильное питание» Энергетические напитки: замаскированная опасность.

Н.И. Отарова

*аға оқытушы, биология магистрі, nazgul_azua@mail.ru
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушылардың аландаушылық және мазасыздану сияқты тұлғалық қасиеттері және оқушылардың кәсіби бейімділігі зерттелді. Мазалану организмнің жалпы қозуына (негізінен - симпатикалық жүйенің) алып келеді, ал қорқыныш іс-әрекетті тежейді, парасимпатикалық жүйені белсендіреді және көп мөлшерде - адамды қозғалыстан айырады. Мазаланушылық пен аландаушылық жоғары деңгейдегі оқушылар жағдай өзгерген кезде жаңа іс-әрекетке жай ауысумен сипатталады. Ал өте төмен деңгейі де іс-әрекет нәтижелерінің жоғарылауын тежейді. Оқушылардың МА деңгейлері бойынша ерекшеліктерді білу мұғалімге сынақ, емтихан қабылдау кезінде, шиеленіс жағдай туған кезде қажет. Біздің зерттеулерде оқушыларда МА төмен және орташа деңгейлері анықталды. МА деңгейі мен үлгерім арасында корреляция байқалған жоқ.

Мамандық таңдау - адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Өйткені адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Оқушылардың кәсіби бағытталуына қызығушылық пен бейімділікті анықтау бойынша біздің зерттеулер көптеген оқушылардың таңдаған мамандықтары қызығушылықтарымен сәйкес келетіндігін көрсетті.

Түйін сөздер: тұлға, мазаланушылық, аландаушылық, эмоционалды стресс, мамандық типтері.

Аннотация

Н.И. Отарова

*старший преподаватель, магистр биологии, nazgul_azua@mail.ru
Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

ЛИЧНОСТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ШКОЛЬНИКОВ

В этой статье исследовались личностные свойства школьников, как тревожность, беспокойство и профессиональные склонности. Тревожность приводит к общему возбуждению (в основном - симпатической системы) организма, а тревога тормозит действие, активизирует парасимпатическую систему и в большинстве случаев лишает человека движения. Школьники с высоким уровнем тревожности и беспокойства характеризуются с медленным переходом на новые действия во время изменения ситуации. И очень низкий уровень тоже тормозит повышения результатов действия. Знать особенности уровня тревожности и беспокойства школьников необходимо учителю во время зачетов, приема экзаменов и когда возникает напряженная ситуация. В нашем исследовании у школьников выявлены средний и низкий уровень тревожности и беспокойства. Между успеваемостью и уровнем тревожности-беспокойства у школьников корреляция не выявлено.

Выбор профессии - самый важный шаг в жизни человека. Поскольку судьба человека связано с выбранной профессией. Наши исследования по выявлению профессиональной склонности и интереса показало, что у множество школьников выбранная профессия соответствует их интересам.

Ключевые слова: личность, тревожность, беспокойство, эмоциональный стресс, типы профессии.

Summary

N.I. Otarova

*Senior Lecturer, Master of Biology, nazgul_azua@mail.ru
Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

PERSONAL FEATURES OF SCHOOLCHILDREN

In this article personal properties of schoolchildren as uneasiness, concern and professional bents were investigated. To lead uneasiness to the common exaltation (generally - sympathetic system) an organism, and the alarm slows down action, activates parasympathetic system and in most cases deprives of the person of driving. Schoolchildren with a high level of uneasiness and concern are characterized with sluggish transition to new actions during change of a situation. And very low level slows down increases in results of action too. It is necessary to know to the teacher features of level of uneasiness and concern of school students during offsets, reception of examinations and when there is an intense situation. In our research at school students average and low level of uneasiness and concern are revealed. Between progress and level of uneasiness concern at school students correlation it is not revealed.

Choice of profession - the most important step to human lives. As destiny of the person it is bound to the chosen profession. Showed our researches on identification of professional bent and interest that at a great number of schoolchildren the chosen profession corresponds to their interests.

Keywords: person, uneasiness, concern, emotional stress, profession types.

Тұлғаның мінез-құлығы айтарлықтай дәрежеде оның өмірлік тәжірибесінен анықталады. Балалардың, жасөспірімдердің, жоғары сынып оқушылары ерекшеліктерінің кәсіби бағдарының бағытын тұлғаның жеке-физиологиялық сапасын анықтау бойынша жүйелі зерттеулер жүргізу қажет [1, С 66-75]. Сонымен қатар балалардың, жасөспірімдердің, жоғары сынып оқушыларының іс-әрекеттің белгілі бір түріне бейімділігін анықтау және осы орайда практикалық ұсыныстар жасау маңызды.

Мұндай зерттеулер тұлғаның қандай да бір мамандыққа бейімделуін қалыптастырудың тез және жемісті жолдарын табуға, сондай-ақ мүмкін болатын қателіктердің алдын алуға көмектеседі.

Зерттеудің мақсаты: Мектеп оқушыларының кәсіби бағытталуын және тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу.

Біз Алматы қаласының мектеп оқушыларына сауалнама және психофизиологиялық ерекшеліктеріне салыстырмалы зерттеу жүргіздік. Зерттеу № 110 мектеп пен № 39 гимназияның жоғары сынып оқушыларына жүргізілді.

Жұмыс барысында 36 оқушыдан сауалнама алынды. Бұл жұмысты жүргізу барысында оқушылардың алаңдаушылық және мазасыздану дәрежелері және дифференциалды-диагностикалық сауалнама көмегімен оқушылардың кәсіби бейімділігі зерттелді. Сонымен қатар, біз оқушылардың түрлі іс-әрекетке бейімділігінің қызығушылығын зерттедік. Оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу үшін түрлі тесттер қолданылды.

Тұлғалық қасиеттерді зерттеудің негізгі нысаны, заманауи көзқарастарға сәйкес, оның қажеттілігі болып табылады. Ешқандай тұлғалық қасиеттерді түсіну және оны түсіндіру мүмкін емес, егер бұл тұлғалық қасиет қандай қажеттілікті қанағаттандырудан туғаны белгісіз болса [3, с.12. 4, с.35].

Дифференциалды-диагностикалық сауалнама.

Дифференциалды-диагностикалық сауалнама оқушылардың қандай да бір мамандыққа бейімделуін анықтауға мүмкіндік береді.

Барлық мамандықтар еңбек түріне және еңбек құралдарына және т.б. байланысты белгілі бір типтерге жатқызылады. Ұсынылып отырған типологияны есепке ала отырып, әр мамандыққа оның қандай критерий бойынша қандай типке жататындығын білуге болады [5, с. 129-136. 6, с. 111-114].

Е.А. Климов мамандық типтерінің көрнекі белгілері, мақсаттары, еңбек құралдары мен жағдайлары бойынша төртярусты шолу классификациясын ұсынды және кәсіби іс-әрекеттердің бес схемасы берілді: «Адам - Табиғат», «Адам - Техника», «Адам - Белгілер жүйесі», «Адам - Шығармашылық бейне», «Адам - Адам» [2, с. 15].

Мазаланушылық - алаңдаушылық деңгейі.

Мазаланушылық - алаңдаушылық деңгейі - бұл әртүрлі синдромдардың көрінуі: сыртқы (іс-әрекеттің бұзылуы түрінде) және ішкі (вегетативті қызметтердің бұзылуы). Бұл синдромдар жақсы зерттелген, сондықтан да вегетативті реакциялар немесе эмоционалды стресс, күту жағдайындағы мінез-құлық туралы оқушылардан сауалнама алу жолымен аталған синдромдардың жеке бөлімдерін анықтау мүмкін. Осы көзқараста Ж. Тейлордың сауалнамасы үлкен мәнге ие.

Алынған ақпараттар статистикалық өңделді. Топтар арасындағы сәйкессіздіктің шындығы студенттің критерийі бойынша бағаланды. Барлық санақта маңыздылықтың 95 % деңгейі қабылданды ($P < 0,05$).


Алынған нәтижелер және оларды талдау.

Экстремалды жағдайларда адам азды-көпті эмоционалды күйді басынан өткізеді. Көбіне ол анық байқалған мазаланушылық сезімінен көрінеді. Осы кезде тыныштық жағдайы бұзылады, уайымдаушылық басталады [7, С 56-61]. Мазаланушылық пен алаңдаушылық деңгейі өзіне, өзінің біліміне сенімділікпен тығыз байланысты.

№ 39 гимназия қыздарында МА төмен деңгейі 58%, орташадан төмен 35%, орташа 7%.

Ұлдарда байқалған деңгейлер: орташа 50%, төмен 37,5%, орташадан төмен 12,5%.

Сонымен, аталған мектеп оқушыларында басым көрсеткішке ие болған мазаланушылық пен алаңдаушылықтың төмен деңгейі - 52%, орташадан төмен 28%, орташа 20%. Оқушыларда жоғары және орташадан жоғары деңгейлері анықталмады. Мазаланушылық пен алаңдаушылық деңгейі мен үлгерім арасында корреляция байқалмады (сурет 1).




Сурет 1 - № 39 гимназия оқушыларының мазаланушылық пен алаңдаушылық деңгейлері


№ 110 мектептің оқушы қыздарының мазаланушылық пен алаңдаушылық деңгейін зерттеу кезінде басымдық көрсеткен төмен деңгей болды - 66,7%. 33,3% орташадан төмен деңгейді құрады. Орташа, орташадан жоғары, жоғары деңгейлер анықталмады.

Ұлдар арасында да басым болған көрсеткіш төмен деңгей - 42,86%, орташа және орташадан төмен деңгейлер - 28,57%. Орташадан жоғары және жоғары көрсеткіштер анықталмады.

Зерттелінушілердің жалпы санынан: төмен деңгей 56,3%, орташадан төмен 31,3%, орташа деңгей 12,5%. Жоғары және орташадан жоғары көрсеткіштер байқалмады (сурет 2).



Сурет 2 - № 110 мектеп оқушыларының мазаланушылық пен алаңдаушылық деңгейлері



Сурет 3 - № 110 мектеп және № 39 гимназия оқушыларының мазаланушылық пен алаңдаушылық деңгейлері

Екі мектеп оқушыларының нәтижелерін салыстырғанда келесіні аңғаруға болады: оқушылар төмен деңгейге ие, жоғары және орташадан жоғары көрсеткіштер анықталмады. Қатты байқалатын айырмашылық жоқ.

Тұлғаның кәсіби бағытталуын зерттеу үшін дифференциалды-диагностикалық сауалнама (ДДС) қолданылды. Оның көмегімен оқушылардың қызығушылығы мен бейімділігін анықтау мүмкін болды. ДДС арқылы тұлғаның кәсіби бағытталуын анықтау кезінде № 110 мектеп пен № 39 гимназияның 10 сынып оқушылары арасында оқушылардың қызығушылығы мен мамандық таңдау сәйкестіктерінің саны ұлғайғанын байқауға болады:


№ 110 мектептің 10 сыныбында - 88%;

№ 39 гимназияның 10 сыныбында - 68,7%;

Зерттеу мәліметтерінен көрініп тұрғандай, № 110 мектеп оқушыларында сәйкестіктің көп екендігі байқалады.

Сауалнамаға жауап берген оқушылардың ішінде мамандықты өзінің қызығушылығы бойынша таңдамаған оқушылар да кездесті. Мамандық таңдаудың қызығушылықпен сәйкес келмеу пайызы төмендегідей:

№ 110 мектептің 10 сыныбында - 12% (сурет 4).



Сурет 4 - № 110 мектеп пен № 39 гимназияның 10 сынып оқушылары арасында қызығушық пен мамандық таңдау сәйкестіктері

Аталған мектептің 10 сынып оқушыларының ішінде өзіне мамандық таңдамаған оқушылар да бар - 6,3 %.

Жалпы бағытталуды салыстырудан байқалғаны № 39 гимназия оқушыларының арасында «Адам - Адам», «Адам - Шығармашылық бейне», «Адам - Техника» типіндегі мамандыққа қызығушылықтар бар.

Ұл балаларда болашақ мамандық таңдаудың қызығушылықпен 100 % сәйкес келуінің байқалғанын атап өту керек. Олар «Адам - Техника», «Адам - Адам» типіндегі мамандықтарды таңдаған.

Қыздарда «Адам - Адам», «Адам - Белгілер жүйесі», «Адам - Шығармашылық бейне» типіндегі мамандықтар басым.

№ 39 гимназияның 10 сынып оқушыларының таңдауы «Адам - Адам», «Адам - Техника», «Адам - Белгілер жүйесі» мамандығы болды (кесте 1).

Кесте 1 - Оқушылардың түрлі мамандық типіне бейімделуі

Сынып	Мамандық типтері				
	Адам-табиғат	Адам-Техника	Адам-Адам	Адам - Белгілер жүйесі	Адам - шығармашылық бейне
№ 39 гимназия	12	32	30	12	14
№ 110 мектеп	6,2	31,3	31,3	18,7	12,5

Қыздарға «Адам - Адам», «Адам - Шығармашылық бейне» мамандықтары қызықты.

Ұлдарға келетін болсақ, олардың таңдауы «Адам - Техника», «Адам - Белгілер жүйесі» мамандығы. Бірақ, бірқатар ұлдар олардың тұлғалық қасиетін шынайы бағаламайтын мамандықты таңдаған. Сонымен қатар, ұлдарда мамандық таңдауда өзін бағалай алмауы, таңдаудың дұрыстығына сенімсіздікпен байланысты жалақтау байқалады (кесте 2).

Тұлғаның кәсіби бағытталуы оның маңызды қасиеті ғана емес, оның әлеуметтік және психологиялық есеюінің деңгейін білдіретін жан-жақты дамуының көрсеткіші болып табылады.

Кесте 2 - Оқушылардың түрлі мамандық типіне бейімделуі

Сынып	Мамандық типтері				
	Адам-табиғат	Адам-Техника	Адам-Адам	Адам-Белгілер жүйесі	Адам шығармашылық бейне
№ 39 гимназия Ұлдары	12,5	37,5	37,5	12,5	-
Қыздары	5,88	5,88	35,0	30,0	23,24
№ 110 мектеп Ұлдары	-	71,6	14,2	14,2	-
Қыздары	11,1	11,1	33,35	11,1	33,35

Алынған нәтижелер келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

Оқушылардың болашақта мамандық таңдауында олардың жеке психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеу - мектептегі жұмыстың маңызды құрамды бөлігі.

Мазаланушылық-аландаушылықты зерттеу адамның жеке қасиеті ретінде көрінеді және онымен кез келген қиын жағдайда санасу керек. Мазаланушылық пен аландаушылық жоғары деңгейдегі оқушылар жағдай өзгерген кезде жаңа іс-әрекетке жай ауысумен сипатталады. Ал, өте төмен деңгейі де іс-әрекет нәтижелерінің жоғарылауын тежейді. Аталған ерекшеліктердің барлығын мұғалім ескеру керек. Оқушылардың мазаланушылық пен аландаушылық деңгейлері бойынша ерекшеліктерді білу мұғалімге сынақ, емтихан қабылдау кезінде, шиеленіс жағдай туған кезде қажет. Біздің зерттеулерде оқушыларда мазаланушылық пен аландаушылық төмен және орташа деңгейлері анықталды. Мазаланушылық пен аландаушылық деңгейі мен үлгерім арасында корреляция байқалған жоқ.

Оқушылардың жалпы кәсіби бағытталуын салыстыру олардың арасында «Адам - Адам», «Адам - Белгілер жүйесі», «Адам - Шығармашылық бейне» «Адам - Техника» типіндегі мамандықтарға қызығушылығы барын көрсетті.

Оқушылардың кәсіби бағытталуына қызығушылық пен бейімділікті анықтау бойынша біздің зерттеулер көптеген оқушылардың таңдаған мамандықтары қызығушылықтарымен сәйкес келетіндігін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Русалов В.М. *Природные предпосылки и индивидуально-психофизиологические особенности личности // Психология личности в трудах отечественных психологов. СПб., Питер. - 2000. -С. 66-75.*
2. Климов Е.А. *Как выбрать профессию. -М.: Просвещение. - 1990. -с. 160.*
3. Коверина Р.Д. *Мир профессии: Человек - техника. - М.: Мол. Гвардия. -1988. - С. 335.*
4. Левиева С.Н. и др. *Мир профессии: Человек - знаковое система. (Сборник) - М.: Мол. Гвардия. - 1988. - С. 351.*
5. Коверина Р. *Изучение способностей школьников - основа профориентации. //Народное образование N 5. - 2001. -С. 129-136.*
6. Коверина Р. *Изучение способностей школьников - основа профориентации. //Народное образование N 6. - 2001. - С. 111-114.*
7. Отарова Н.И. *Оқушылардың мазасыздануының деңгейін және сипатын зерттеу// Хабаршы. «Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы - 2014. №3 (41).- С. 56-61.*

УДК 372.857
МРНТИ 34.01.45

З. С. Кенжебаева¹, Н.А. Боранова

¹к.б.н., профессор кафедры ботаники и общей биологии
²магистрант 2 курса кафедры ботаники и общей биологии
КазНПУ им. Абая г. Алматы, Казахстан

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ, РЕАЛИЗУЕМЫЕ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ БИОЛОГИИ

Аннотация

Статья посвящена системе образования Республики Казахстан, которая в последнее время претерпевает кардинальные изменения. Показано, что образование в XXI веке должно развиваться в соответствии с современными потребностями общества, и сложившаяся традиционная система образования в Республике Казахстан в настоящее время дополняется системой опережающего образования, где главное - использование и освоение инновационных технологий. Особое внимание обращается на активные методы обучения биологии, где одним из основных является метод кейс-стади, направленный на овладение навыками и приемами *всестороннего анализа ситуации*.

Ключевые слова: образовательная система, инновационные технологии, активные методы обучения, деловая игра, метод кейс-стади.

Аңдатпа

З. С. Кенжебаева¹, Н.А. Боранова
¹б.г.к., ботаника және жалпы биология кафедрасының профессоры
²ботаника және жалпы биология кафедрасының 2 курс магистранты
Абай атындағы Қаз ҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЖҮЗЕГЕ АСАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мақала Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі соңғы кездегі өріс алған өзгерістерге арналады. XXI ғасырда білім қазіргі қоғамның талаптарына сай дамуы керек. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің қалыптасқан дәстүрі қазіргі кездегі білім берудің инновациялық технологияларды меңгеруді және қолдануы толықтыру. Негізгі мәселе биологияны белсенді әдістеріне яғни солардың негізгісінің бір жағдайды жан-жақты талдау әдістері мен дағыларын меңгеруге арналған кейс-стади технологиясы.

Түйін сөздер: білім беру жүйесі, инновациялық технологиялар, белсенді оқыту әдістері, рөлдік ойын, кейс-стади әдісі.

Abstract

Z.S. Kenzhebaeva¹ N.A. Boranova
¹c.b.s., professor of the Department of Botany and General Biology
²master of 2 course the Department of Botany and General Biology
Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

INNOVATIVE EDUCATIONAL TECHNOLOGIES REALIZED IN TEACHING BIOLOGY

The article is devoted to the system of education of the Republic of Kazakhstan, which recently undergoes drastic changes. It is shown that education in the 21st century should be developed in accordance with the modern needs of society, and the current traditional education system in the Republic of Kazakhstan is being supplemented by a system of advanced education, where the main thing is the use and mastery of innovative technologies. Particular attention is drawn to active methods of teaching biology, where one of the main methods is the case-study, aimed at mastering the skills and techniques of a comprehensive analysis of the situation.

Key words: educational system, innovative technologies, active teaching methods, business game, case study method.

Современный этап развития общества ставит перед казахстанской системой образования целый ряд задач, одной из которых является повышение качества образования, где определяются генеральные векторы формирования интеллектуального потенциала страны. Интеллектуализация будущего Республики Казахстан строится на основе повышения образовательного уровня и формировании культурного кода казахстанского общества.

Увеличение академической мобильности, интеграция в мировое научно-образовательное пространство, создание новых образовательных систем, повышение уровня университетской корпоративности и усиление связей между разными уровнями образования способствуют развитию системы образования. Сложившаяся традиционная система образования в Республике Казахстан в настоящее время допол-

няется системой опережающего образования, где главное - использование и освоение инновационных технологий. Высшая школа Казахстана переходит на новые образовательные стандарты, где формируется глобальное инновационное общество посредством интеграции всех элементов «треугольника» знаний (образование, исследования, инновации).

В настоящее время в системе образования Республики Казахстан осуществляется реализация государственной программы образования в Республике Казахстан, направленная на новое качество образования: обучение студентов, магистрантов и докторантов PhD по программе «Болашак», школьников в «Назарбаев интеллектуальной школе», где основой являются инновационные подходы к обучению.

Главной целью образования является «обучение в течение всей жизни», при котором идет формирование ключевых профессиональных умений и практических навыков.

Образование должно развивать творческую учебную деятельность, и с этой целью внедряются такие инновационные технологии как [1]:

1) Информационно-коммуникационные технологии - это изменение и неограниченное обогащение содержания образования, использование интегрированных курсов, доступ в интернет, интерактивные методы обучения, дистанционное взаимодействие.

2) Технология проектных методов обучения, которая дает возможность развивать индивидуальные творческие способности студентов, более осознанно подходить к профессиональному и социальному самоопределению.

3) Технология исследовательских методов в обучении дает возможность студентам самостоятельно пополнять свои знания, глубоко вникать в изучаемую проблему и предполагать пути ее решения, что важно при формировании мировоззрения. Это важно для определения индивидуальной траектории развития каждого студента.

4) Технология проблемного обучения - это создание в учебной деятельности проблемных ситуаций и организация активной самостоятельной деятельности студентов по их разрешению, в результате чего происходит творческое овладение знаниями, умениями, навыками, развиваются мыслительные способности.

5) Технология использования в обучении игровых методов. Это могут быть ролевые, деловые и другие виды обучающих игр. Эта технология обеспечивает расширение кругозора, развитие познавательной деятельности, формирование определенных умений и навыков, необходимых в практической деятельности, развитие учебных умений и навыков.

Формы обучения биологии в настоящее время разнообразны и взятые в единстве и разумном сочетании позволяют успешно проводить групповое и индивидуальное обучение, повышать уровень профессиональной подготовки будущих биологов.

С целью углубленного изучения биологии, формирования и развития научного мышления, умения аргументировано излагать и отстаивать свое мнение применяются активные методы обучения, такие как проведение занятий с использованием элементов проблемности; «круглого стола» и т.д. Например, изучая тему по генетике «Закономерности наследования признаков», создается следующая проблемная ситуация: «Селекционер N задался вопросом, как установить, является ли представленный сорт гороха гомозиготным по данному признаку?». Таким образом, используя ситуационную задачу, студенты должны определить, какой признак гомозиготный, а какой гетерозиготный, следует ли проводить анализирующее скрещивание, является ли сорт гороха самоопылителем и т.д.

Х.Е. Майхнер [2] отмечает, что при преимущественно пассивном восприятии информации обучаемые сохраняют в памяти 10% того, что читают, 20% того, что слышат, 30% того, что видят, 50% того, что слышат и видят. В то же время при активном восприятии информации они удерживают в памяти 80% того, что говорили сами, 90% того, что делали сами.

Активные методы обучения не только улучшают запоминание материала, но и способствуют его идентификации, реализации в профессиональной практике.

Особенностями методов активного обучения являются:

- способность стимулировать активную познавательную, особенно мыслительную деятельность студентов;
- умение использовать знания при анализе оценки реальных явлений;
- объединение в единое образовательное действие процессов усвоения знаний и приобретения умения практического их использования;
- реализация через совместную деятельность преподавателя и обучающегося.

Методы активного обучения характеризуются активацией мышления обучающегося, обеспечением постоянной вовлеченности учащихся в учебный процесс, самостоятельной выработкой решений, повы-

шенной степенью мотивации и эмоциональности учащихся, проявлением рефлексивной самоорганизации деятельности педагога и учащихся.

В обучении биологии широко применяются методы, активизирующие учебный процесс: различные игры (имитационные, организационно-деятельностные, деловые, ролевые); метод кейс-стади, метод «Инцидента», «разыгрывание» ситуаций в ролях; разбор корреспонденции («баскетметод»); метод мозгового штурма; метод синектики; метод ассоциаций; игровое проектирование; различные виды тренингов и др.

Наиболее широко в обучении биологии применяются такие виды активного обучения, как игровое проектирование, деловая игра и методы кейс-стади.

Игровое проектирование. Целью данного метода является процесс создания или совершенствования объектов. В процессе проведения занятия участники разбиваются на группы, каждая из которых занимается разработкой исследовательского, поискового, творческого, прогностического или аналитического типа проекта, результаты которого защищаются на межгрупповой дискуссии. По итогам дискуссии определяется, какой проект оказался лучшим, наиболее проработанным и обоснованным, грамотно презентованным.

При использовании данного метода развиваются навыки совместной деятельности, чувство коллективной ответственности, развивает у студентов аналитический, исследовательский, креативный потенциал. В ходе защиты проектов у обучаемых развиваются презентационные умения и навыки, коммуникативная и интерактивная компетентность.

К эффективной форме организации обучения биологии относится **деловая игра**. В концепции А.А.Вербицкого [3] деловая игра представлена как форма активного обучения, в котором ее участники осуществляют квазипрофессиональную деятельность, которой присущи черты учения и труда одновременно.

Деловая игра обладает широкими дидактическими возможностями:

- закрепление и комплексное применение знаний;
- развитие у обучающихся навыков эффективного управления реальными процессами;
- освоение особенностей коллективной профессиональной деятельности.

Однако проведение деловой игры длительно, участникам бывает сложно перевоплотиться в различных персонажей, а преподаватель должен обязательно владеть игротехническими навыками.

Пример деловой игры. Студенты делятся на три команды - три фирмы экологических экспертов. Каждая команда выбирает директора фирмы и предлагает свое название. Фирмы соревнуются в решении экологических проблем. Игра идет в 4 тура (по количеству заданий). Все команды одновременно получают одно и то же задание и приступают к решению.

После каждого тура ведущий объясняет допущенные ошибки и верное решение задания. Побеждает фирма, набравшая больше баллов. В ходе игры студенты могут предложить неожиданное, не предусмотренное предложенным сценарием, но вполне разумное решение проблемы, которое, разумеется, нужно поощрять.

Метод ситуационного анализа (кейс-стади) создает дидактические условия для использования знаний как эффективного средства достижения практических целей в моделируемых условиях профессиональной деятельности, а также способствует формированию адекватного представления о многообразии и проблемности профессионально-предметных и социальных связей в ситуациях будущей трудовой деятельности.

Кейс-метод, в современном его виде, был впервые применён во время преподавания управленческих дисциплин в Гарвардской бизнес-школе, хорошо известной своими инновациями. Термин «ситуация» ранее использовался в медицине и правоведении, но в образовании этот термин приобрёл новый смысл. В начале двадцатого века в Гарварде преподаватели начали в дополнение лекции организовывать студенческое обсуждение. Преподаватель «презентовал проблему», перед студентами ставилась задача и рассматривались различные варианты её решения. Первый учебник по написанию ситуационных упражнений был опубликован Коуплендом в 1921 году при активном участии декана Гарвардской бизнес-школы Воласа Донама (Wallace B. Donham).

Данный метод развивает у студентов изобретательность, умение решать проблемы с учетом заданных условий и при наличии фактической информации, способности проведения анализа диагностики проблем. Студенты учатся четко формулировать и высказывать свою позицию, дискутировать, воспринимать и оценивать информацию.

Будучи интерактивным методом обучения, он завоевывает позитивное отношение со стороны студентов, которые видят в нем возможность проявить инициативу, почувствовать самостоятельность в

освоении теоретических положений и овладении практическими навыками. Не менее важно и то, что анализ ситуаций довольно сильно воздействует на профессионализацию студентов, формирует интерес и позитивную мотивацию к учебе.

Кейс-метод выступает как образ мышления преподавателя, его особая парадигма, позволяющая по-иному думать и действовать, развивать творческий потенциал. Этому способствует модернизация учебного процесса, формирование у преподавателей прогрессивного стиля мышления, этики и мотивации педагогической деятельности.

Действия в кейсе либо даются в описании, и тогда требуется их осмыслить (последствия, эффективность), либо они должны быть предложены в качестве способа разрешения проблемы. Но в любом случае выработка модели практического действия представляется эффективным средством формирования профессиональных качеств обучаемых [4].

Пример кейс-метода по темам «Кровообращение», «Дыхание»:

На заре воздухоплавания три французских астронавта совершили полёт на воздушном шаре. Они поднялись на высоту 8000м. Только один из астронавтов остался жив, но он опустился на землю в очень тяжёлом состоянии.

Задания и вопросы для обсуждения:

- Чего не знали астронавты? Почему это произошло?
- Как можно было предотвратить это несчастье?
- Какие знания помогут последующим астронавтам избежать трагических последствий?
- Предложите правила техники безопасности, которым должны следовать все без исключения астронавты?

Хотя атмосфера простирается вверх на многие сотни километров, основная масса воздуха сосредоточена в очень тонком слое. Плотность воздуха с высотой быстро уменьшается, у поверхности Земли на 1см² площади атмосфера давит с силой, равной 1033 г, а на 1м² 10333 кг. Жизнь на Земле приспособлена именно к этому давлению, поэтому при подъёме на большие высоты самочувствие человека ухудшается не только из-за недостатка кислорода, но и низкого давления. Опыты показывают, что чем сложнее организм, тем труднее он переносит низкое давление воздуха. При быстром подъёме на высоту до 7-8 км человек теряет сознание. На высотах 15-16 км, даже если дышать кислородом, наступает плохое самочувствие [5].

Выводы по кейсу:

- Залог успешного путешествия - изучение области, в которой будет проводиться исследование.
- Успех мероприятия тем выше, чем тщательнее оно подготовлено.
- В научных исследованиях необходимо взвешивать всевозможные форсмажорные ситуации и находить способы сохранения жизни человека.
- Необходимо хорошо знать ресурсы организма человека и уметь оказывать первую медицинскую помощь в критических ситуациях.

Эндрю Тоул назвал кейс катализатором, «ускоряющим процесс обучения путем внесения в него практического опыта». Кейс-метод обладает значительной универсальностью, но подлинный эффект можно получить только в процессе сочетания его с классическими методиками обучения. Таким образом, кейс-стади позволяет оптимизировать сочетание теоретических знаний и практических навыков, полученных студентами в процессе обучения. Практическую ценность кейс-стади определил Чарльз И.Грэгг [6]. Он написал, что кейс-метод используется, «потому что мудрость нельзя передать словами».

Метод кейс-стади основан на следующих положениях [7]:

- Акцент обучения переносится с овладения готовым знанием на выработку знания, на сотворчество студента и преподавателя. Отсюда принципиальное отличие данного метода от традиционных методик - демократия в процессе получения знания, т.е. равноправие студента с другими студентами и преподавателем в процессе обсуждения проблемы.

- Результатами применения кейс-стади помимо знаний являются навыки профессиональной деятельности, а также развитие системы ценностей, профессиональных позиций, жизненных установок, собственного мироощущения и миропреобразования.

При традиционном обучении круг включаемых в работу мыслительных функций студента весьма ограничен (восприятие, внимание, память) и не предусматривает работу на уровне мышления и личности обучающегося.

При использовании в учебном процессе кейс-стади студенты овладевают навыками и приемами *всестороннего анализа ситуации* (проблемный, системный, праксеологический, причинно-следственный, аксиологический, ситуационный, рекомендательный) из сферы профессиональной деятельности [8], что:

- развивает их мышление;
- формирует навыки *разработки альтернативных решений* с их последующей оценкой и выбором приемлемого варианта, а также навыки конструктивного критического оценивания точек зрения других;
- *повышают мотивацию* обучения, развивают *навыки общения*, формируют настойчивость в достижении цели в процессе обсуждения реальных управленческих ситуаций в студенческой аудитории;
- расширяют *профессиональный кругозор* студентов за счет разнообразия рассматриваемых ситуаций;
- отработывают умение востребовать дополнительную информацию, необходимую для уточнения исходной ситуации, т.е. правильно формулировать вопросы «на развитие» и на «понимание»; приобретают навыки применения теоретических знаний для анализа практических проблем;
- приобретают навыки вербализации, т.е. ясного и точного изложения собственной точки зрения в устной или письменной форме;
- вырабатывают умения осуществлять презентацию, т.е. убедительно преподнести, обосновывать и защищать свою точку зрения;
- овладевают практическим опытом извлечения пользы из своих и чужих ошибок, опираясь на данные обратной связи;
- развитие навыка общения, способности к сотрудничеству, чувства лидерства, деловой этики, формирование настойчивости в достижении цели в процессе обсуждения реальных ситуаций в студенческой аудитории.

Таким образом, в обучении биологии используются различные методы и образовательные технологии, активизирующие учебный процесс. Одним из методов активного обучения в биологии является метод конкретных ситуаций (кейс-стади), создающие дидактические условия для использования знаний как эффективного средства достижения практических целей в моделируемых условиях профессиональной деятельности. Кейс-стади представляет собой эффективный метод обучения, заключающийся в использовании конкретных случаев для анализа, обсуждения и выработки решений студентами по определенному разделу учебного курса, и выполняет вышеперечисленные задачи.

Список использованной литературы:

1. Панфилова А.П. *Инновационные педагогические технологии. Активное обучение: учеб. пособие для студ. учреждений высш. проф. образования. 3-е изд-е, испр.* М.: Академия, 2012. 192 с.
2. Майхнер, Х.Е. *Корпоративные тренинги / Х.Е. Майхнер.* -М.: ЮНИТИ, 2002. - 354 с.
3. Вербицкий А.А. *Развивают ли деловые игры: к проблеме классификации игровых процедур // Проблемы психологии образования: Сб. статей. Вып. 2. М., 1994.*
4. Кейс-метод: активное обучение принятию профессиональных решений / С.Ю, Темина // *статья в журнале «Среднее профессиональное образование» № 1, 2010.*
5. Авдюшин С.И., Седунов Ю.С. *«Атмосфера. Справочник»* Гидрометеоиздат, Ленинград, 1991 г., 508 стр.
6. Charles I. Gragg. *The Case Method at the Harvard Business School.* - New York: McGraw - Hill Company, Inc., 1954, p.6
7. *Применение кейс-метода на занятиях / Т.В. Савостина // статья в журнале «Специалист» № 4, 2009.*
8. Чернявская, А.П. *Методы формирования научно- исследовательских компетенций будущих педагогов: учебно-методическое пособие / А.П. Чернявская, Л.В. Байбородова, И.Г. Харисова.* - Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 2010. - С. 116.

УДК 54:372.8
МРНТИ 31.01.45

Н.К. Ахметов¹, А.А. Орынбай²

¹д.п.н., профессор,

²магистрант, химия - 6М011200,

Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

**РАЗРАБОТКА КОМПЬЮТЕРНОЙ ОБУЧАЮЩЕЙ ИГРЫ
ПО ХИМИИ «АНАЛИТИЧЕСКОЕ ЛОТО»**

Аннотация

Разработана компьютерная обучающая игра на основе схемы игры «Аналитическое лото». Использование современных компьютерных методов моделирования и сред для разработки компьютерных игр позволяет

переносить ранее созданные на бумаге и используемые в материальном мире игры в мир виртуальный. Развитие вычислительной мощности современных ЭВМ, а конкретнее смартфонов, позволяет облегчить применение игровых методов обучения преподавателем и преподносит его в более удобной форме нынешнему поколению, снимая барьер ненужных реализационных процедур обычной обучающей игры.

Ключевые слова: аналитическая химия, компьютерная игра, обучающая игра, качественный анализ

Аңдатпа

Н.К. Ахметов¹, А.А. Орынбай²

¹п.ғ.д., профессор,

²магистрант, химия - 6M011200,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

«АНАЛИТИКАЛЫҚ ЛОТО»ХИМИЯ КОМПЬЮТЕРЛІК ҮЙРЕТУШІ ОЙЫНДЫ ӨЗІРЛЕУ

«Аналитикалық лото» ойын сұлбасының негізінде компьютерлік үйретуші ойын әзірленді. Заманауи компьютерлік үлгілеу әдіспен қосымшаларды жасау ортасын пайдалану алдында қағазда жаратылған және материалдық әлемде пайдалынатын ойындарды виртуал әлеміне аударуға мүмкіндік береді. Қазіргі ЭЕМ-нің есептеулік қуаттың дамуы оқу ойын әдісті қолдалануын ұстазға жеңілдетеді, ал бүгінгі ұрпаққа оны ынғайлы түрде ұсынады, және де дағдылы үйретуші ойынның қажетсіз процедураларын алып тастайды

Түйін сөздер:аналитикалық химия, компьютерлік ойын, үйретуші ойын, сапалық талдама.

Abstract

Akhmetov N.K.¹, Orynbay A.A.²

¹d.p.s., professor,

²graduate student, chemistry-6M011200,

Abai Kazakh national pedagogical university

Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF COMPUTER TRAINING GAME ON CHEMISTRY ^ANALYTICAL LOTO»

A ^inputer learning game based on the game "Analytical Lotto" has been developed. Using modern computer modeling techniques and environments for the development of computer games allows you to transfer games previously created on paper and used in the material world to the virtual world. The development of the computing power of modern computers, and more specifically of smartphones, makes it easier to use the game methods of teaching by the teacher and presents it in a more convenient form to the current generation by removing the barrier of unnecessary implementation procedures of the usual teaching game.

Keywords: analytical chemistry, computer game, learning game, qualitative analysis.

В основе, разрабатываемой компьютерной обучающей игры «Аналитическое лото» была выбрана одноимённая схема игры. Данная игра позволяет студенту облегчить усвоение материала по методам химического качественного анализа, а точнее выучить общее количество катионов и их групповых реагентов. Принципиальная схема игры «Аналитическое лото» может быть использована для любого из применяющихся в учебном процессе метода анализа. Это является ее важным достоинством, так как учебные программы вузов в некоторых случаях ориентированы на различные методы химического анализа. Немаловажно и то, что переход от одной схемы анализа к другой практически не нуждается в изменении условий проведения игры и ее материального оформления, а в нашем случае изменения исходного кода программы. Игра «Аналитическое лото» помогает изучению очень важной стороны обучения химии - усвоению главных схем применяемых в работе химических методов анализа. И позволяет использовать данную игру в тандеме с другими обучающими играми по химии.

При разработке игры для использования на современных ЭВМ, к которым можно причислить смартфоны, был использован инструмент разработки двух- и трехмерных приложений и игр Unity. Данная интегрированная среда разработки позволяет при должном уровне подготовленности создавать кроссплатформенные приложения, что дает возможность задействовать различные виды ЭВМ на основных популярных операционных системах. Этот факт позволяет преподавателю и студентам использовать приложения, созданные на данном игровом движке, на различных устройствах, не заводя их в определенные рамки экономических или организационных факторов.

Объяснение правил игры будет производиться на основе сероводородного метода анализа, как наиболее распространенного из всех методов химического качественного анализа.

Игра ведется карточками, на которых изображены химические символы катионов или соответствующие символы групповых реагентов, осаждающих их. На рисунке 1 приведены примеры карточек, используемых в нашей игре.




Рисунок 1 - Примеры карточек с написанными на них химическими символами катионов и их групповых реагентов, используемых в игре «Аналитическое лото»

Поле игры является таблица, представленная на рисунке 2, где мы имеем 2 столбца в зеленом оформлении, где как видно в ходе игры располагаются карточки с групповыми реагентами и их катионами соответственно, и 1 столбец внизу таблицы с желтым полем, где располагаются карточки игрока. Каждому игроку выпадает равное количество карточек. Количество играющих обычно лимитируется общим числом карточек с химическими символами катионов и их групповых реагентов. Катионов в общем количестве 29 элементов. Совместно с групповыми реагентами (HCl , H_2S , $(NH_4)_2S$, $(NH_4)_2CO_3$, "No") катионов по сероводородной классификации общее число карточек составит 34. А так как наиболее удобным для игры является наличие у каждого играющего 5-7 карточек, то, соответственно, наиболее оптимальным числом студентов-игроков будет количество от 4 до 8, то есть половина или треть обычной студенческой подгруппы. Карточки выпадают игрокам в случайном порядке в соответствии с алгоритмом перебора колоды. Право первого хода предоставляется «хосту», так называемому создателю данной сессионной игры, и переходит далее по порядку подключения игроков к текущей игре.



Рисунок 2 - Вид главной сцены игры «Аналитическое лото»

Победителем игры считается студент, который первым использует все свои карточки, т.е., сообразуясь с правилами игры, первым избавится от них. Карточки выводятся из игры только при своем ходе, не более одной за один раз, путем помещения их в определенные течением игры ячейки в «зеленом» поле игры. Карточки кладутся на игровое поле путем перетаскивания карточки из «желтой» зоны при помощи мыши на компьютере или пальцем на экране смартфона. Порядок размещения игровых карточек

катионов определенных групп в рамках своего ряда произволен т.к. программа сама размещает их в порядке их вывода из игры. В то же время для придания игре «Аналитическое лото» большего интереса и занимательности вводится правило, по которому заполнение рядов таблицы катионами соответствующих групп проводится только после того, как будет введена в игру карточка их группового реагента. Играющий студент волен в своем желании при очередном ходе: ходить ли карточкой с катионом металла или карточкой с групповым реагентом. Обязательно лишь правило «обязательного хода», т.е. в любых игровых ситуациях студент, имеющий право очередного хода, должен его сделать, если у него есть для этого возможность.

Более подробное описание на игровом примере правил игры представлено в книге Н.К. Ахметова «Теория и практика игрового обучения в подготовке учителя».

Подводя итог проделанной работы можно с уверенностью утверждать, что цифровой век наступает стремительными шагами. Интеграция ранних наработок, в области игровых методов обучения, с современными вычислительными мощностями и программным обеспечением позволяет вывести процесс обучения на новый уровень. То, что не так давно считалось весьма дорогостоящим и ресурсоемким процессом, имея введу разработку компьютерных игр и программ, в современных реалиях развития игровой индустрии становится доступнее для понимания и реализации индивидуальными разработчиками. Таким образом разработанная игра ничем не уступает его материальному аналогу, напротив имеет ряд неоспоримых преимуществ. Удобство при использовании современными смартфонами, быстрота реализации, поскольку нет необходимости подготавливать игровое поле и карточки, нет привязки к определенному кабинету со специальным оборудованием. Все эти качества позволяют преподавателю и студентам не тратить драгоценное время, а полностью погрузиться в процесс обучения.

Игру «Аналитическое лото» вы сможете найти по запросу в поисковике для компьютерного варианта, или вРкз'маркете и AppStore для версии игры для Android и iOS.

Список использованной литературы:

1 Ахметов Н.К. Теория и практика игрового обучения в подготовке учителя химии Изд.:РИК, Министерство образования и науки. - 1995 - С. 288.

2 Unity (игровой движок) Материал из Википедии - свободной энциклопедии - URL:[https://ru.wikipedia.org/wiki/Unity_\(%D0%B8%D0%B3%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D0%B9%D0%B4%D0%B2%D0%B8%D0%B6%D0%BE%D0%BA\)](https://ru.wikipedia.org/wiki/Unity_(%D0%B8%D0%B3%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D0%B9%D0%B4%D0%B2%D0%B8%D0%B6%D0%BE%D0%BA))

3 Unity User Manual (5.6) - URL: <https://docs.unity3d.com/Manual/index.html>.

ЭКОЛОГИЯ

ӘОЖ 57:61(574)=512.122

Б.Ш. Абдиманатов¹, Ә.А. Төлеген²

¹д.ғ.д., профессор, «Елтану және туризм» кафедрасының меңгерушісі

²1-курс магистранты

Жаратылыстану және география институты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ӨЗГЕРІСТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (ЭКСПЕДИЦИЯ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ)

Аңдатпа

Қазіргі таңда Арал теңізін толық қалпына келтірудің мүмкін еместігі белгілі. Дегенмен қайта қалпына келтіру шаралары жүргізілген кезеңнен бастап аймақта жағдай біршама тұрақталған. Сондай-ақ, өңірде экологиялық жағдайдың тұрақтануына орай пірауашылық салаларын қайта жандандыруға болатыны белгілі болып отыр. Экспедиция барысында жинақталған мәліметтер негізінде теңіз жағалауында, дарияның арналық қыркасында, көларалық ойпаттарда мелиоративтік күйі тәуір жерлерді суармалы егіншілікке пайдалануға болатынын түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсетті.

Теңіз жағалауының байырғы тұрғындары көпсалалы (егіншілік, мал өсіру, балық аулау) шаруа қожалықтарын қайта жүргізе бастаған. Шаруашылық салаларының қайта қалпына келуі Арал өңірі халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей ықпал еткен. Сондықтан мақалада Арал теңізі суының, теңіз маңындағы шағын аралдардың және аумақ климаты мен топырақ жамылғысының өзгерістерінің тенденциясына талдау жасалынып, теңіздің тартылуына байланысты өзгеріске ұшыраған биоресурстардың жай-күйіне жасалынған барлау жұмыстары мен қайта қалпына келтіру шаралары жүргізілген кезеңнен бастап зерделенген аймақ тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгерістерінің динамикасы көрсетіліп, нәтижесінде алынған соңғы мәліметтер беріліп отыр.

Түйін сөздер: Арал теңізі, Кіші Арал, Сырдария, экспедиция, өзгерістер динамикасы, арал, шөл, өзен, бөгет, әлеуметтік-экономикалық жағдай.

Аннотация

Б.Ш. Абдиманатов¹, А.А. Төлеген²

д.ғ.н., профессор, заведующий кафедры «Страноведения и туризм»

²магистрант 1 курса

институт Естествознания и географии

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

г. Алматы, Казахстан

ДИНАМИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ АРАЛЬСКОГО МОРЯ (В РЕЗУЛЬТАТЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЭКСПЕДИЦИИ)

В настоящее время уже признано, что восстановить Аральское море в прежнем состоянии и размерах невозможно. Поэтому речь может идти только о стабилизации и улучшении уже сложившейся ситуации. Хотя правительства Казахстана и Узбекистана уже принимались соответствующие меры и осуществлялись проекты, позволившие частично стабилизировать ситуацию в Приаралье, но все еще необходимы дальнейшие конкретные действия по улучшению сложной экологической обстановки в бассейне Аральского моря с учетом социально-экономического развития.

В статье представлены данные о динамике процессов на дне осушенного моря и изменения Приаралья, полученные в результате проведенного исследования, а также социально-экономическое состояние жителей данного региона. Также рассматриваются данные по гидрологии и гидрохимии Арала в динамике начиная с 1960 г., когда началась антропогенная регрессия, и до настоящего времени. Достаточно подробно представлены данные по изменению стока рек, падению уровня моря и росту солености его вод.

Ключевые слова: Аральское море, Малый Арал, Сырдарья, экспедиция, динамические изменения, остров, пустыня, река, плотина, социально-экономическое состояние.

Abstract

B. Abdimanapov¹, A. Tolegen²

¹Ph.D., professor

²master of Ith course

Institute of Natural Sciences and Geography

DINAMIC CHANGES OF THE ARAL SEA

At present it is already recognized that it is impossible to restore the Aral Sea in the same state and size. Therefore, we can only talk about stabilizing and improving the already existing situation. Although the governments of Kazakhstan and Uzbekistan have already taken appropriate measures and implemented projects that have partially stabilized the situation in the Aral Sea area, but further concrete actions are still needed to improve the complex environmental situation in the Aral Sea basin, taking into account socio-economic development.

In the article provides data on the dynamics of the processes in the bottom of the sea and the dry Aral Sea area changes resulting from the research, as well as socio-economic status of the residents of this region. In the article presents data on hydrology and hydrochemistry of the Aral Sea in dynamics are also being considered since 1960, when the anthropogenic regression began, and up to the present time. The data on the change in river runoff, the drop in sea level and the salinity of its waters are presented in sufficient detail.

Key words: The Aral sea, The Small Aral Sea, The Syrdarya, expedition, dynamic changes, island, desert, river, dam, socio-economic status.


Арал теңізі - Өзбекстан мен Қазақстан (Қызылорда және Ақтөбе облыстары) жерлерінде, Тұран ойпатының шөлді белдемінде, Үстірттің шығысында орналасқан тұйық көл.

Арал теңізінің расымен көпшілікке беймәлім қырларының сыры көп. Тіпті, ғалымдардың өзі теңіздің пайда болу уақыты туралы мәліметтерді нақты бере алмай отыр. Ғалымдардың бір тобы теңіздің миллион жыл бұрын, ал енді бір тобы ондаған мың жыл бұрын пайда болғандығын айтады. Тек соңғы уақытта радиокөмірсутек әдісінің көмегімен жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Арал теңізінің 20-24 мың жыл бұрын пайда болғандығы анықталып отыр [1]. Ал, Аралдың өз кезеңінде палеозой эрасына дейін кемінде 3 рет құрғағандығы нақты мәлімет.

Арал теңізі туралы алғашқы мәліметтер Страбон мен Птолемей, тіпті Плиний еңбектерінде кездеседі. Бергі дәуірдегі араб ойшылдарынан бастап орыс ғалымдарының зерттеу жұмыстары, әсіресе Аралдың физикалық-географиялық сипаттамасын беріп, теңіздің көлемі, тереңдігі, ағысы мен су бетінің қозғалысы және судың температурасының өзгергіштігі, тіпті теңізге тән сейіш құбылыстарын анықтаған Л.С.Бергтің зерттеулері, қазақстандық ғалымдар тарапынан жүргізілген зерттеулердің барлығы дерлік академик Ә.С.Бейсенованың ғылыми еңбектерінде ұзақ жылғы зерттеулердің нәтижесінде жинақталған нақтылы мысалдармен қарастырылып, толық ашылған [2, Б. 194].

Қазіргі таңда Арал теңізі мәселесі халықаралық деңгейде ғалымдар назарын ғана емес, кез келген елдің БАҚ өкілдерінен бастап қарапайым тұрғындары тілге тиек етер ғаламдық мәселе болып отыр. Көлемі бойынша дүние жүзінде 4-орын алатын Арал теңізі бірнеше онжылдық ішінде толығымен адам әрекетінен адам танымас шөлге айналып отыр.

Өндіргіш күштердің тез қарқынмен дамуы, минералды шикізат қорларын орасан көп мөлшерде пайдалану, бұрын табиғатта белгісіз көптеген жасанды заттар шығару, айнала қоршаған ортаға қысымды шектен тыс күшейту аймақтарда тепе-теңдікті бұзды. Бұл аймақтың экологиялық жай-күйінен хабардар болу үшін Арал теңізінің кепкен табанынан үздіксіз көтеріліп тұратын миллиондаған тонна тұз аралас шаң-тозанды, әр түрлі химиялық заттармен қаныққан суы ішуге жарамсыз Сырдариясын, аппақ егістігі мен соры бұрқыраған шабындық, жайылымдық жерлерін айтсақ та жеткілікті. Соңғы ширек ғасыр ішінде бір ұрпақтың көз алдында жер бетінен аумағы 6 млн га, тереңдігі 69 м теңіздің жоғалып кетуі адам сенбестік жағдай. Бір ұрпақтың көз алдында «мақта тәуелсіздігі» желеуімен мақта егістіктерін кеңейтіп, көптеген су қоймаларын, суару каналдарын салып, оларды толтыру үшін Аралға келіп құятын өзендер - Әмудария мен Сырдария суын ысырапсыз пайдаланғанның нәтижесінде теңіз суы 60-70 шақырымға шегініп, 1998 жылдан бастап деңгейінің 18 метрге төмендеп кетуінен теңіз 2 су қоймаға - Үлкен Арал және Кіші Аралға бөлініп, жағалауды құм көшкіндерінен қорғап тұрған 800 га тоғай жойылып кетті (1-сурет) [3, Б. 36].



Сурет 1 - XX ғасырдағы Арал теңізі деңгейінің төмендеу көрсеткіші

Өткен ғасырда Одақтың барлық балық аулау кәсібінің 13%-ын құраған теңіздің балығы 1984 жылы тіпті толығымен тоқтады. Себебі, 1960 жылдары теңізге құятын басты екі өзеннің алабындағы 4,1 млн га аумақ, 1990 жылдары 7,4 млн га аумақ егістікке пайдаланылды. Арал теңізінің деңгейі түскеннен кейін бұл кеңістікте жиі болатын дауыл 150-500 шақырымға дейін 15-75 мың т тұзды шаңды дүние жүзіне таратты. Теңіздің тартылу салдарынан ауаның орташа ылғалдығы 18%-ға төмендесе, ауа райының жылы кезеңі бір айға дейін қысқарды. Бұл өлкедегі бұрынғы 3000 көлден қалғаны - 150-160 ғана [3,Б.36]. Теңіздің жалаңаш қалған табаны сортаң тартып, жерасты суы азаюда: өсімдіктер де, олардың ізінше жануарлар дүниесі құрып барады. 1950 жылдары жалпы құс түрлерінің саны - 319 болса, қазір 100-ден аспайды. Ормандар мен сексеуіл алқаптары 2 млн гектарға, шабындықтар 4 есеге азайды. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне бай жағалау бұл күнде құмды, сортаңды тіршіліксіз шөлге айналған. Бірақ ең алаңдатарлық жайт - экологиялық жағдайдың нашарлауы Арал өңірінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл облыстың да әлеуметтік-экономикалық дамуын күрт тежеді, бүкіл аймақтың өміріне теріс әсерін тигізді. Мысалы, Арал маңайында бүкіл ТМД елдерімен салыстырғанда безгек ауруымен ауыратын адамдардың саны - 30, сары ауруымен - 8, туберкулез және қатерлі ісік ауруларымен ауыратындардың саны - 15 есе көп. [4,Б.29]. Теңіздің тартылуы Арал қаласының да жағдайына айтарлықтай нұқсан келтірді. Бірқатар кәсіпорындар теңіз суы қашықтап кеткеннен кейін өз жұмысын тоқтатты. Мұның өзі ондағы жұмысшыларды басқа кәсіпорындарға шоғырландыруға мәжбүр етті. Бір кездері қала тірлігінің сәні болған және балық өнеркәсібінде маңызды рөл атқарған кеме жолы өз жұмысын тоқтатты. Көптеген кемелер Арал маңында жағалауда қайрандап қалды. Алпауыт теңіз суының тартылып, аталмыш теңіз алабының мұндай халге ұшырауы - Жер ғаламшарында бұрын-соңды орын алмаған жаңа ғасырдың «экологиялық трагедиясы». XX ғасырдың 60-жылдары Арал теңізі 68 900 шаршы шақырымды құраса, 2015 жылы теңіз ауданы небәрі 8 303 шаршы шақырым жерді ғана алып жатыр (2-сурет).



Сурет 2 - Арал теңізі ауданының өзгерісі

Осы алқапты игеруді бастамай тұрып, академик Герасимов бастаған бір топ оқымыстылар КОКП Орталық Комитетіне хат жазып, мақта саясатының түбі үлкен экологиялық апатқа әкеп соғатынын жан-жақты дәлелдеген болатын. Өкінішке орай, оқымысты-мамандардың пікірімен санасудың орнына, оларға партияның саясатын бұрмалап, «түсінбеушілік жасап отыр» деп айып тақты [5]. Теңіздің тартылу үрдісіне аса мән берілмегендіктен 1970 жылдары Қазақ және Өзбек КСР-дың, Мәскеу мен Ленинградтың зерттеу институттары жүргізген көптеген зерттеулердің нәтижелері құпия сақталды. Арал теңізінің тартылғандығын айғақтайтын алғашқы карта тек 1990 жылы жарыққа шықты. Аралды 1977 жылдан бастап зерттеп, бұл тақырыпта 100-ден астам ғылыми еңбек жазғандықтан әріптестерінің арасында «Аральдық Таис» деген атқа ие болған Т.И.Будникованың айтуынша: «70-жылдардың соңына дейін ешбір адам теңіздің тартылатындығына сенбеді. Көпшілігі жағдайды судың кері қайту үрдісіне балап, қалыпты санады. Бастапқыда теңіз жылына бірнеше сантиметрге төмендеді. 80-жылдары теңіздің Шығыс Аралдағы бөлігі бір жылдың ішінде бірнеше шақырымға шегінді. Теңіздің қалпына келмейтіндігіне көз жеткеннен кейін мәселені шешудің жолдары қарастырылды. Әрине, бастапқы шешім Әмудария мен Сырдария өзендерінің суын пайдалануды тоқтату және жерді жел-су қондырғыларының көмегімен суаруды қолға алу болды. Каспийді Аралға бұру керектігі де айтылды. Тіпті, Сібір өзендерін бұрудың да жолдары қарастырылып, жобалар ұсынылды» [5, Б.187].

1989 жылы екіге бөлінген алпауыт теңіздің Үлкен Аралы толығымен кеуіп қалды. Ал, Кіші Аралдың деңгейін Көкаралдың көмегімен көтеруге мүмкіндік туғандығы белгілі. Қазақстан «Дүниежүзілік банкпен» бірлесе отырып, Сырдария өзенінен Кіші Аралға құйылатын суды ұстап тұру және көлдің су деңгейін бұрынғы қалпына келтіру үшін 8 мильдік Көкарал бөгетін және оның құрамдас бөлігі болып табылатын «Ақлақ» су электр стансасын салуға құны 85,28 млн АҚШ долларын құрайтын САРАТС жобасы жасалып, сол бойынша жұмыс орындады. Осылайша, 2005 жылы Көкарал бөгетінің құрылысы аяқталып, іске қосылды. Нәтижесінде Кіші Аралдың су деңгейі теңіз деңгейінен 38 метрден 42 метрге дейін көтеріліп, су көлемі 15-тен 27 км³ дейін артып, судың минералдығы 23 г/л-ден 17 г/л-ге дейін азайып, Арал қаласына жағалық сызығының ұзындығы 100 км-ден 12 км-ге түсті.

Жобаның арқасында өңірде балық шаруашылығы жанданды. Солтүстік Арал жобасының бірінші кезеңі басталғаннан кейін балық өнімдерінің экспорты 3,6 есе артқандығы мәлімденді. Жергілікті халықтың тұрмыс деңгейі Арал көлінің жағдайына байланысты қатты төмендегені мәлім. Сондықтан су деңгейі мен балық түрлерін қайтадан қалпына келтіру Қызылорда облысының экономикалық тұрғыдан гүлденуі үшін аса маңызды болды (1-кесте) [6].

Кесте 1 - Кіші Аралдың динамикалық өзгерістерінің негізгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жоба басталғанға дейін	Көрсеткіштердің өзгеруі	
			Жобаның I фазасы аяқталғаннан кейін	Өсуі (+) немесе кемуі (-)
Судың деңгейі	м	38,0	42,0	+4
Су бетінің ауданы	км ²	2 414	3 288	+874

Су көлемі	км ³	15,6	27,1	+11,5
Мшіераддығы	г/л	23	17	-6
Өнеркәсіптік балық аудау	мың т	0,5	2,0	+1,6
Арал қаласына дейінгі қашықтығы	км	75	35	-40

Ал, Үлкен Аралды қайтару әзірше мүмкін болмай тұр. Әмудария өзенінің суы түгелімен егістікке пайдаланылып жатқандықтан ол қазіргі таңда теңізге мүлдем құймайды. Ал, Сырдариядан жылына небәрі 6 км³ су ғана құйылады. Бұл жылына кемінде 60-70 км³ судың келуін қажет ететін теңізге мардымсыз болып тұр (2-кесте) [6].

Кесте 2 - Арал теңізінің деңгейіне байланысты су бетінің жалпы ауданы мен көлемінің өзгеру көрсеткіштері (Ә.В. Гисин бойынша)

Теңіз деңгейі (абс. шамамен)	Ауданы, км ²			Көлемі, км ³		
	Кіші теңіз	Үлкен теңіз	Барлық теңіз	Кіші теңіз	Үлкен теңіз	Барлық теңіз
42,0	3 288	41 200	44 480	27,1	414,8	441,9
40,0	2 850	37 000	39 850	20,9	336,4	357,3
39,0	2 654	34 900	37 554	18,2	300,6	318,8
38,0	2 414	32 600	35 014	15,6	266,9	282,5
37,0	2 247	30 400	32 647	13,3	235,4	248,7
36,0	2 064	28 100	30 164	11,2	205,4	216,6
35,0	1 860	27 400	29 260	9,2	177,7	186,9
34,0	1 564	24 400	25 964	7,5	151,8	159,3
33,0	1 363	21 400	22 763	6,0	128,9	134,9
32,0	1 200	18 500	19 700	4,9	108,9	113,8
30,0	900	12 500	13 400	2,6	77,9	80,5
29,0	783	9 670	10 453	1,8	66,8	68,6

Ескерту: Үлкен теңіз үшін ең төменгі деңгей - 16,0 м.

Кіші теңіз үшін ең төменгі деңгей - 24,5 м.


Үлкен теңіздің Кіші теңізден бөлінуі судың 38,4 м деңгейінде жүреді.

Бутаков шығанағының Кіші теңізден бөлінуі судың 40,0 м деңгейінде жүреді.

Шевченко шығанағының Кіші теңізден бөлінуі судың 38,0 м деңгейінде жүреді.

Үлкен Аралдың өзі 2 бөлікке бөлінді: терең батыс бөлігі және таяз, тұрақсыз шығыс бөлігі. Батыс бөлігіндегі су деңгейі жауын-іпапанның мөлшеріне және жер асты су ағынының көлеміне байланысты өзгеріп отырса, шығыс бөлігі 2014 жылы тіптен көрінбейтін болды. Мамандардың бір бөлігі үлкен Аралдағы жағдайдың басты себепкері ретінде Өзбекстан үкіметінің жүргізген тиімсіз суландыру шаралары деп есептесе, ал кейбір сарапшылардың ойынша Көкарал бөгетінің Үлкен Аралдағы суды төмендетіп, Үлкен Аралға теріс әсерін тигізгендігін тілге тиек етуде. Экологиялық жүйені қорғау үшін батыс бөлігінің су деңгейін сақтау әрі шығыс бөлігінің су деңгейін қалпына келтіру аса маңызды. Әмударияның жоғарғы ағысындағы елдер (Тәжікстан және Қырғызстан) мен төменгі ағысындағы елдер (Қазақстан, Түркіменстан және Өзбекстан) арасындағы трансшекаралық су ынтымақтастығы Арал мәселесін шешу үшін аса қажет. Сонымен қатар, халықаралық донорлық ұйымдар да өңірдегі су мәселелері бойынша жобаларға жиі қатысуда.

2015 жылдың қараша айында Арал көлі бассейнінде «Климаттың өзгеруі салдарын жұмсарту және оған бейімделу» атты бағдарлама Дүниежүзілік банк тарапынан бекітілді. Бағдарлама климаттың өзгеруі салдарынан туындайтын мәселелерді шешуде аймақтық ынтымақтастықты көздеуде. Дүниежүзілік банк тарапынан қаржыландыратын жобаның бірінші кезеңі Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан елдерінде жүзеге асырылады деп жоспарланған болатын. Екінші кезеңі Қазақстан мен Түркіменстан мемлекеттерінде жүзеге асырылуы жоспарлануда. Осы орайда Дүниежүзілік банк Халықаралық даму ассоциациясының 38 млн доллар көлемінде қаржы қорын жасақтауын мақұлдады. Қырғызстан елі бағдарламаның бірінші кезеңіне енгізілмеді, ал Тәжікстанға 9 млн доллар, Өзбекстанға 14 млн доллар және басқа да өңірлік іс-шараларға 15 млн доллар бөлінетіндігі жоспарланды (3-сурет) [7].



Сурет 3 - Жобаның I фазасындағы Кіші Арал теңізіне келіп түскен су көлемінің жылдық ағыс көлем динамикасы (млн. м³)

Қазақстан тарапынан Аралдың қалған бөліктерін де қайтарудың шаралары жасалында. Бұл ұзақ уақытты қажет еткенімен қаржыландыру тұрақты жүргізілсе жүзеге асатын жұмыс болмақ.

Суы тұзды теңіз құрғап қалған соң табанында 10 млрд т тұз бары анықталды. Егер бұл тұзды жерге қалыңдығы 5 см етіп төсесе, ол 10 млн га аумақты құрайды. Арал маңы аумағында атмосфера 3 есеге дейін ластанды. «ҚазГидроМет» хабарлауынша 2014 жылы Арал маңындағы атмосфералық ауадағы шаң-тозаңның тәуліктік мөлшері қалыпты күйден 6-7 есеге артық боп шыққан [8, Б. 1]. Алайда, экспедиция барысында да көзімен көргеніміздей Кіші Арал суының қайтып келуі теңіз маңындағы ауылдар мен елді-мекендердің, бастысы жергілікті тұрғындардың өмірін күрт өзгерткен. Алдымен, балық шаруашылығының жолға қойылғандығын атап өткен жөн. Жай ғана қайықпен ауланған бір қармақтағы балықтан 100 не 200 мың тг табуға болады. Ауылдарда жаңа мектептер мен емханалар, балық өңдейтін цехтар мен балық қабылдайтын зауыттар салынған.

Сол жылдары ауланған балықтың көлемі 0,69 мың т болса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 8,3 мың тоннаны құрап отыр. Қазіргі таңда Аралдан балықтың 27 түрін аулайды, жоғары сұранысқа сазан мен судак ие. Арал маңы ауылдарында 8 балық камылдау комбинаты жұмыс жасайды. Олар өңделген өнімді Ресей мен Еуропаның біршама елдеріне жөнелтеді.

Сырдарияның аяғына келетін судың бір бөлігі Солтүстік Арал теңізіне (САТ), енді бір бөлігі теңіз жағалауындағы көлдер мен қолтықтарға түседі. «Ақлак» су электр стансасының құрылысы 2009 жылы біткен соң, өзен ағысының бір бөлігі теңіз жағалауындағы құрғап жатқан көлдерге түсе бастады. «Ақлак» іске қосылғалы, 2011 жылғы (қыркүйек) мәліметке қарағанда, Қарашалан, Кәртима, Жыланды, Домалақ, Қызылжарма көлдеріне 106,5 млн м³ су түсті. Жапон ғалымдарымен бірлесе жүргізілген зерттеулеріміздің нәтижесінде суы терең, балығы мол, айдыны 18 мың гектарды құрайтын Қамыстыбас көлінің тұздылығы 7,1 г/л көрсетті. Жақын уақытта басқа құрғақ көлдерге су түскенде бұрыннан шаруашылық маңызын жоғалтпаған көл жүйелеріне жалпы су айдыны 60 мың гектардай балық беретін көл жүйелері қосылатын болады. Нәтижесінде теңіз бен көлдердің жағалауындағы қалың өсімдік қауымдастығы су ценозымен байланысты құстар мен аңдардың мекеніне айналған. Сонымен бірге теңіз жағалауы көгалданып, шабындық пен мал жайылымына пайдаланатын жер телімдерінің ауқымы кенейе бастаған. Жергілікті тұрғындар көлдерден балық аулау кәсібін қайта жаңғыртып, ылғалды жерлердің шөбін шабындық пен мал жайылымына пайдаланып отыр. Бұл өз кезегінде теңіз жағалауындағы бұрынғы тастанды елді-мекендердің көпшілігіне елдің қайта орналасуына қолайлы жағдай туғызып отыр. Мысалы, Қаратүп, Тастүбек, Ақеспе, Ақбасты елді-мекендерін бұрынғы көшіп кеткен тұрғындары қайта қоныстанып, балық аулау мен мал өсіру кәсіптерін қайта жандандыра бастаған. Ал, экспедиция барысында қоныстанған Қаратерең ауылдық округінде 290 үй, 2000-дай адам өмір сүреді. Ауылда 604 мұғалім жұмыс жасайтын құрылысы жаңа №82 орта мектебі, емхана, ауылдық клуб, №2 балық өңдеу зауыты, Таспақ балық өсіру питомнигі бар. Ауыл тұрғындарының айтуынша теңіз қалпына келгеннен бастап халық саны 1,5 есеге өскен.

Арал өңірі халқының материалдық-тұрмыс жағдайы, яғни, елдің әлеуметтік күйі көптеген сыртқы факторлардың ықпалымен өзгеріп тұратын динамикалық көрсеткіш болып табылады. Олар елдің материалдық тұрмысы, ауыз су мен атмосфералық ауаның сапасы, тұрған мекенінің тазалығы мен көгалдығы, жұмыспен қамтылуы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы. Осы факторлар халықтың әлеуметтік күйін анықтайды және деңгейін қалыптастырады. Бұлардың әрқайсысының әсері бірдей емес, бірақ бірімен-бірі тығыз байланысты болғандықтан тұтас жүйенің бөліктері секілді жаппай ықпал етеді. Сол себепті біреуінің жетіспеуін не тапшылығын басқа фактор әсерін күшейту арқылы әлеуметтік жағдайды көтеруге әсте болмайды.

Арал ауданында 75 472 адам тұрады (облыс халқының 10,1%-ы), халықтың сыйымдылығы 1,4 адам/м². Оның ішінде ерлер 50,8%-ын құраса, әйелдер 49,2% болып отыр. Арал ауданында тұрғындар санының тұрақты өсу тенденциясы байқалады. Соңғы 3 жылда аудан халқы 4,5%-ға немесе 3232 адамға өсіп отыр.

2017 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтерге сәйкес мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің саны - 85 (оның ішінде 1 санаторлық типтегі балабақша, 19 мемлекеттік балабақша, 9 жеке балабақша, 19 толық шағын орталық, 37 жарты күндік шағын орталықтар).

Арал теңізі территориясы жартылай шөлді және шөлейтті аймаққа жатады. Табиғаты қатал, континенталды, жазда +43°С дейін ыстық, қыста -39°С дейін суық. Алайда, аймақтың кейбір климаттық келеңсіздіктері келешекте он ерекшелігінің бірі болмақ. Мысалы, жел күші энергия көзі ретінде, сонымен бірге, күннің жарқырауы да энергияның балама көзі ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл мен саялы ағаштар егу жұмыстары жүргізіліп келеді. Көркейту-көгалдандыру айлығында 8470 дана сексеуіл көшеті, 6555 дана саялы ағаштар көшеті отырғызылды.

2012 жылы ауданда барлығы 3916,3 млн теңгенің өңдеу өнеркәсібінің өнімдері өңделсе, 2014 жылы 4289,4 млн теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 9,5%-ды құрады. Ауданда өндірілген өнеркәсіп өнімдерінің 68%-ы өңдеу өнеркәсібінің үлесінде. Өңдеу өнеркәсібі бойынша Арал ауданында негізінен тамақ өнеркәсібі жолға қойылған. Оның ішінде йодталған ас тұзы өндірісі, ет, сүт, нан және нан өнімдері мен балық өнімдерін өндіру ісі.

Балық өнімдерін өңдеу саласында 4 кәсіпорын жұмыс жасауда: «Атамекен рыбпром» ЖШС, «СДО Арал» ЖШС, «СДО Бөген» ЖШС және «Камбала балық» ЖШС. Аралдың балығы қазіргі таңда алыс және шетелдерге жөнелтілуде. Заманауи тұрғыда салынған балық өңдейтін 4 зауытта 300-ден астам адам жұмыспен қамтылып отыр. Жыл сайын ауданда балық аулау, оны өңдеу көлемі де артып келеді (3-кесте) [9, Б.13].

Кесте 3 - 2012-2014 жылдар аралығындағы Арал ауданындағы тамақ өнеркәсібі көрсеткіштерінің өсу динамикасы, т есебімен

Көрсеткіштер	2012	2013	2014
Балық және балық өнімдері	1091	826	2547
Ет және ет өнімдері	72	48	61
Сүт және сүт өнімдері	15	6	17
Нан және нан өнімдері	706	1650	612
Йодталған ас тұзы	81234	95591	110493

Кезінде аудан экономикасының негізгі тірегі болған өңдеуші өнеркәсіп салаларын қайта қалпына келтіріп, импорт алмастыратын және бәсекеге лайық өнімдерін өндіруге жарамды, жаңа бағытта қалыптастыру шаралары қолға алынуда. Оның айғағы - ауданда балық консорциумын құру шаралары болып отыр. Консорциумға 17 шаруашылық пен ғылыми-зерттеу институты және «Байқоңыр» ӘКК АҚ мүше болып кірді. Консорциум құрудағы негізгі мақсат - балық шаруашылығы саласының күрделі мәселелерін бірігіп шешу болып табылады.

Алдағы уақытта балық ұрлығы, есепсіз аулануды тоқтату бағытында 3 жерде бақылау бекеттері (Қаратерен, Бөген, Мергенсай бағытында) қойылып, бақылауға алынды. Балық өсірумен Қамыстыбас балық питомнигі жұмыс жасап келеді. Жыл сайын майда шабақтар өсіруге республикалық бюджеттен 100 млн теңге шамасында қаржы қаралып келеді.

Соңғы кездері ауданда бұрыннан қордаланған проблемалық мәселелер шешімін табуда. Уақыт талабына сәйкес аудан халқыжаңаша талпыныс жасауда. Бүгінгі таңда ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында оң өзгерістер бар. Тоқтап тұрған өндіріс орындары іске қосыла бастады, жұмыс істеп тұрғандарының өндіріс көлемі артып, кемшіліктері айқындалды. Ауданда макроэкономикалық көрсеткіштер

өзгерісінің оң динамикасын қамтамасыз ететін қолайлы экономикалық ахуал қалыптасты, өндірістің өсуімен қоса халық кірісінің ұлғаюына жол берілді (4-кесте) [9, Б.10].

Кесте 4 - 2012-2014 жылдар аралығындағы Арал ауданының макроэкономикалық көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы

Көрсеткіштер	2012	2013	2014
Өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі, млн тг	4 983,3	5 802,5	6 307,8
Ауышшаруашылығының жалпы өнімі, млн тг	2 254,1	3 226,1	3 693,4
Инвестиция, млн тг	13 288,7	50 885,4	24 173,9
Құрылыс жұмыстары, млн тг	15 896,0	38 135,7	18 249,5
Бөлшек сауда, млн тг	3 242,5	3 804,1	4 976,7
Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны, бірлік	2 477	3 047	3 252
Бюджет, млн тг	7 043,7	7 759,5	9 001,3
Ресми жұмыссыздық деңгейі, %	0,1	0,1	0,1
Орташа жалақы көлемі, тг	77341	78755	78972

Ауданның өндірістік әлеуеті ас тұзын және кварц топырағын өндіру, балық өнімдерін өндіру мен экспортқа шығару жұмыстарымен сипатталады. Соңғы 3 жылда ауданда өндірісті дамытуға, шағын және орта бизнесті бәсекеге төтеп бере алатын деңгейге шығаруға жан-жақты шаралар қабылдануда. Аудандағы өндіріс орындарының бірі мен бірегейі, 90 жылдық тарихы бар «Аралтұз» АҚ-да 2013 жылы жаңа цех іске қосылса, 2016 жылы қосымша тағы бір цех іске қосылып отыр.

Теңізді қалпына келтіру шаралары басталғалы ауданда туризм саласын дамытуға мүмкіндіктер зор, оның ішінде Қамыстыбас көлі жағасында халықаралық деңгейдегі демалыс аймағын жасау мақсатында үлкен жұмыстар қолға алынуда. Алайда, ауданда автожолдар қанағаттанғысыз жағдайда. Автомобиль жолдары бойынша аудан орталығымен байланысы жоқ ауылдық елді-мекендер бар. Өзіміз жүріп өткен теңізге барар жолдағы елді-мекендердің барлығының дерлік автожолдары жоқ.

Өңірде экологиялық жағдайдың тұрақтануына орай шаруашылық салаларын көтеруге болатыны белгілі болып отыр. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде теңіз жағалауында, дарияның арналық қырқасында, көларалық ойпаттарда мелиоративтік күйі тәуір жерлерді суармалы егіншілікке пайдалануға болатынын Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдары жүргізген тәжірибелік ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсетті.

Алайда, экспедиция барысында аймақтың тыныс-тіршілігімен таныстырып, Арал теңізінің экологиялық жағдайына зерттеулер жүргізіп келе жатқан әрі география пәнінің мұғалімі Нұрлан Көптілеуовтың айтуынша «салынған бөгеттің қазіргі биіктігі Балтық жүйесі бойынша 42 метрде қалатын болса, онда Солтүстік кіші теңіздің аумағын су түгелдей жаба алмайды. Өйткені, Кіші теңіздің белгілері төмен жатқан ең терең бөліктері болып табылатын Орталық пен Шевченко бөліктерінде 21 км³-ге дейін су жиналады, ал Бутаков қолтығы мен Сарышығанаққа су өте аз барады. Халық көп шоғырланған Арал қаласы мен оның төңірегіндегі ел мекендеген бөліктері сол баяғы құрғақ күйінде қалады. Демек, қыруар қаржы жұмсап, осынша тер төгіп, салынған Солтүстік Кіші Арал өзінің экологиялық және әлеуметтік-экономикалық функциясын толық атқара алмай тұр. Есептеулерге қарағанда, Солтүстік Кіші Арал теңізі толық мәнді жұмыс істеуі үшін ондағы судың көлемі 34,0 км³-ден кем болмауы тиіс. Ол үшін Көкарал бөгетінің екінші кезеңін жалғастырып, оның биіктігін 50 метрге жеткізсе ғана барлық мәселе шешіледі, күткен үміт ақталады. Сонда ел шоғырланған Қарашалаң, Бөген, Қаратүп, Жамбыл, Тастүбек, Ақеспе, Ақбасты учаскелеріне теңіз жақындап, балығын береді, малға жайылым мен шабындық молаяды, мал-жанға жайлы микроклимат қалыптасады. Сөйтіп, Кіші Аралдың экологиялық және әлеуметтік-экономикалық игілігін молынан көруге мүмкіндік туады».

Сонымен, теңізді қалпына келтіру мақсатымен салынған бұл жобаның тиімді-тиімсіз жақтарын қарастырып, аталған бөгеттің жұмысын, қауіпсіздігін және нәтижелерін қадағалап отырған мекеменің жұмыстарын өз көзімізбен көріп, мамандармен пікір алмасу барысында төмендегідей шаралардың жүргізілуі атқарылған шаралар мен жасалынған жобалардың тиімділігін молайта түсетіндігіне көзіміз жетті:

Біріншіден, Көкарал бөгетін 6-7 метрге дейін көтеру қажет. Бұл шара Кіші Аралдың деңгейін 48 метрге дейін, су көлемін 3 есеге дейін көтермекші.

Екіншіден, Сарышығанақ ауданына тағы да бір суреттегіш салыну керек. Бұл шара тағы да бір су жинаушы әрі су деңгейі 50 метрге дейін жететін теңіздің жаңа бөлігін қалпына келтірудің басты жолы болмақ.

Үшіншіден, Әмудария мен Сырдариядан су алатын каналдар жүйесін жалғастыру қажет. Каналдардың көпшілігі құмдармен ағады, біршамасы жойылып та кеткен. Арал теңізі бассейніндегі барлық өзендердің орташа жылдық ағыны 116 км³ құрайды. Ал, Аралғабарлық көрсеткіштің тек 5%-ы ғана құяды. Себебі, су алқапқа жетпей құмға сіңіп кетеді.

Қорыта келе, Арал теңізін құтқару шаралары алдымен егіншілікті суару жүйесін жаңалауды (Сырдария мен Әмудария өзендері суының 92%-ы егістікке пайдаланылады), қосымша гидротехникалық нысандарды салуды қажет етеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ғалымдар Арал теңізінің жасын анықтады. // Ақпараттық сілтеме: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/uchenye-ustanovili-voznast-aralskogo-morya-285759/*
2. *Бейсенова Ә. С. Қазақстан табиғатының зерттелуі (Ежелгі дәуірден ХХ ғасырдың басына дейін). Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 352 б.*
3. *Francois B., Philippe R. A dynamic model of the Aral Sea water and salt balance. // Journal of Marine Systems. Elsevier, 2014.-№47.-35-50б.*
4. *Жумабекова Г.С., Ибраева Л.К., Ажиметова Г.Н., Батырбекова Л.С., Смагулова Б.Ж. Арал өңірінің зиянды экологиялық факторларының тұрғындар денсаулығына әсері // Гигиена труда и медицинская экология. - Алматы, 2014. - № 2(43). - 27-35 б.*
5. *Нұрғызарынов А.Н. Аралдың экологиялық тынысы. - Алматы:«Ғылым», 2006. - 8-217 б.*
6. *Генплан сооружений плотины САМ. // Экспедиция барысында жинақталған мәліметтер негізінде. - Арал, 2016.*
7. *«Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу. 2 фаза» жобасының техника-экономикалық негіздемесіне аннотация.-Арал,2015.-11б.*
8. *Ахметқалиева С.А. Арал көлін қалпына келтіру бойынша Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығы. - Алматы: Еуразия зерттеу институты, 2016. - 2 б.*
9. *2016-2020 жылдарға арналған Арал ауданының даму бағдарламасы. - Арал, 2015. - 79 б.*

ӘОЖ 574. 57:578(035.3)

ҒТАМР 34.35.51

Г.Е. Жантеева

*б.ғ.к, қауымдастырылған профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

**«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАНЫ ЭКОЛОГИЯ МАМАНДЫҚТАРЫНА КУРС РЕТІНДЕ
ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Аңдатпа

Күтіліп отырған жаһандық жылыну нәтижесінде климаттың өзгеру проблемаларымен және атмосфераға зиянды заттар шығарындыларын бақылау қажеттілігімен қатар, Қазақстанға өңірлік проблемаларды шешуге қатысуға тура келеді. Мәселен, Орталық Азия және Батыс Қытайдың ірі өзендер ресурстарын пайдаланатын елдерде экономикалық белсенділік пен халық санының өсуі жалғасатындықтан, ал климаттың өзгеруі судың қолжетімділігі мен сапасына қосымша келенсіз ықпал ететіндіктен суды пайдалану мәселелері өткірлене түседі. Жақын болашақта денсаулық сақтаудағы жаһандық проблемалар, сірә, күшейе түспек, өйткені түрлі елдердің адамдары арасындағы байланыс барған сайын қарқын алып келеді. Нәтижесінде Қазақстанның аумағына түрлі аурулардың тарау қатерлері арта түседі.

Университеттерде «Жасыл экономиканы» қолдайтын оқу бағдарламалары, ғылыми жобалар, энергия және ресурстарды үнемдеу негізінде ЖОО үрдісін басқару, қалдықтарды жинау мен трансформациясы, экопарктерді және экотуризмді дамыту, экоағартушылық және экологиялық мәдениетті тәрбиелеу арқылы «жасыл кеңсе» жаңа құрылымын беретін институционалды және қоғамдық өзгертулерді жүргізу қажет.

Түйін сөздер: жасыл экономика, жасыл кеңсе, жасыл көпір, климаттың жылынуы, инфрақұрылым.

Аннотация
Г.Е. Жантеева
доцент, к.б.н.

Казахский национальный педагогический университет им. Абая

АКТУАЛЬНОСТЬ ВВЕДЕНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ «ИЗМЕНЕНИЕ КЛИМАТА И «ЗЕЛЕНАЯ ЭКОНОМИКА» В УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС

Основная цель курса - формирование у студентов понимания тесной взаимосвязи между экономической деятельностью человека и изменениями климата, необходимости внедрения «зеленой» экономики; развитие навыков принятия решений в области обеспечения устойчивого развития и качественного экономического роста на микро- и макроуровнях.

В рамках изучения дисциплины студенты получают информацию об изменении климата и «зеленой» экономике, понятии климата и его изменения, последствиях изменения климата. Будут рассмотрены вопросы устойчивого развития, основные положения концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой» экономике. Проанализируем международные соглашения по борьбе с климатическими изменениями, обязательства Казахстана по международным соглашениям в области изменения климата. Рассмотрим возобновляемые источники энергии, а также состояние и перспективы использования ВИЭ в Казахстане. Будут рассмотрены сложившиеся в связи с изменениями климата в Казахстане, проблемы в сельскохозяйственном, водном и других секторах экономики. Проанализируем информацию об устойчивом развитии этих секторов в свете требований «зеленой» экономики, включая направления эффективного обращения с отходами.

При изучении дисциплины у студентов формируются понимания тесной взаимосвязи между экономической деятельностью человека и изменениями климата необходимости внедрения «зеленой» экономики; развитие навыков принятия решений в области обеспечения устойчивого развития и качественного экономического роста на микро- и макроуровнях.

К концу этого курса, студенты будут иметь возможность понимать компоненты, участвующие в процессе исследований в области изменения климата и «зеленой» экономики; описать и признать основные виды исследований в области изменения климата и «зеленой» экономики в РК; критически проанализировать ключевые теоретические, методологические и этические вопросы в исследовании по изменению климата и «зеленой» экономике; использовать и разъяснять основные количественные и качественные методы сбора и анализа данных; планировать, проектировать и проводить небольшие научно-исследовательские проекты по темам, представляющим интерес в области изменения климата и «зеленой» экономики.

Ключевые слова: зеленая экономика, зеленый офис, глобальное потепление, инфраструктура.

Abstract

G. E. Zhanteyeva

Candidate of Biology, associate professor

The Kazakh national pedagogical university after Abay, Almaty, Kazakhstan

THE RELEVANCE OF THE INTRODUCTION OF THE DISCIPLINE "CLIMATE CHANGE AND "GREEN ECONOMY" IN THE EDUCATIONAL PROCESS

A primary purpose of course is forming for the students of understanding of close intercommunication between economic activity of man and changes of climate, necessity of introduction of "green" economy; development of skills of making decision in area of providing of steady development and quality economy growing on микро- and macrolevels.

Within the framework of study of discipline students to get information about the change of climate and "green" economy, concept of climate and his change, consequences of change of climate. The questions of steady development will be considered, substantive provisions of conception on passing of Republic of Kazakhstan to the "green" economy. We will analyse international agreements on a fight against climatic changes, obligations of Kazakhstan under international agreements in area of change of climate. We will consider proceeded in energy sources, and also state and prospects of the use of ВИЭ in Kazakhstan.

At the studies of discipline for students are formed understanding of close intercommunication between economic activity of man and changes of climate of necessity of introduction of "green" economy; development of skills of making decision in area of providing of steady development and quality economy growing on микро- and macrolevels.

By the end of this course, students will have the opportunity to understand components participating in the process of researches in area of change of climate and "green" economy; to describe and confess the basic types of researches in area of change of climate and "green" economy in РК; critically to analyse key theoretical, methodological and ethic questions in research on the change of climate and "green" economy; to use and explain the basic quantitative and quality methods of collection and analysis of data; to plan, design and conduct small research projects on themes, being of interest in area of change of climate and "green" economies.

Key words: green economy, green office, global warming, infrastructure.

Климаттың өзгеруі ХХІ ғасырдағы өзекті экологиялық проблемалардың бірі болып табылады. Себебі, климаттың өзгеруі кез-келген елдің экологиясына, экономикасына және әлеуметтік аспектілерінің

дамуына кедергі келтіреді. Климаттың өзгеру себептері қазірден бастап білінуде, сондықтан көптеген экономикалық және әлеуметті жағдайлар климаттың өзгеруіне қарай бейімделуде.

Климаттың өзгеруі және оған бейімделу қазіргі кезде тұрақты шындық жағдайы болып табылады. Қоғам әрқашан климаттың өзгеруіне, соның ішінде экстремалдық метеорологиялық жағдайлар және табиғаттағы құбылыстарға кезігіп отырады. Алайда, климаттың көптеген өзгерістері және осалдықтардың күшеюі, көші-қон нәтижесінде қауіпті жағдайларға ұшырауы, инфрақұрылымдық даму, жерді пайдаланудағы өзгерістер қоғам үшін бұрын-соңды болмаған қиындықтарға ұласуда.

Табиғи апаттарға байланысты пайда болған экономикалық дағдарыстар көбеюде, сонымен қатар кеңістіктік және жылдық өзгерістер бақылануда (жоғары дәрежелі келісімділікке байланысты жоғары нақтылық дәрежесі негізделген). Табиғи апаттарға байланысты пайда болған жаһандық дағдарыстар туралы соңғы он жыл көлемінде ақша айналымына кесірін тигізуде және ол дағдарыстар біркелкі емес түрде бөлінеді. Жыл сайынғы дағдарыстар 1980 жылдан бастап есепегенде, бірнеше млрд. АҚШ долларынан басталып 200 млрд. АҚШ долларымен (2010 ж. доллар курсы бойынша) құрайды, ең ірі дағдарыс 2005 жылы болды [1].

Барлық дамыған өнеркәсіптік елдерде қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу басым бағыттардың бірі және қазіргі және болашақ қоғам үшін қоршаған ортаны қорғау мақсатын алға қоя отырып, мемлекеттік деңгейде қолдау көрсету болып табылады.

Біздің болашағымыздың шынымен де қандай боларына қарамастан технологияның миллиардтаған адамдардың өмірін жақсартқаны, қоршаған орта жағдайында қиын көрсетілетін негативті жанама әсерлердің бірқатарын технологияның дамуы алып келгенін жоққа шығару мүмкін емес.

Біз бір мәселені шешеміз деп, бірнеше жаңа мәселелердің туындауына тап боламыз. Дәл қазіргі уақытта біздің әрекетіміздің қандай да бір себебі болып табылатын сансыз көптеген экологиялық мәселелер бар. Және біз кезекті мәселені жеңу үшін әр уақытта қажетті жаңа эко-технологияны іздеп табуымызға тура келетін сияқты.

Таза экологиялық ауданда, қалада, елде және әлемде тұруды адамдардың шынайы қалауы инновацияны ауқымды дамытудың бағыттарына әсер етеді. Планетадағы ең кедей азаматтар су, электр жарығы және тоқ, медициналық қызметтер үшін ылғи күресу үстінде. Демек, экологиялық саламаттылық пен тазалыққа деген сұраныс - ең маңызды, табиғи әрі шынайы талап.

Дүниежүзілік экологиялық қозғалыс күннен-күнге өзінің әсер ету айналасын өсіруге талпынуда. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жасыл көпір» идеясын жүзеге асыруда жастардың кең ауқымын жинау үшін республиканың оқу орындарында жасыл кеңсе желісін құру және үйлестіруді қажет ететіні сөзсіз [2].

«Экономикалық дамудың өзі күрделі өзгеруде. Біз ресурстар экономикасынан білім мен инновациялық экономикаға түпкілікті көшудеміз» деп атап көрсетті елбасымыз Н. Назарбаев. Ерекше инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейтіні түсінікті. Елбасымыз айтқандай, біздің мақсатымыз - жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу. Интернет арқылы ақпарат жер бетіне бір мезетте тарап жатқан заманда өмір сүрудеміз. Күн сайын әр түрлі салада жаңалықтар болып жатады. Қаламыздағы таза ауаны, экологиялық қауіпсіздікті және өңіріміздің инновациялық-стратегиялық экономикалық дамуы мен инвестициялық саясатының басым бағыттары кім - кімді де толғандыратын мәселе.

Жоғары оқу орындарындағы экология мамандықтарында «Жасыл экономика» жеке мамандандырылған пән ретінде енгізілуі керек.

Студенттер бойында адамзаттың экономикалық тұрғыдағы іс-әрекеті мен климат өзгерісі арасындағы тығыз байланыс және «жасыл экономиканы» енгізудің қажеттілігі туралы ұғымдарды қалыптастыруды, тұрақты дамумен, микро және макродеңгейдегі сапалы экономикалық өсіммен қамтамасыз ету аясында шешім қабылдай білу дағдыларын дамытуды мақсат тұтатын ЖОО-дағы оқыту барысын ынталандыруға ықпал ететін жаңа заманауи пән енгізілуі қажет [3].

«Табиғи ресурстар тапшылығы туындағанда, энергетикалық тұрғыдан сыртқы көздерге тәуелді болып қалатынымыз анық. Оны болдырмас үшін бүгіннен қамданып, экономиканы тұрақтандыруға тиіспіз. Әлбетте, ол үшін «жасыл экономикаға» көшуіміз керек. Яғни, электр қуатын, жылу қуатын жаңғырмалы қуат көздерінен алудың артықшылықтары көп. Біріншіден, олар таусылып қалмайды, екіншіден, экологиялық тұрғыдан әлдеқайда таза болмақ. Бұл оқу курсы студенттердің қоршаған ортаға жанашырлықпен қарай білуіне әрі олардың да жобалық процестерге қатысуына мүмкіндік береді.

Жалпы, әлемнің кез келген елі үшін басты мәселеге айналып келе жатқан климат өзгерісі әсіресе, Қазақстан үшін айрықша маңызға ие болуы тиіс. «Жасыл экономика» курсы тек қоршаған орта мен ауа райына оң әсерін тигізіп қана қоймай, экономикалық тұрғыдан үлкен қаржы түсіре алатын пайдасы мол сала және климат өзгерісімен күрестегі басты құралдың біріне де айнала алады [4].

Стратегияда айтылғандай, жоғары оқу орындарында 2-курстан бастап кәсіпорындардағы міндетті өндірістік тәжірибе заңнамалық тұрғыда бекітілсе, яғни кәсіпорындарға болашақ мамандарды тәжірибе-ден өткізу міндеттелсе нұр үстіне нұр болар еді.

Жақында ел экономикасын «жасыл экономикаға» көшіру туралы қаулыға қол қойылды. 2017 жылы елордамыз Астана қаласында ЕХРО - 2017 халықаралық көрмесін өткізуге байланысты бұл дер кезінде басталған шара деп қабылдау керек. Жасыл экономиканы орнатуға экологтар қандай үлес қоса алады?

Экологиялық тәртіпті оқу барысында студенттер тұлғаның экономикалық жағдайын және климаттың өзгеруінің «жасыл»экономикадағы маңызын; тұрақты даму кешенінде шешім қабылдау тәжірибесін жетілдіру және экономиканың микро және макро мөлшерінде өсуі туралы ақпарат алады.

Жасыл офисті оқу процессіне енгізуде көшбасшы болып келе жатқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тәжірибесіне сүйене отырып біздің университеттің экология мамандықтарына жасыл экономика бағдарламаларын енгізу бірден бір керекті дүние болып есептеледі. Келешек жастардың қолында екендігін ұмытпауымыз керек. Болашақтың 10-ең танымал мамандықтарының бірі, ері маңыздысы экология мамандығы екендігі қазіргі таңда белгілі болып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанымыздың барлық аумақтарындағы ЖОО жасыл экономиканы қолдайтындығы расталуда. Осыған байланысты бірнеше конференция, семинар ұйымдастырылуда. Мәселен жақын арада Алматы қаласындағы Алматы энергетика және байланыс университеті және Тараз қаласындағы Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті арасында «Климаттың өзгеруі және жасыл экономика курсы ЖОО енгізу» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Осы жиындағы қарастырылған мәселелерді негізге ала отырып біздің Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің, Жаратылыстану институты жанындағы Экология мамандықтарына өте қажетті курс бола алатындығын түсіндім.

Осы курстың соңында студенттер климаттық өзгерістерді зерттеу барысындағы компоненттерді және «жасыл»экономиканы түсінуге мүмкіндік алады; ҚР «жасыл» экономиканы суреттеп және оның зерттеу барысындағы басты түрлерін анықтауды үйренеді; теоретикалық, методологиялық және этикалық сұрақтарды пайдаланып «жасыл» экономика мен климаттың өзгеруіне байланысты талдаулар жүргізеді; ғылыми зерттеу жүргізу және «жасыл»экономика мен климаттық өзгеріске байланысты әртүрлі жобалар әзірлей алады.

Хакім Абайдың өзі «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен ғана озады» деп айтып кеткені белгілі. Сондықтан мектеп түлектеріне айтарым, білім алыңыздар, лайықты таңдау жасаңыздар. Біздің Абай атындағы ҚазҰПУ сияқты бетке ұстар жоғары оқу орындары шетелдің университеттерінен кем түспейді. Мұнда түскен студенттер қазақ, орыс және ағылшын тілінде білім алады. Кезінде Міржақып Дулатов та «Ұл-қыз демей баланы оқыт, қазақ» деген екен. Әрине, қазіргі заманда жоғары білімдінің бәрі жұмыспен қамтылмаса да, мүмкіндік бар кезде білім алған дұрыс деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Концепция по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике». Указ Президента РК от 30.05.2013 г. № 577. - Электронный ресурс: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31399596
2. Модельный план по устойчивому развитию университетов/ Под ред. Г.М. Мутанова. - Алматы, 2014. - 19 с.
3. UI Green Metric World University Ranking Provides guide to history, academics, campus life, research, news, and admissions. With campuses at Salemba and Depok. <http://greenmetric.ui.ac.id/>
4. Актуальность введения дисциплины «Изменение климата и «зеленая экономика» в учебный процесс Р. Т. Турекельдиева, Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати, 2017.

Л.Е. Кушетова¹, С.М. Назарбаева²

¹6M060800-«Экология» мамандығының 2 курс магистранты, lazzat-islam@mail.ru
²т.ғ.д.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қаласы, Қазақстан

КӨШЕ БОЙЫНДА ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП АЙМАҒЫНДА ӨСЕТІН АҒАШ ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа

Ағаш өсімдіктерінің өндірістік жұмыстары ағаш тұқымынан немесе көшеттерден орман өсіру, ағаш дайындау, оны кесуді реттеу, тұқымдарын жинау, оларды сақтап, қуту, тәлімбақтарда көшет отырғызу, өрттен қорғау. Соңғы жүз жыл ішінде табиғатымыз, экологиялық тұрғыдан алғанда күрт өзгеріске ұшығады. Оған себеп, ірі қалаларда өнеркәсіп өндірісінің қарқынды дамуы. Ауыр металдар өсімдіктің тамыры мен жер үсті мүшелерінің өсуін тежейді. Шаң-тозандар өсімдіктің жоғарғы бөлігіне шөккен кезде, жапырақ устьицаларын бітеумен бірге, газ алмасуын, су режимін, жарық жұтуын нашарлатады. Берілген ғылыми мақалада Ақтөбе қаласының кейбір шағын аудандарының қар жамылғысы, топырақ құрамы, және жапырақ бетіне қонған шаң мөлшеріне жүргізілген зерттеулер ұсынылды. Топырақ құрамындағы және қар жамылғысындағы ауыр металдардың соның ішінде хром, мырыш, қорғасын мөлшері анықталып, ағаш өсімдігіне қаншалықты әсер ететіні сипатталды. Ағаш өсімдіктерін өсіру халық шаруашылығының бір түрі.

Түйін сөздер: ағаш өсімдіктер, өндірістік ластану, жат>грақтар,экология, қоршаған орта ауыр металдар, шаң, фотосинтез.

Аннотация

Л.Е. Кушетова¹, С.М. Назарбаева²

¹магистрант 2-го курса, lazzat-islam@mail.ru
²д.т.н.

Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова

ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ ДРЕВЕСНЫХ НАСАЖДЕНИЙ В ОКРЕСТНОСТИ ГОРОДСКИХ УЛИЦ И ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ

В научной статье представлены результаты химического анализа снежного покрова, состава почвы и количество пыли на поверхности листа в некоторых микрорайонах города Актөбе. Были определены тяжелые металлы в том числе хром, цинк и свинец в составе почвы и снежного покрова, и было описано их влияния на древесные насаждения. Вкашивание древесной растительности является одним из видов сельского хозяйства.

За последние сто лет с экологической точки зрения наша природа кардинально изменилась. Причиной этому является быстрый рост промышленных предприятий. Тяжелые металлы замедляют рост корневой системы и надземных органов. Пыль, оседая на поверхности растения, закупоривает устьица, что ведет к ухудшению газообмена, нарушению водного режима, а также затрудняет поглощение света

Ключевые слова: древесные насаждения, промышленные загрязнения, листья, экология, пыль, тяжелые металлы, окружающая среда, фотосинтез.

Abstract

L.E. Kushetova¹, S.M. Bazarbayeva²

¹2 course undergraduate
¹t.s.d.

K.Zhubanov Aktobe Regional State University

ECOLOGICAL CONDITION OF WOODY PLANTATIONS IN THE VICINITY OF CITY STREETS AND INDUSTRIAL ENTERPRISES

The scientific paper presents the results of the chemical analysis of the snow cover, soil composition, and the amount of dust on the leaf surface in some microdistricts of the city of Aktobe. Heavy metals including chromium, zinc and lead in the composition of soil and snow cover were identified, and their influence on tree plantations was described. Growing woody vegetation is one of the types of agriculture.

Over the last hundred years, from the ecological point of view, our nature has changed radically. The reason for this is the rapid growth of the industrial enterprises. Heavy metals slow the growth of the root system and over the terrestrial organs. Dust, settling on the surface of the plant, clogs the stomata, which leads to a deterioration in gas exchange, a violation of the water regime, and also makes it difficult to absorb light

Key words: Wood plantings, industrial pollution, leaves, ecology, dust, heavy metals, the environment, photosynthesis.

Қазіргі кезде ірі қалалардың экологиялық жағдайы мәз емес екендігі еш құпия емес. Тіпті химиялық және металлургиялық өндіріс орындары болмасада, тұншықтырғыш газ әрдайым жүйелі түрде сол елді мекеннің қоршаған орта ауасын улап отырады. Өсімдіктер әлемінсіз тіршілікті елестету тіпті мүмкін емес. Қоршаған орта жағдайын жақсартуда жасыл желектердің маңызды рөл атқаратыны бұрыннан белгілі. Әсіресе оның санитарлық - гигиеналық қызметінің мәні зор. Өсімдіктер ішінде ағаштардың алатын орны бөлек. Барлық өсімдіктер дүниесінің 88 пайызын ағаштар құрайды. Тек ағаш өсімдіктерінің арқасында барлық тіршілік иелері өзіне қажетті оттегін алып, тіршілігін жалғастыруда. Ағаш жапырақтары фотосинтез процесі арқылы көмірқышқыл газын сіңіріп, таза оттегі бөліп шығарады. Орташа тал ағашы тәулігіне үш адамның тыныс алып жүруіне жеткілікті көлемдегі оттегі бөліп шығарады. Өсімдіктердің өсіп жетілуі қоршаған орта мен тығыз байланысты. Температура, жауын шашын мөлшері, биотикалық және абиотикалық факторлар топырақ құрамы осылардың барлығы өзара байланыса отырып, өсімдіктің өсуіне өз әсерлерін тигізіп отырады.

Саябақтар қаланы тек көріктендіріп қана қоймай, адамдардың тіршілік ету әрекетінен пайда болатын қалдықтар мен пайдаланылған газдардан ауаны тазартып отырады. Қала көшелеріне қарағанда саябақтарда шаң-тозаң көлемі шамамен қырық пайызға төмен. Ал ормандарда қала ауасымен салыстырғанда бактериялар 300 есе кем болады. Кейбір талдар түрлері үлкен көлемде яғни, автокөліктен 20 мың километр жүріп өткенде шыққанпайдаланылған газды бойына сіңіре алады. Желдің күшімен жоғарыға көтерілген шаң- тозаң, талдардың ұшар басындағы жапырақтарда бөгеледі. 1 га жапырақты ағаштардың кейбір түрлері шамамен 100 тонна шаң-тозанды ұстап қала алса, қылқан жапырақтылар 40 тоннаға жоуықшаң-тозанды ұстап қалады. Жасыл желектер - ауаны ластаушы химиялық заттарды, әсіресе газдарды, тотықтырып өзгертіп, олардың зиянды әсерлерін азайтады. Ағаш өсімдіктерінен бөлінетін фитонцидтер, қала ауасын бактериялық ластанудан тазартады. Жылдар бойы атмосфералық ауаны тазалауда үлкен ықпал етіп, өсімдіктің өзі зақымданып құрдымға ұшырайды. Орман алқаптары мен салыстырғанда қаладағы және өндіріс аймақтарында өсетін ағаш өсімдіктерінің өсу ұзақтығы 5-8 есеге қысқарады. Қаладағы зиянды әрекеттерді төмендету мақсатында жасыл екпелер отырғызылады. Отырғызындыларды сипатына қарай фильтрлеушілерге және окшаулаушыларға бөліп отырғызады.

Окшаулау - ластанған ауа ағымына механикалық кедергі болып, қалың отырғызылған ағаш алқабының үстіне ластанған ауа ағымының шөгуін қамтамасыз ететін ағаш отырғызындылары. Фильтрлеу - ластанған ауа ағымы алқап арсынан өткенде сиретілген, жан-жақтан жел соғып тұратын механикалық және биологиялық фильтрлеу ролін атқаратын ағаш отырғызындылары [1].

Соңғы жүз жыл ішінде табиғатымыз, экологиялық тұрғыдан алғанда күрт өзгеріске ұшырады. Оған себеп, ірі қалаларда өнеркәсіп өндірісінің қарқынды дамуы. Ақтөбе қаласында орналасқан «Ақтөбе феррокорытпа зауыты», «ТНК Қазхром», ЖШС «Ақтөбе мыс компаниясы» және т.б. ұзақ жылдардан бері қала территориясын ластауда. Тірі табиғаттың компоненттерін ластайтын көптеген химиялық элементтердің ішінде, ауыр металдар соңғы кезде көбірек назар аудартады.


Ауыр металдар өсімдіктің тамыры мен жер үсті мүшелерінің өсуіне тежейді. Көптеген зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда тамырдың өсуі көбірек тежеледі, тамыр түктерінің саны және биомассасы азаяды. Ауыр металл әсерінен алдымен тамырдың меристема аймағы, содан кейін созылу және тамыр түтіктерінің түзілуі жүретін аймағының клеткалары бұзылады. Өсімдік организмнің ауыр металдарға қарсы қорғаныштық күшінің белсенділігі, олардың клетка ішлік залалсыздандыру механизмін іске қосады [2].

Шаң-тозандар өсімдіктің жоғарғы бөлігіне шөккен кезде, жапырақ устьицаларын бітеумен бірге, газ алмасуын, су режимін, жарық жұтуын нашарлатады.

Зерттеу жұмысына байланысты, Ақтөбе қаласының төрт шағын ауданынан (Заречный ауылы, Қ.Жубанова көшесі, Авиагородок, Чекалина) топырақ сынамасы алынып, топырақ құрамындағы ауыр металдарға (хром, қорғасын, мырыш) зерттеу жүргізілді. Зерттеулер нәтижелері келесі кестеде көрсетілген (кесте 1).

Кесте 1 - Топырақ құрамындағы ауыр металдар мөлшері

Көрсеткіштер атауы	Сынама алынған күні	Сынамалар әдістемесіне НҚ	ШМК	Нақты алынған мәліметтер			
				Жубанов көшесі	Заречный елді мекені	Авиа қалашығы	Чекалин көшесі
				Сынама №885-П	Сынама №886-П	Сынама №886-П	Сынама №887-П
Органикалық заттың массалық үлесі, %	03.10.2016ж.	ГОСТ 26213-91	-	0,84	0,43	0,38	0,73
Хром, конц-сы мг/дм ³	03.10.2016ж.	ГОСТ ИСО 22036 -2014	6,0	16,2	8,30	11,14	24,35
Мырыш, конц-сы мг/дм ³	03.10.2016ж.	ГОСТ ИСО 22036 -2014	30,0	10,98	13,75	18,37	24,04
Қорғасын, конц-сы мг/дм ³	03.10.2016ж.	ГОСТ ИСО 22036 -2014	23,0	6,97	12,33	14,83	16,3




Сурет 1 - Топырақ құрамындағы ауыр металдар мөлшері

Сонымен қатар, Ақтөбе қаласының үш түрлі аудандарынан (Заречный ауылы, Тұрғындар қалашығы, бесінші мөлтек ауданы) қар жамылғысының сынамалары алынып, құрамындағы ауыр металдарға (хром, қорғасын, мырыш) зерттеу жүргізілді. Зерттеулер нәтижелері келесі кестеде көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2 - Су құрамындағы ауыр металдар мөлшері

Көрсеткіштер атауы	Сынама алынған күні	Сынамалар әдістемесіне НҚ	ШМК	Нақты алынған мәліметтер		
				Зареч-ный елді мекені	Тұрғындар қалашығы	5 шағын м. ауд.
				Сынама №571-в	Сынама №572-в	Сынама №573-в
Хром, конц-сы мг/дм ³	09.03.2017ж	ИСО 11885:2007	0,02	0,060	0,48	0,12
Мырыш, конц-сы мг/дм ³	09.03.2017ж	ИСО 11885:2007	0,01	0,030	0,29	0,11
Қорғасын, конц-сы мг/дм ³	09.03.2017ж	ИСО 11885:2007	0,1	<0,001	<0,001	<0,001



Сурет 2 - Су құрамындағы ауыр металдар мөлшері

Жоғарыда алынған қар және топырақ сынамалары тәрізді, көше бойында өсетін ағаш өсімдіктерінің жапырақтары алынып (бальзамды терек), Н.Федоровтың гравиметриялық әдісі бойынша жапырақ бетіне шөккен шаң мөлшерін анықтау арқылы зерттеу жүргізілді. Зерттеулер нәтижелері келесі кестеде көрсетілген (кесте 3).

Кесте 3 - Жапырақ бетіне қонған шаң мөлшері

Атауы	Сынама алынған жері	Алынған уақыты	Жапырақтағы шаң массасы, м ²
Бальзамды терек	Заречный шағын ауд.	28.09.2016ж	0,08
Бальзамды терек	А.Молдағұлова көш.	28.09.2016ж	0,030
Бальзамды терек	Чекалин көш.	28.09.2016ж	0,068



Сурет 3 - Жапырақ бетіне қонған шаң мөлшері

Тәжірибе нәтижесі бойынша топырақ және қар жамылғысы құрамындағы кейбір ауыр металдардың мөлшері, нақтырақ айтқанда топырақта хром, ал қар жамылғысында хром және мырыш шекті мөлшер концентрациясынан ауытқуы байқалды. Жапырақ бетіне қонған шаң мөлшеріне келіп тоқталсақ, Чекалин көшесі мен Ә. Молдағұлова көшесінде шаң - тозаң мөлшері, Заречный елді мекенінен әлдеқайда жоғары екені байқалады. Оның себептері транспорттардан және өнеркәсіп орындарынан шыққан улы газдардан бөлінетін зиянды қалдықтардың жапырақтар беті, қар жамылғысы және топырақ бетіне түсуі салдарынан болып отыр.

Топырақ құрамындағы ауыр металдар, қар жамылғысы және атмосфералық ауа құрамындағы ластаушы заттар мөлшерін азайту үшін, қалаларда келесі ағаш өсімдік түрлерін отырғызу қажет: кәдімгі қарағай, шырша, сүмбіл терек, бальзамды терек, қараған, боз қараған, мамыргүл, сексеуіл, жыңғыл, жөке.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Галактиков М. М. Декоративное деревья и кустарники для озеленения городов. М. 1983 г., - С. 187.
2. Володько И. К. "Микроэлементы и устойчивость растений к неблагоприятным условиям", Минск, Наука и техника, 1983.- С. 64.

ӘӨЖ 338.12
ҒТАМР 06.52.45

Е.А. Ахметов¹, Ә.А. Төлеген²

¹п.ғ.к., профессор

²1-курс магистранты

«Қазақстан географиясы және экология» кафедрасы
Жаратылыстану және география институты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА

Аңдатпа

Қазақстан экономикасы ел тәуелсіздігін алған тұстан бастап күні бүгінге дейін әлемде орын алған бірқатар экономикалық дағдарыстарға тап болды. Ел бірлігі мен елбасының тиімді саясатының, сондай-ақ еліміздің

әлеуметтік-экономикалық салаларында атқарылған жұмыстардың нәтижелілігінің арқасында Қазақстан экономикасы дағдарысты өзге елдермен салыстырғанда әлденеше есе шығынсыз еңсеріп келді. Әлемдік мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде өткен жылдың екінші жартысында орын алып, әлі күнге дейін созылған әлемдік экономикалық дағдарыс экономикасы шикізатты сыртқа экспорттауға тәуелді біздің елімізге де зардабын тигізуде. Дағдарыс қарсаңында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өнім көлемі төмендеп, азық-түлік және басқа да өнімдердің бағасы әлденеше есеге қымбаттады. Алайда, дағдарыстан дамуға бет алған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайында, ел экономикасының бірқатар салаларында ілгерілеушіліктер байқалады. Осыған орай, бұл мақалада индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасының аясында, сондай-ақ өңірлерді дамыту бағдарламаларына сай республика аумағында бой көтерген жаңа кәсіпорындар, қайта жанарған кей зауыттарға талдау жасалынып, жаңадан ашылған жұмыс орындарының тиімділігі көрсетілген. Сондай-ақ, Елбасының 2017 жылғы Жолдауында атап көрсетілгендей, білім беру мен денсаулық сақтау салаларында жүзеге асқан бірқатар жобалардың нәтижесінде әлеуметтік салаларда да байқалып отырған ілгерілеушіліктердің басымдықтары дәйектелді.

Түйін сөздер: дағдарыс, Қазақстан Республикасының экономикалық-әлеуметтік даму жағдайы, экономиканы өртартапандыру, индустриалдық-инновациялық даму, Дүниежүзілік сауда ұйымы, мұнай-газ секторы, электр энергетикасы, көлік-коммуникация кешені, агроөнеркәсіп кешені, хаб.

Аннотация

Е.А. Ахметов¹, А.А. Толеген²

¹к.п.н., профессор

²магистрант 1 курса

институт Естествознания и географии

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

г. Алматы, Казахстан

КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОГО КРИЗИСА

Экономика Казахстана со времени независимости до нынешнего времени прошел немалый экономический кризис. Благодаря единству народа и политики Главы государства, а также результатам выполненных работ в социально-экономической сфере сравнением с другими государствами прошли кризис без оплаты. В результате современного экономического кризиса, затянувшееся падение мировых цен на углеводороды, особенно нефти, снижаются производство промышленной и сельскохозяйственной продукции, подорожают цены на продовольственные и иные товары. В связи с этим все отрасли экономики пересматривают свою финансово-экономическую деятельность и вносят значительные коррективы в производство. Несмотря на трудности экономического кризиса в развитии отдельных отраслей экономики Казахстана наблюдаются определенные сдвиги. В данной статье рассматривается подробно и достоверно соответствующих примерах показаны определенные сдвиги в топливно-энергетической, машиностроительной, металлургической, химической отраслях, а также транспортной инфраструктуре и социальной сфере. В Казахстане утверждена новая программа индустриально-инновационного развития на 2015-2019 гг. Программа разработана в соответствии с долгосрочными приоритетами стратегии «Казахстан-2050» и концепцией по вхождению мира, являются логическим продолжением предыдущей подобной госпрограммы.

Ключевые слова: Кризис, социально-экономическое развитие Республики Казахстан, диверсификация экономики, индустриально-инновационное развитие, Всемирная торговая организация, нефте-газовый сектор, электроэнергетика, транспортно-коммуникационный комплекс, агропромышленный комплекс, хаб.

Abstract

Akhmetov E.¹, Tolegen A.²

¹Ph.D., professor

²master of 1st course

Institute of Natural Sciences and Geography of KazNPU named after Abai,

of KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan c. Almaty, Kazakhstan

ECONOMIC CRISIS IN KAZAKHSTAN

Kazakhstan's economy since independence to the present time was a considerable economic crisis. Thanks to the unity of the people and the policy of the Head of State, as well as the results of work performed in the field of socio-economic comparison of state of other crisis passed without payment. As a result of the current economic crisis, a prolonged fall in world prices for hydrocarbons, especially oil, reduced production of industrial and agricultural products to raise prices for food and other goods. In this regard, all sectors of the economy are reviewing their financial and economic activity and to make significant adjustments to the production. Despite the difficulties of the economic crisis in the development of individual sectors of the economy of Kazakhstan there are certain shifts. This article discusses in detail the relevant and reliable examples show some progress in the energy, engineering, metallurgical and chemical industries, as well as transport infrastructure and the social sphere. Kazakhstan has approved a new program of industrial-innovative development for 2015-2019 years. The program is designed in accordance with the long-term priorities of the strategy "Kazakhstan-2050" and the concept of entering the world is a logical continuation of the previous similar state program.

Key words: The crisis, the socio-economic development of the Republic of Kazakhstan, the diversification of the economy, industrial and innovative development, the World Trade Organization, the oil and gas sector, energy, transport and communication, agribusiness, hub.

Соңғы жылдары дүниежүзілік экономиканың даму жағдайының айтарлықтай нашарлауы байқалуда. Қазіргі дағдарыстың ғаламдық сипатта болуы салдарынан оның зардабын әлемнің барлық елдері дерлік сезініп отыр. Дағдарыс барлық бағытта дамуда. Таяуда республика Президенті атап өткендей, біздің еліміз де экономикалық дағдарыс жағдайында болуда.

Осы заманғы экономикалық дағдарыс, ұзаққа созылған әлемдік мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнім көлемі төмендеп, азық-түлік және басқа өнім бағасы қымбаттауда. Осымен байланысты экономиканың барлық салалары өздерінің қаржы-экономикалық іс-әрекеттерін қайта қарап, өндіріске едәуір өзгерістер енгізуде. Мұндай экономикалық қиындықтарға қарамастан Қазақстан экономикасында белгілі бір ілгерілеушіліктер орын алып отыр.

Индустрияландыру картасы шебінде 2015 жылы Қазақстанда 120 жаңа нысан іске қосылып және тұрақты 10 мыңдай жұмыс орны ашылды. 2000-2015 жылдар аралығында барлығы 85 мың тұрақты жұмыс орны ашылып, 850 жоба іске асып, соның 90%-ы жеке кәсіпкерлік есебінен орындалды [1].

2015 жылы еліміздің ЖІӨ 186 млрд. АҚШ долларын құрап, ТМД елдері бойынша бірінші орынға шыққандығы белгілі. Салыстыру үшін Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан және Тәжікстанның бәрін қоса алғандағы ЖІӨ 81 млрд. доллар болды (2015 жыл, тамыз) [2]. Ал, қазіргі таңда ЖІӨ 0,8% құрап отыр. Сондықтан 2016 жылғы экономика салаларын дамытудың, АҚШ долларының есептік бағамының өзгеруінің алдын-ала есептік мәліметтерін, сондай-ақ әлемдік тауар нарықтарындағы ағымдағы үрдістерді ескере отырып ағымдағы жылы ЖІӨ көлемі 49,7 трлн теңгені құрайды деп болжануда.

Бүгінде Ұлттық қорда 76,8 млрд. АҚШ доллары жинақталынған. Ұлттық қордағы қаржыны есептегенде еліміздің алтын валюталық қоры 105,4 млрд. АҚШ долларынан астам (2015 жыл, 1 желтоқсан) [2].

Соңғы бірнеше жылдарда Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру бойынша Қазақстанда кең көлемде жұмыстар іске асты. Сондай жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан Женевада 2015 жылдың соңында ДСҰ-ның 162-ші толыққанды мүшесі болып қабылданды. Қазақстанның ДСҰ-на енуі экономикамыздың шешуші салаларына келуші біздің экспорттаушыларымыз үшін де, сондай-ақ шетелдік инвесторлар үшін де жаңа мүмкіндіктер ашатын болады.

Еліміз экономикасын әртараптандыру (диверсификациялау) мақсатында Қазақстан Президенті индустриялық-инновациялық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Бағдарламаның негізгі мақсаты - әр тараптандыруды ынталандыру, өңдеуші өнеркәсіптің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру болып табылады. Атап айтқанда, өңдеуші өнеркәсіптің металлургия, химия, мұнай химиясы, машина жасау, құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі сияқты 6 басым бағыты таңдап алынған. Сондай-ақ, бағдарламада кластерлік саясат анықталынып, ол экономиканы жаңа технологиялық платформаға көшіруге бағытталынған.

Біздің елімізде әлеуметтік сфераны, оның ішінде денсаулық сақтау саласын жаратқандыруға баса назар аударылған. 2015 жылы бұл саланың қаржыландырылуы 690 млрд. теңгені құрады. Қазіргі таңдағы еліміздің әлемдік деңгейдегі медициналық орталықтарына - «Ана мен баланың ұлттық орталығы» және нейрохирургия институты жатады.

Қазақстан кардиохирургиясы дүние жүзінде жасанды жүректі ауыстырып салу бойынша көшбасшы ретінде танылып отыр. Астананың кардиохирургиялық орталығында біздің мамандарымыздың жүректі ауыстырып салу бойынша тәжірибесін үйренген 30 жетекші елдің кардиохирургтері білім алды. Соңғы жылдары әлемнің 22 елінің 200-ден астам шетелдіктеріне ота жасалынды [3].

2015 жылдың соңында 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының денсаулықты дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Аталған бағдарлама қолданыстағы «Саламатты Қазақстанның» міндеттерін жалғастырады.

Қазақстан кеңестіктен кейінгі елдердің ішінде Ресейден соң мұнай өндіру мен оны экспорттаудан жетекші орынды алады. 2015 жылы біздің елімізде жоспардағы 85 млн. т орнына 79 млн. т мұнай өндірілді. 2016-2018 жылдарға арналған республика бюджетінде 2016 жылы мұнай өндіру көлемі 74 млн. теңгені құрады. Белгіленген жоспардың толық орындалмауы әлемдік мұнай бағасының ауытқуына байланысты болып отыр. Сондай-ақ, Маңғыстау облысында еліміздегі төртінші мұнай өңдеу зауыты салынатын болады.

Еліміздегі ең ірі Қашаған кен орнында труба құбырынан газдың шығуымен байланысты 2013 жылдың қыркүйегінде мұнай өндіру тоқтатылған болатын. Содан бері газ және мұнай құбырларының 200 км бойында оларды толық ауыстыру жұмыстары жүруде. Аталмыш кен орнынан мұнай өндіру 2016 жылдың екінші жартысында жүзеге асты.

Электр энергетикасы өнеркәсібінде Балқаш көлінің оңтүстік-батысындағы Алматы облысының Үлкен поселкесінде Оңтүстік Корея компаниясының қатысуымен қуаты 2640 МВт, құны 2,3 млрд. АҚШ

долларын құрайтын Балқаш жылу электр станциясының құрылысы жүруде. Соңғы жылдары Қазақстанда АЭС салу күн тәртібінен түспейтін негізгі мәселенің бірі болды. Енді үкіметтің шешімімен Шығыс Қазақстан облысының Курчатов қаласында «Росатомның» қатысуымен АЭС салынатын болады. Оның құрылысы 2018 жылы басталып, 2025 жылы іске қосылуы тиісті [4].

Түсті металлургия саласында Өскемен қаласында Оңтүстік Кореяның POSKO компаниясының қатысуымен «ПосукТитанум» титан құйындысын шығаратын зауыт салынды. Оның өнімі өнеркәсіпті, ядролық энергетиканы, тұщыландыру қондырғыларын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, осы салада Шығыс Қазақстанда Ақтоғай және Павлодар облысында ҚХР-мен ынтымақтастықта ТМД-дағы ең ірі Бозшакөл кен-байыту комбинаты салынууда.

Атырау қаласының маңындағы Қарабатан елді-мекенінде 2010 жылдан бері полипропилен және полиэтилен шығару бойынша газ-химия кешенінің құрылысы жүруде. Жоба құрылысы 2019 жылы аяқталатын болады.

Жамбыл облысының Жаңатас қаласында құрылысы 2018 жылы аяқталатын минералдық тыңайтқыш шығару бойынша «Еурохимтыңайтқыш» зауыты салынууда. Сондай-ақ, осы облыста «АстанаТрансОйл» ЖШС қатысуымен қуаты 100 млн. текше м табиғи газды сұйылту зауыты салынатын болады.

Бүгінде Қазақстанда жеңіл автомобиль шығарумен екі кәсіпорын айналысады. Бұл - «АзияАвто» (Өскемен) және «АгромашХолдинг» (Қостанай).

Өскеменде толық циклды автомобиль зауытының құрылысы жүруде. Бұл - Қазақстан және Ресей бірлескен кәсіпорын. Инвестицияның жалпы көлемі 400 млрд. АҚШ долларын құрайды. Жылына зауыт 120 мың автомобильдің 25 түрін шығарып, 12 мың адам қызмет ететін болады.

Екінші кәсіпорын - «АгромашХолдинг» Қостанай қаласында, автомобиль шығарудың ұйымдас-тырушысы «СарыарқаАвтоПром» ЖШС, жоба құны 2562 млн. теңге. Жылдық қуаты - 1500 автомобиль шығару. Енді жолсыз жерде де пайдалануға бейімделген Toyota Fortuner шығаруға кірісті.

Еліміз экономикасын дамытуда көлік кешені маңызды орын алады. Соңғы жылдары Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында Батыс Еуропа - Батыс Қытай автомобиль дәлізі құрылысы жүріп, негізгі кезеңі аяқталды. Қазақстан аумағындағы дәліздің ұзындығы 2784 км. Енді оның Алматы облысы аумағындағы Қытай шекарасында Қарғос бекінісіне дейінгі шығыс бөлігінің құрылысы жүруде. Дәліз толығымен 2019 жылы іске қосылады. Халықаралық Батыс Еуропа - Батыс Қытай көлік дәлізі шебінде бес халықаралық және екі республикалық көлік-логистикалық орталықтар салыну қарастырылған.

Алдағы мерзімде еліміздің Қырғызстанның Ыстықкөл жағалауындағы курортты аймақтарына шығуын жақсарту мақсатында ұзындығы 240 км Алматы-Шолпан-Ата автомобиль жолы екі жағынан салынып, 2017 жылы аяқталатын болады. Жолдардың жақсара түсуі Қазақстан экономикасының дамуына елеулі әсер етеді.

Елімізде халықаралық маңызы бар Түрікменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай магистральды газ құбыры 2009 жылы іске қосылған болатын. 2015 жылдың соңында «ҚазТрансГаз» ұлттық операторы «Қазақстан-Қытай» ұзындығы 1303 км газ құбырының «С» тармағын іске қосты. Барлық «А», «В» және «С» тармақтарының газды жіберу мүмкіндігі 55 млрд. текше м газды құрайтын болады. Қазір бұл құбыр жолымен Қытайға газ тасымалдануда [5].

2010 жылдан Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағымен өтетін Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының құрылысы жүруде. Оның Бейнеу-Бозой бірінші кезегі 2013 жылы іске қосылды. Содан бері мезгілде 2 млрд. текше м газ тасымалданды. Жалпы алғанда барлық компрессорлық станцияларды салудан соң жобаны толық аяқтау 2017 жылға жоспарланған.

2011 жылы 1 желтоқсанда 1988 жылдан салынып келе жатқан Алматы метрополитенінің бірінші кезегінің іске қосылғаны белгілі. 2015 жылдың 18 сәуірінде Алматы метрополитенінде екі станция іске қосылып, олардың саны 9-ға жетті. Алматы қаласын дамытудың бас жоспары бойынша барлығы 24 станция болып, олардың ұзындығы 45 шақырымға жетуі тиісті. Қазір метрополитеннің екінші кезегінің құрылысы жүруде.

Маңғыстау облысының Құрық портында құрылысы жүріп жатқан өткел кешені 2016 жылдың соңында іске қосылды. Толық қуатына енгенде өткелмен жылына 1,5 млн. т астық, 0,5 млн. т жүк және 1 млн. т астам контейнер тасымалданады.

Әуе көлігінде 3 әуежай кешені - астана ретіндегі Астана қаласы, қаржы орталығы ретінде Алматы қаласы және мұнай өндірудің орталығы ретінде Атырау қаласында әлемдік стандарт деңгейінде өсіп отырған, қажеттілікті қамтамасыз етуге қабілетті, ірі маманданған «хабтар» дамуда. 2017 жылдан бастап Қазақстан аумағында қолайлы географиялық жағдайымен индустриалдық орталық ретінде Қарағанды әуежайы «хаб» ретінде әрекет ететін болады.

Келешекте туризмді дамыту үшін жергілікті тарихи және мәдени маңызы бар (Түркістан), сондай-ақ санаторий-шипажай инфрақұрылымы бар (Алакөл, Балқаш, Баянауыл, Бурабай) орындар мен облыс орталықтарының арасында әуе қатынасын ұйымдастыру көзделуде.

Агроөнеркәсіп кешенінде Астана және Алматы қалалары халқын ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етуде арнайы құрылған қала маңында маманданған шаруашылықтар жұмыстары одан әрі жақсара түсетін болады.

Аймақтарды дамыту бағдарламасы негізінде Астана қаласы және оның маңындағы қалаларды дамытуда 2030 жылға дейінгі Астана қаласын тұрақты дамытудың стратегиялық жоспары жүзеге асады. Астана қаласында өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі шебінде салынып жатқан жаңа құрылыстар толығымен іске қосылады. ЭКСПО «Болашақтың энергиясы» көрмесі 2017 жылдың 10 маусымынан 10 қыркүйек аралығында өтетін болады. Көрмеге қатысуға бүгінде 50-ден астам ел келетіндіктерін хабар етті [6].

Пайдаланылған дерек көздері:

1. *Ахметов ЕА., Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. Оқу құралы. Алматы, 2012. -527б.*
2. *Динамика валового внутреннего продукта в странах мира. «Статистика СНГ». —№4, 2015. -261-264б.*
3. *Юрий Пя: Все операции на сердце можно делать в Казахстане: <https://tengrinews.kz/medicine/yuriv-pya-vse-operatsii-na-serdtse-moino-delat-v-kazahstane-225147/>*
4. *В Казахстане построят АЭС нового поколения: <http://locman.kz/newsonly.php?ID=121615>*
5. *Шаяхметов Б. Обеспечив транзит туркменского газа в КНР через Казахстан, правительство должно будет в ближайшее время решить проблему газификации населенных пунктов вдоль магистрального газопровода. «Банк Монитор». —шілде, 2009. -178б. —http://www.bank-monitor.org/ru/archives/2009/07/2009.07.31/2009.07.31_3.html*
6. *Barry O'Farrell's message to the Hunter: Ақпараттық сілтеме. —<http://www.theherald.com.au/story/468143/barry-ofarrells-message-to-the-hunter>*

ӘОЖ 574. 57:578 (035.3)

ҒТАМР 34.35.51

Г.Е. Жантеева

б.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ДИЗАЙН ӨНІМДЕРІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Аңдатпа

Қоғамды толғандырып отырған экологиялық мәселелер дизайнның құралдарын, әдістерін және құндылықтарын түбірімен өзгерткен дизайндағы жаңа бағыттың қалыптасуының негізгі себептерінің бірі болып табылады. Бұл бағыт өмір сүріп тұрған мәдени контексте экологиялық факторды ескере отырып дизайнерлік жобаны қолдануды көздейді. Табиғи ортаның алуан түрлі формада бұзылуы әлемдік құбылысқа айналды, оның салдары адамзат әрекетінің көптеген салаларында өзгерістер әкелді. Қазіргі заман философиясы, әлеуметтанушылары, экологтары, мәдениеттанушылары ішкі цивилизациялық ауысу дәуірінде өмір сүріп жатырмыз деп есептейді. Индустриальдық цивилизация жаңа «ақпараттық цивилизация», «экологиялық цивилизация» т.б. деп аталатын цивилизациямен ауысады.

Заманмен қатар заңның да талаптары өзгеруде. Әсіресе, білім беру жүйесіндегі жаңашылдық жиі орын алып тұрады.

Түйін сөздер: экологиялық дизайн, экологиялық мектеп киімі, экологиялық тауарлар, экологияландыру, экологиялық цивилизация.

Аннотация

Г.Е. Жантеева

доцент, к.б.н. Казахский национальный педагогический университет им. Абая

ПРОДУКЦИЯ ДИЗАЙНА ДВИЖЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ

Экологический дизайн - одно из направлений всемирного экологического движения, в задачи которого входит охрана и восстановление окружающей среды.

В последние годы проблемы экологии природы, человека, культуры настолько актуализировались, выступили на первый план, им уделяется столько внимания, что создается впечатление, будто и экологическое сознание, и соответствующая проектная практика - недавние явления. Между тем, многие экологические критерии испокон веков учитывались в человеческой деятельности.

Таким образом, задачи дизайна качественно меняются: их видят не столько в совершенствовании формы и функции, сколько в сокращении избыточного количества продуктов, в пересмотре материалов и технологий с точки зрения экологии, а также в изменении потребительских требований. В функции дизайна включается и формирование новой структуры потребностей, поскольку ядро экологической проблематики составляют ценностные представления общества.

Экологичная школьная одежда - это предметы гардероба, изготовленные из природного чистого сырья, с учетом безопасности и комфорта ребенка и произведенные без использования химикатов и в согласии с природой, при полном балансе интересов человека и животных. Выбирая экологические товары, родители заботятся о своих чадах, а заодно и об окружающей среде, а также приобретают интересные поводы для совместного времяпрепровождения с ребенком.

Ключевые слова: экологический дизайн, экологичная школьная одежда, экологические товары, экологизация, экологические цивилизация.

Abstract

G.E. Zhanteyeva

Candidate of Biology, associate professor

The Kazakh national pedagogical university after Abay, Almaty, Kazakhstan

THE PRODUCTS OF THE DESIGN MOVEMENT OF ENVIRONMENTAL CONSCIOUSNESS

Ecological design is one of the directions of the global environmental movement, whose tasks include protecting and restoring the environment."

In recent years, environmental problems of nature, man and culture are actualized, acted to the fore, they paid so much attention that it seems like and environmental consciousness, and the corresponding design practice is a recent phenomenon. Meanwhile, many ecological criteria from time immemorial has been taken into account in human activities.

Thus, the task design a qualitative change: they see not so much the perfection of form and function, how to reduce the excessive number of products, reviewing of materials and technologies from the point of view of ecology, and changing consumer demands. The functions of the design includes the formation of the new structure of demand, as - environmental issues are the value perceptions of society.

Environmentally friendly school clothes are items of clothing made from natural pure raw materials, taking into account the safety and comfort of the child and produced without chemicals and in harmony with nature, with the full balance of interests of humans and animals. Choosing environmental goods that parents care about their kids, and along with the environment and acquire the interesting reasons for joint pastime with a child.

An ecofriendly school clothing is the articles of cloak-room, made from natural clean raw material, taking into account safety and comfort of child and produced without the use of chemicals and in tune with nature, at complete balance of interests of man and animals. Choosing ecological commodities, parents care of the children, and in concert and about an environment, and also acquire interesting causes for joint time of forwarding with a child.

Keywords: ecological design, eco-friendly school clothing, environmental products, greening, environmental civilizacija.

Қазір дүние жүзінде адам денсаулығына әсер ететін жағдайларға көңіл бөлінуде. Адамдар табиғаттың әсерінен қорғану үшін өздеріне қажетті киімдер киеді. Бірақ өндірушілер мен тұтынушылар сәнге көп көңіл бөліп, адам денсаулығына зиянды жақтарын ескере бермейді. Тігін өнеркәсібі халықты сәнді де ұнамды киіммен қамтамасыз етуге мүдделі. Киім адамға ең қажетті зат болып табылады, сондықтан да оған қойылатын талаптар да гигиеналық, техникалық, экологиялық, эстетикалық және экономикалық тұрғыдан бөлініп қаралады.

Жыл басында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жалпы орта білім беретін мектепте бірегей үлгідегі оқушы киіміне көшуді талап етті.

Жалпы, жаңа талаптар оқытудың зайырлы сипатына толық сәйкес келеді. Оқушы киімінің бірегей үлгісі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады. Үшеуден асырмай түсті араластыруға рұқсат етіледі. Оқушы киімі тігілетін матаның қалыпты және ашық емес түсі таңдалады. Оқушының жас ерекшелігі ескеріледі. Киімінің бірегей үлгісі күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

Дене жарақаттайтын уақ-түйегі мен бөлек-салағы бар киім киюге тыйым салынады және мата құрамына назар аударылады. Сапасы жақсартылған жартылай жүн және мақта, киіске төзімді, әртүрлі жағымсыз нәрсені жолатпайтын мата пайдаланылады.

Отандық тігін фабрикалары формаларды тігумен айналысады. Қолдағы деректерге қарағанда, бүгінде жеңіл өнеркәсіпте қызмет етіп жатқан қосымша 55 тігін фабрикасы тапсырысты орындауға дайын. Мектеп формасының жылдық нарығы - 30 млрд. теңге. Демек, осыншама сомаға оқушылардың киімін тігуге болады.

Мектеп киімін тігу мәселесі орта білім беру ұйымдары үшін оқушылардың міндетті формасы туралы бұйрық шыққаннан бастап қолға алынды. Қазіргі кезде оны тігуге, дизайнын жасауға жан-жақтан ұсыныстар келуде. Күнделікті тұрмыста ұлттық нақыштағы киімдерді киюді оқушылардан бастау керек.

Қазақтың ұлттық киімдерін киюді күнделікті тұрмысқа енгізу қажет. Бұл өте әдемі көрініс болады. Мысалы, Үндістанға немесе Африкаға барсақ, сол елдің ұлттық киімін киіп жүрген адамдарды жиі кездестіреміз. Алысқа бармай-ақ, көрші Түрікменстанда да жұрт ұлттық киіммен жүреді. Біздің елде ұлттық киімді киюді банк қызметкерлері мен стюардессалардан бастасақ, жалғасын табады деген ойдамын. Мектеп оқушыларының киімдері де ұлттық нақышта жасалса керемет болар еді.

Алдымен оқушылардың киімін өзіміздің отандық фабрикалар тігуі керек, содан кейін мектеп формасын сатып алуға мемлекеттік тапсырысты енгізу қажет.

Оқушы өмірінің бір бөлшегі болып табылатын мектеп формасы - әрбір оқушының көркі, қоғамдағы бет-бейнесі, елінің ертеңіне айналатын, болашақтың көпірін жалғайтын жас ұрпақтың көрікті келбеті. Ұрпаққа тағылымды тәрбие беруде мектеп киімінің маңызы зор. Себебі, мектеп формасы баланы өмірде тазалыққа тәрбиелейді, дұрыс киіну мәдениетін үйретеді, оның ержетуін қалыптастырады.

Гигиеналық талаптардың өзі - адам денсаулығын сақтауға бағытталған ауа мен ылғал өткізгіштігі, жылу сақтау қасиетті, кір жұқтырмаушылық, киіске ыңғайлылығы, су сіңірушілігі және басқалары, киімнің негізгі гигиеналық көрсеткіштері болып табылады. Гигиеналық талаптар бұйымның мақсатына байланысты. Көйлек пен жазғы киімдердің ауаны жақсы өткізіп, ылғал өткізбейтін қасиеттері болады, киюге ыңғайлы, жууға жеңіл болуы тиіс. Қысқы киім жылы, плащтар су өткізбейтін болуы керек.

Киімге қойылатын техникалық талаптардың - тігін материалдарының сапасы мен киімді дайындауға қойылатын талаптар. Киім мейлінше тозбайтын жыртылмайтын жууға және химиялық тазалауға төзімді болуы шарт.

Киімге қойылатын эстетикалық талаптары сәнділікке байланысты. Қандай мақсатқа тігілген киім болса да ыңғайлы және әдемі болуы тиіс .

Тігін бұйымдарының өнімінің ұлғаюы мен ассортиментінің кеңеюі мақта, жүн, жібек және зығыр мата шығаратын тоқыма өнеркәсібінің дамуына байланысты. Жасанды және синтетикалық талшықтар өндірудің жедел дамуына байланысты тоқыма өнеркәсібінің шикізат базасы үнемі кеңеюде.

<p>УЭ-2 5 мин</p>	<p>Цель: Рассмотреть основные положения и особенности ММО. Основные положения метода молекулярных орбиталей 1. В результате линейной комбинации две атомные орбитали (АО) формируют две молекулярные орбитали (МО) - связывающую, энергия которой ниже, чем энергия АО, и разрыхляющую, энергия которой выше энергии АО. 2. Электроны в молекуле располагаются на молекулярных орбиталях в соответствии с принципом минимума энергии, Паули и правилом Хунда. Принцип минимума энергии: электроны заполняют мо в порядке возрастания их энергии - сначала заполняются σ связывающие, π связывающие орбитали, затем σ^* и π^* разрыхляющие орбитали. Принцип Паули: на одной мо не может быть более двух электронов с антипараллельными спинами. Правило Хунда: при заполнении π молекулярной орбитали, сначала заполняются по первому электрону с одинаковым спином (до максимального значения спина), затем по второму электрону с противоположным спином до 0 значения спина. 3. Отрицательный вклад в энергию химической связи электрона, находящегося на разрыхляющей орбитали больше, чем положительный вклад в эту энергию электрона на связывающей МО. 4. Кратность связи в молекуле равна деленной на два разности числа электронов, находящихся на связывающих и разрыхляющих МО. 5. С повышением кратности связи в однопипных молекулах увеличивается ее энергия связи и уменьшается ее длина.</p>	<p>1. Основные теоретические положения ММО (ЛКАО). 2. Образование связи по методу ЛКАО 3. Порядок заполнения электронами МО 4. Правила заполнения электронами МО</p>
<p>УЭ-3 5 мин</p>	<p>Цель: Изучить основные характеристики ММО. Образование связи ММО в гомо- и гетеромолярных молекулах. Характеристики ММО: Порядок связи равен сумме электронов, находящихся на связывающих орбиталях минус сумма электронов, находящихся на разрыхляющих орбиталях и все деленное на два (полуразность)</p> <p style="text-align: center;">2</p> <p>Порядок связи должен быть больше 0, тогда молекула существует, если порядок связи=0, то молекулы нет. Чем больше порядок связи, тем крепче молекула.</p> <div style="text-align: center; margin: 20px 0;"> $\text{He} \quad \text{H}_2 \quad \text{He}$ MO </div> <p>$n=2-2/2=0$ --> молекула не существует</p> <ul style="list-style-type: none"> • Магнитные свойства молекулы: - Диамагнитные свойства - на МО все электроны спарены, поэтому такая молекула не взаимодействует с внешним магнитным полем. 	<p>1. Образование связи по методу МО в гомоядерных молекулах. 2. Образование связи по методу МО в гетероядерных молекулах. 3. Расчет порядка связи. 4. Магнитные свойства молекул: пара- и ди-магнитные. В чем различия.</p>
<p>УЭ-4</p>	<p>Цель: Рассмотреть характеристики ММО. Парамагнитные свойства - на МО имеются неспаренные электроны, поэтому молекула не взаимодействует с внешним магнитным полем, ориентируется (поворачивается).</p>	<p>Тема СРС</p>


5 мин Электронная формула - при написании электронной формулы молекулы, учитывается взаимодействие атомных орбиталей всех уровней и подуровней.




а б

Энергетическая схема образования молекулярных ионов: а - водорода H_2^+ ; б - гелия He_2^+


В молекулярном ионе He_2^+ имеется всего три электрона. На связывающей молекулярной орбитали σ^{g^+} могут разместиться, согласно принципу Паули, только два электрона; поэтому третий электрон занимает разрыхляющую орбиталь σ^{u^+} . Таким образом, число связывающих электронов здесь на единицу больше числа разрыхляющих. Следовательно, ион He_2^+ должен быть энергетически устойчивым. Действительно, существование иона He_2^+ экспериментально подтверждено и установлено, что при его образовании выделяется энергия:



Напротив, гипотетическая молекула He_2 должна быть энергетически неустойчивой, поскольку здесь из четырех электронов, которые должны разместиться на МО, два займут связывающую, а два - разрыхляющую МО. Следовательно, образование молекулы He_2 не будет сопровождаться выделением энергии. Действительно, молекулы He_2 экспериментально не обнаружены.



Процесс образования частицы H_2^+ можно представить следующим образом:




Таким образом, на связывающей молекулярной σ -орбитали располагается один электрон.

Кратность связи равна полуразности числа электронов на связывающих и разрыхляющих орбиталях. Значит, кратность связи в частице H_2^+ равна $(1 - 0):2 = 0,5$. Метод ВС, в отличие от метода МО, не объясняет возможность образования связи одним электроном.

Молекула водорода H_2 имеет следующую электронную конфигурацию $[\sigma^g 1s]^2$.


В молекуле H_2 имеется два связывающих электрона, значит, связь в молекуле одинарная.

Молекулярный ион H_2^- имеет электронную конфигурацию:



Кратность связи в H_2^- составляет $(2 - 1):2 = 0,5$.


В молекуле азота на орбиталях располагаются 10 валентных электронов. Электронное строение молекулы N_2 :




Поскольку в молекуле N_2 восемь связывающих и два разрыхляющих электрона, то в данной молекуле имеется тройная связь. Молекула

1. Электронные формулы молекул.
2. Составить энергетическую схему образования частиц H_2^+ , He_2^+ . Доказать возможность существования молекулярных ионов
3. Составить электронные формулы молекулярных ионов H_2^+ , H_2^- , He_2^+

азота обладает диамагнитными свойствами, поскольку не содержит неспаренных электронов.



На орбиталях молекулы O₂ распределены 12 валентных электронов, следовательно, эта молекула имеет конфигурацию:




В молекуле O₂, в соответствии с правилом Хунда, два электрона с параллельными спинами размещаются по одному на двух орбиталях с одинаковой энергией. Молекула кислорода по методу ВС не имеет неспаренных электронов и должна обладать диамагнитными свойствами, что не согласуется с экспериментальными данными. Метод молекулярных орбиталей подтверждает парамагнитные свойства кислорода, которые обусловлены наличием в молекуле кислорода двух неспаренных электронов. Кратность связи в молекуле кислорода равна $(8-4):2 = 2$.


УЭ-5
5 мин

Цель: Рассмотреть электронное строение ионов.


Рассмотрим электронное строение ионов O²⁺ и O²⁻. В ионе O²⁺ на его орбиталях размещаются 11 электронов, следовательно, конфигурация иона следующая:




или



Кратность связи в ионе O²⁺ равна $(8-3):2 = 2,5$. В ионе O²⁻ на его орбиталях распределены 13 электронов. Этот ион имеет следующее строение:




или




Кратность связи в ионе O²⁻ равна $(8 - 5):2 = 1,5$. Ионы O⁻ и O⁺ являются парамагнитными, так как содержат неспаренные электроны.

Гетеромолекулярные



Согласно методу МО электронное строение молекулы CO аналогично строению молекулы N₂:





На орбиталях молекулы CO располагаются 10 электронов (4 валентных электрона атома углерода и 6 валентных электронов атома кислорода). В молекуле CO, как и в молекуле N₂, связь тройная. Сходство в электронном строении молекул N₂ и CO обуславливает близость физических свойств этих веществ.

В молекуле NO на орбиталях распределены 11 электронов (5 электронов атома азота и 6 электронов атома кислорода).


1. Составить энергетические схемы молекул второго периода C₂, P₂
2. Написать электронные формулы молекул C₂, P₂
3. Составить энергетические схемы ионов O₂⁻, N₂⁻.
4. Написать электронные формулы ионов O₂, N₂.
5. Составить энергетические схемы и электронные формулы гетероядерных молекул CO, NO

следовательно, электронная конфигурация молекулы такова:




Кратность связи в молекуле NO равна $(8-3):2 = 2,5$.

Конфигурация молекулярных орбиталей в ионе NO :



Кратность связи в этой молекуле равна $(8-4):2 = 2$.

Ион NO^+ имеет следующее электронное строение:



Избыток связывающих электронов в этой частице равен 6,

следовательно, кратность связи в ионе NO^+ равна трём.

В ряду NO, NO, NO^+ избыток связывающих электронов

увеличивается, что приводит к возрастанию прочности связи и

уменьшению её длины.

УЭ-6
15 мин

Выходной контроль

Цель: Закрепить новый материал по лекции, поупражняться и выявить непонятные моменты, при необходимости вернуться и рассмотреть повторно.

Самостоятельная работа студента

Энергия химической связи уменьшается в ряду: $NF^+; NF; NF^-$.

Энергия химической связи увеличивается в ряду: $CO^+; CO; CO^-$.

1. Используя метод МО, установите порядок уменьшения энергии химической связи в частицах: $NF^+; NF^-; NF$.


2. Используя метод МО, установите порядок увеличения энергии химической связи в частицах: $CO^-; CO; CO^+$.

3. На основе метода МО установите, какие из перечисленных частиц не существуют:

$He_2; He_2^+; Be_2; Be_2^+$.

Молекулы He_2 и Be_2 не существуют, так как по методу МО они имеют нулевую кратность связи.

4. Распределить электроны на молекулярных орбиталях для молекулы B_2 . Определить кратность связи.



Кратность связи в B_2 составляет $(4-2):2=1$.

5. Распределить электроны на молекулярных орбиталях для молекулы N_2 . Определить кратность связи.

$N_2 [KK^*(D2s)^2 (D^*2s)^2 (D2px)^2 (D2p)^2 (D2pz)^2]$.
Кратность связи в N_2 составляет $(8-2):2=3$.

6. Используя метод МО, определите кратность связи в молекуле C_2 .

Электроны располагаются на молекулярных орбиталях следующим образом: $C_2 [KK^*(D2s)^2 (D^*2s)^2 (D2px)^2 (D2p)^2]$.
Кратность связи в C_2 составляет $(6-2):2=2$.

7. На основе метода МО объяснить, почему не существует молекулы Ne_2 .

Электроны располагаются на молекулярных орбиталях следующим образом:
 $Ne_2 [KK^*(D2s)^2 (D^*2s)^2 (D2px)^2 (D2p)^2 (D^*2p)^2 (D2py)^2 (D2pz)^2]$
Кратность связи в Ne_2 составляет $(8-8):2=0$.
Нулевая кратность связи объясняет тот факт, что данная молекула не существует.

8. Объяснить уменьшение энергии связи при переходе от нейтральной молекулы N_2 к иону N_2^+ .

Электроны располагаются на молекулярных орбиталях следующим образом:
 $N_2 [KK^*(D2s)^2 (D^*2s)^2 (D2px)^2 (D2py)^2 (D2pz)^2]$;
 $N_2^+ [KK^*(D2s)^2 (D^*2s)^2 (D2px)^2 (D2p)^2 (D2pz)^2 (D^*2px)^1]$.
Кратность связи в N_2 составляет $(8-2):2=3$;
Кратность связи в N_2^+ составляет $(8-3):2=2,5$.
Уменьшение энергии связи при переходе от нейтральной молекулы N_2 к иону N_2^+ связано с уменьшением кратности связи.

9. Распределить электроны на молекулярных орбиталях для иона CN^+ .
Определить кратность связи в этом ионе.

$CN^+ [KK^*(D2s)^2 (D^*2s)^2 (D2px)^2 (D2py)^2 (D2pz)^2]$.
Кратность связи в CN^+ составляет $(8-2):2=3$.

10. Используя метод МО определить как изменяется длина связи и энергия связи в ряду CN^+ , CN , CN^+ .

	<p>Электронны располагаются на молекулярных орбиталях следующим образом: $CN^+ [KK^*(\cdot 2s)^2(\cdot *2s)^2(\cdot 2px)^2(\cdot 2py)^2]$; $CN [KK^*(\cdot 2s)^2(\cdot *2s)^2(\cdot 2px)^2(\cdot 2py)^2(\cdot 2pz)^1]$; $CN^- [KK^*(D2s)^2(D*2s)^2(D2p)^2(D2p)^-(D2pz)^2]$. Избыток связывающих электронов в CN^+, CN, CN^- соответственно составляет 4, 5, 6. Увеличение избытка связывающих электронов приводит к увеличению энергии связи (прочности связи). При переходе от CN^+ к CN^- длина связи уменьшается, что обусловлено усилением прочности связи.</p>	
--	--	--

Список использованной литературы:

1. Концепции развития системы образования РК до 2020 - Астана, 2010, 13-14 с.
2. Долгань Е.К. Инновации и современные технологии в обучении химии. Учебное пособие. Калининградский гос. университет, 2000, 60 с.
3. Кудрявцев В.Т. Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы. М.: Высшая школа, 2001, 79с
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. М., 2008, 256 с.
5. Минченков Е.Е. Совершенствование умений осуществлять умственные действия. Ж. Химия в школе. 2000, № 1, с. 1-6.
6. Муравлева О.И. Инновационные технологии обучения, реализуемые в практике преподавателей химии. <http://festival.iseptember.ru> 2012, 54 с.
7. Ахметов Н. С. Общая и неорганическая химия. М.: Высшая школа, 2006, 743 с.
8. Пралиев С.Ж., Бутин Б.М., Байназарова Г.М. Жайлау С.Ж. Общая химия /Жалпы химия, Алматы, 2003, том 1, 483 с.

ӘОЖ 541.128; 541.13

ҒТАМР 19.41.28

А.И. Ниязбаева¹, Г.К. Бексемуратова

доцент, х.г.к., Almagul.Niyazbaeva@kaznu.kz

²6M011200 - «Химия» мамандығының 2-курс магистранты
 әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДЕР ҮШІН ХИМИЯ КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫН КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДАУ

Аңдатпа

Мақалада медициналық колледждерде оқытылатын химия пәнінің бағдарламасын кредиттік оқыту технологиясының талаптарына сай құрастыру қажет екендігі ұсынылып отыр, себебі мемлекетіміздің барлық жоғары оқу орындары оқыту жүйесін дүние жүзіндегі дамыған елдердің білім беру стандарттарымен сәйкестендіре отырып, әлемдік білім беру жүйесінің талаптарына сай кредиттік оқыту технологиясы бойынша жұмыс жасауда. Заман талабына сәйкес болашақта кәсіптік және техникалық оқу орындары да осы аталған оқыту жүйесі бойынша білім беруге көшуі мүмкін. Медициналық колледждерде міндетті оқу пәні болып табылатын «Жалпы және бейорганикалық химия» пәнінің мазмұны және құрамына кредиттік оқыту технологиясының талаптарына сай модульдерге бөлініп құрастырылды. Әрбір дәріс мазмұнына сай семинар сабақтарының тақырыптары және зертханалық жұмыстар ұсынылып отыр. Сонымен қатар, тақырыптарға сәйкес студенттердің өз бетімен орындауы қажет жұмыстар да көрсетілді.

Түйін сөздер: білім беру, кредиттік технология, колледж, жалпы және бейорганикалық химия, бағдарлама.

Аннотация

А.И. Ниязбаева¹, Г.К. Бексемуратова

¹доцент, к.х.н., Almagul.Niyazbaeva@kaznu.kz

²магистрант 2-го курса обучения по специальности 6M011200- «Химия» 06.73@mail.ru

Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

РАЗРАБОТКА ПРОГРАММЫ КУРСА ХИМИИ ДЛЯ МЕДИЦИНСКИХ КОЛЛЕДЖЕЙ ПО КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

Данная статья посвящена разработке программы курса химии для медицинских колледжей в соответствии с требованиями кредитной технологии обучения. Поэтому все высшие учебные заведения нашего государства разрабатывает систему обучения в соответствии со стандартами развитых стран мира и согласно требованиями

мировой системы образования по кредитной технологий обучения. В будущем могут перейти на данную систему обучения согласно современным требованиям учебных заведений технического и профессионального образования. Структура и содержание дисциплины «Общая и неорганическая химия», являющихся обязательным учебным дисциплиной в медицинских колледжах составлены в соответствии с требованиями кредитной технологии обучения по модулей дисциплины. Предложены темы семинарских занятий и лабораторных работ, соответствующие содержанию каждой лекции. Кроме того, были представлены работы студентов, необходимые для самостоятельного выполнения тематики.

Ключевые слова: образования, кредитная технология, колледж, общая и неорганическая химия, программа.

Abstract

A.I. Niyazbaeva¹, G.K. Bexemuratova²

¹Associate Professor, Ph.D., Almagul.Niyazbaeva@kaznu.kz

²2nd year Master student in the specialty 6M011200 - «Chemistry», guleke.06.73@mail.ru

¹al-Farabi Kazakh National University, c. Almaty, Kazakhstan

**DEVELOPMENT OF CHEMISTRY COURSE PROGRAM FOR MEDICAL COLLEGES
WITH CREDIT EDUCATION TECHNOLOGY**

This article focuses on the development of chemistry course program for medical colleges in accordance with the requirements of the credit education technology. Therefore, all higher education institutions of our country are developing a training system in accordance with the standards of the developed countries of the world and according to the requirements of world education on credit education technology.

In the future, this training can be implemented in accordance with modern requirements of educational institutions of technical and vocational education. The structure and content of the discipline "General and Inorganic Chemistry", which are compulsory discipline in medical colleges prepared in accordance with the requirements of the credit education technology by discipline modules. Proposed topics of seminars and laboratory work, corresponding to the content of each lecture. In addition, the students' works were presented which necessary for the independent exercise of themes.

Key words: education, credit technology, college, general and inorganic chemistry, program.

Білім беру жүйесі - әр елдің даму болашағын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым. Қазіргі таңда жоғары және арнайы оқу орындарындағы білім берудің бір ерекшелігі - студенттің тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын негізге ала отырып, олардың бойына күзиреттілікті қалыптастыру. Еліміздің келешек ұрпақтарын күзиреттілік-тілікке бағыттай отырып оқытуда көптеген іс-шаралар жасалып, заманауи әдіс-тәсілдер қолданылуда. Соның бірі Республикамыздың барлық жоғары оқу орындары оқыту жүйесін дүние жүзіндегі дамыған елдердің білім беру стандарттарымен сәйкестендіре отырып, әлемдік білім беру жүйесінің талаптарына сай кредиттік оқыту технологиясына көшірілді.

Кредиттік оқыту технологиясы - білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту.

Еліміздің жалпы білім беру жүйесін әлемдік білім беру жүйесінің талаптарына сай дамыту мақсатында тек жоғары оқу орындарында ғана емес колледждерде де кредиттік оқыту технологиясын енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Дәстүрлі оқыту жүйесінен кредиттік оқыту жүйесінің негізгі айырмашылықтарының бірі - студент мемлекеттік стандарт талаптарына сай жоғары деңгейдегі кәсіптік білімін өз күшімен, өз белсенділігімен меңгереді. Яғни, кредиттік оқыту жүйесінің мақсаты - студенттерге аз уақытта сапалы, мол білім беру, сол үшін оларды өз бетінше жеке жұмыс істеп, жаңа ақпараттарды игеруді үйрету болып табылады [1].

Біздің жұмысымыздың мақсаты медициналық колледждерде оқытылатын химия пәнінің бағдарламасын кредиттік оқыту технологиясының талаптарына сай құрастыру. Химияжаратылыстану пәндер цикліндегі базалық пәндерге жатады, сонымен қатар биологиялық химияның, молекулалық биологияның, фармакологияның және тағы басқа пәндердің теориялық негізі болып табылады. Болашақ медицина мамандарына химиядан, биохимиядан терең білім беру олардың келешек кәсіби қызметінде өте қажет болады.

Медициналық колледждерде химия пәнінен білім беру бағдарламасы төмендегі мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған:

- қоршаған ортадағы заттардың табиғатын танып білу, химияның негізгі түсініктері, заңдары және теориялары туралы білімді меңгеру;
- әр түрлі химиялық құбылыстарды және заттардың қасиеттерін түсіндіруде, заманауи технология мен адамзаттың қажетін толық қанағаттандыратын заттарды алуда химияның ролін бағалай отырып алған білімдерін қолдана білу;

- әр түрлі ақпарат көздерін, салалық оқулықтар мен ғылыми-танымдық әдебиеттерді, соның ішінде электрондық оқулықтар мен интернет көздерін пайдалана отырып химиялық білімді өз беттерінше меңгеру, танымдық қызығушылықтарын және интеллектілік меншіктерін дамыту;
- қазіргі дамыған қоғам өмірінде химияның маңызына көз жетушілікке, өзінің жек өміріне және қоршаған ортаға химиялық сауатты қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу;
- алған білімдерін және біліктерін күнделікті тұрмыста, өндірісте, ауыл шаруашылығында өз қажеттіліктерін өтеу үшін құзыретті пайдалана білу.

Бағдарлама мазмұны келесі басты идеялар негізінде құрылды:

- табиғаттағы заттардың материалды бірлігі және олардың генетикалық байланысы;
- заттардың құрамы, құрылысы, қасиеттері және қолданылуы арасындағы себеп-салдарлы байланыстар;
- химиялық процестер әлемін және заңдылықтарын танып-білу;
- нақты химиялық қосылыс заттардың айналу процесінің үздіксіз тізбегіндегі буыны болып табылады, ол химиялық заттардың айналымына және химиялық эволюцияға қатысады;
- табиғат заңдары объективті және танымды; химия заңдарын білу заттардың айналуларын бақылауға және бағындыруға, заттарды және материалдарды өндірудің экологиялық қауіпсіз әдістерін табуға, қоршаған ортаны химиялық ластанудан қорғауға мүмкіндік береді;
- ғылым мен практика өзара тығыз байланысқан: практика талабы - ғылымды дамытудың қозғаушы күші, практика жетістіктері ғылым жетістіктерінің нәтижесі;
- химия ғылымының дамуы адамға және жалпы қоғамға қызмет етеді, адамзаттың ғаламдық келелі мәселелерін шешуге бағытталған.

Химия ғылымының кез-келген саласын оқып меңгеруде химиялық эксперимент оқу процесінің құрамды бөлігі ретінде маңызды роль атқаратындықтан студенттің теориялық білімі демонстрациялық, зертханалық тәжірибелермен және практикалық жұмыстармен толықтырылады. Химиялық экспериментті орындау кезінде олар жұмыстың практикалық мәнін түсініп қана қоймай, өздерінің жинақтаған білімдерін творчестволық қолдануға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, күнделікті тұрмыста, өздерінің кәсіби жұмысында және өндірісте заттармен, материалдармен және процестермен қауіпсіз және экологиялық сауатты жұмыс жасауды үйренеді.

Бағдарламада студенттер өз беттерінше орындайтын жұмыстардың тақырыптары да қарастырылған. Кредиттік оқыту жүйесінің талаптарына сай пәннің жалпы еңбек сыйымдылығының үштен төрт бөлігі студенттердің өз бетінше білім алуына жұмсалыуы қажет.

Студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде ақыланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс. СӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күнсайын өзіндік жұмыстарды талап ететін тапсырмалармен расталады [2].

Білім алушының өзіндік жұмысы оқу жоспарына сәйкес белгілі бір пәнді меңгеру барысында алған білімнің сапасын, тереңдігі мен беріктігін арттыруға, сонымен болашақ кәсіби қызметінде де қолдана алатын студенттің өзіндік іздену, өзіндік даму мен өзіндік жетілу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу үрдісінің маңызды бөлігі болып табылады.

Жалпы білім беру орындарындағы химия пәнінің бағдарламасымен сабақтастықты сақтау мақсатында пән «Жалпы және бейорганикалық химия» бөлімін меңгеруден басталып, «Органикалық химия» бөлімін меңгерумен аяқталады.

Білім берудің дәстүрлі жүйесі бойынша «Химия» оқу пәнін меңгеруге 156 сағат көлемінде уақыт бөлінеді, оның 42 сағаты дәріске (1-ші семестрде 18 сағат, 2-ші семестрде 24 сағат), семинар сабақтарына 20 сағат (1-ші семестрде 8 сағат, 2-ші семестрде 12 сағат), практикалық сабақтарға 94 сағат (1-ші семестрде 38 сағат, 2-ші семестрде 56 сағат) беріледі.

Білім берудің кредиттік жүйесі бойынша бұл пәннің толық мазмұнын қамту үшін оны екі пәнге бөліп оқу керек деп ойлаймыз: «Жалпы және бейорганикалық химия» және «Органикалық химия». Әр пәннің еңбек сыйымдылығын 3 кредитпен бағалап, оны 1 + 1 + 1 деп бөлуге болады (яғни, 1 кредит дәріс, 1 кредит семинар, 1 кредит зертханалық сабаққа беріледі). Аптасына 50 минут дәріс, 50 минут семинар және 100 минут зертханалық сабақ жүргізіледі. Сонымен қатар, әр тарау бойынша студенттер өз бетімен орындайтын жұмыстардың тақырыптары да беріледі.

Біз кредиттік оқыту технологиясының талаптарына сай осы аталған пәндердің ішінде «Жалпы және бейорганикалық химия» курсына тоқталып, оның оқу-әдістемелік кешенін құрастырып, пәннің бағдарламасын дайындадық (1-кесте) [3].

Пәннің бағдарламасы (Syllabus) - оқу жоспары, оқытылатын пәннің сипатталуы, пәннің мақсаты мен міндеті, тақырыптың ұзақтығы мен қысқаша мазмұны, өзіндік жұмыс тапсырмасы, кеңес беру уақыты, білім алушының білімін тексеру уақыты, оқытушы талаптары, білім алушының білімін бағалау критерийлері және оның қысқаша мазмұны жөніндегі оқу бағдарламасы

Кесте 1 - «Жалпы және бейорганикалық химия» пәнінің мазмұны және құрылымы

№	Тақырып	Сағат
<i>Химия - заттар туралы ғылым</i>		
1.	Дәріс-1. Химияның негізгі түсініктері мен заңдары. Атом құрылысы. Химияның қалыптасуы мен даму кезеңдері. Химияның негізгі түсініктері, стехиометриялық заңдары. Атом құрылысы. Атом құрылысының күрделілігін дәлелдейтін тәжірибелер. Квант сандары.	
	Семинар-1. Заттардың агрегаттық күйлері: қатты, сұйық, газ. Атом - күрделі бөлшек. Атом ядросының құрылысы - нуклондар: протондар және нейтрондар. Атомдардың электрондық қабаты. Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар. Салыстырмалы атомдық және молекулалық массалар. Зат мөлшері - моль. Авогадро саны, Молярлық масса.	
	Зертханалық сабақ-1. Зертханамен танысу. Қауіпсіздік техникасы. Химиялық ыдыстар. Жалпылама құрал-жабдықтар. Химиялық реактивтер. Химиялық лабораторияда жұмыс істеу ережелері. Алғашқы медициналық көмек керсету ережелері.	
2.	Дәріс-2. Химиялық элементтердің Д.И.Менделеевжасаған периодтық заңы және периодтық жүйесі. Периодтық заң мен периодтық жүйе. Периодтық заң. Атомдардың, электрондық құрылымы және Д.И.Менделеев жасаған элементтердің периодтық жүйесі. Атомдар мен иондардың периодты түрде өзгертін және периодты түрде өзгермейтін қасиеттері.	
	Семинар-2. Элементтердің периодтық жүйесінің түрлері. Д.И.Менделеевтің периодтық заңының ашылуы. Периодтық заң және атом құрылысы. Изотоптар. Химиялық элементтердің Д.И.Менделеев жасаған периодтық заңы және периодтық жүйесінің химия ғылымының дамуына қосқан үлесі және маңызы.	
	Зертханалық сабақ-2. Заттарды тазалау және олардың тазалық дәрежесін анықтау. Сүзу және оның түрлері. Қайталай кристалдау.	
СӨЖ. Химияның даму кезеңдерін жүйелеу мен жіктеудің бағыттарын білу.		
<i>Зат құрылысы және химиялық байланыс</i>		
3.	Дәріс-3. Химиялық байланыс және құрылымы. Химиялық байланыс және молекулалардың құрылысы мен құрылымы. Химиялық байланыстың алғашқы теориялары. Коваленттік байланыс. Иондық байланыс. Металдық байланыс. Суықтік байланыс. Донорлы-акцепторлық байланыс. Кешен түзілу.	
	Семинар-3. Химиялық байланыстың алғашқы теориялары. Химиялық байланыстардың типтері. Коваленттік байланыстың негізгі қасиеттері. Иондық байланыстың түзілу механизмі. Атомдық орбитальдардың гибридтенуі туралы түсінік. Металдық байланыстың қасиеттері, металдық кристалдық торлар. Суықтік байланыстың түзілу механизмі. Кешенді қосылыстар туралы түсінік.	
	Зертханалық сабақ-3. III период элементтерінің жай заттарының, оксидтерінің және гидроксидтерінің қасиеттерін салыстыру.	
4.	Дәріс-4. Полимерлер. Полимерлер туралы түсінік. Бейорганикалық полимерлер. Органикалық полимерлер. Оларды алу жолдары: полимерлену реакциялары және поликонденсациялану реакциялары. Заттардың аллотропиялық түр өзгерістері.	
	Семинар-4. Полимерлер - атомдық кристалды торлы жай заттар: көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері (алмаз, графит, карбин, фуллерон), тізбек құрылымды селен және теллур. Полимерлер - атомдық кристалды торлы күрделі заттар: кварц, кремнезем, корунд, аломосиликаттар. Минералдар және тау жыныстары.	

Зертханалық сабақ-4.

1

	Пластмассаның, талшықтардың, каучуктың, минералдардың және тау жыныстарының түрлерімен танысу. Пластмассаның электр тоғыш өткізгіштігін, жанғыштығын, қышқылдар, сілтілер мен тотықтығын қарастыру. Термореактивті және термопластикалық пластмассалардың қасиеттерін салыстыру.	
	СӨЖ. Жердің геологиялық қыртысының бірі - литосфераның қалыптасуында бейорганикалық табиғи полимерлердің алатын орны және маңызы.	
Химиялық кинетика. Термодинамика.		
5.	Дәріс-5. Химиялық реакциялар. Химиялық реакциялар туралы түсінік. Химиялық реакциялардың классификациясы. Химиялық реакциялардың жылдамдығы және оған әсер ететін факторлар. Активтендіру энергиясы туралы түсінік. Катализ. Қайтымды және қайтымсыз реакциялар. Химиялық тепе-теңдік және оған әсер ететін факторлар.	1
	Семинар-5. Заттардың сапалық құрамы өзгермей жүретін химиялық реакциялар: аллотропиялану және изомерлену. Заттардың сапалық құрамы өзгере жүретін химиялық реакциялар: әрекеттесетін және түзілетін заттардың саны және сипаты бойынша (қосылу, айырылу, алмасу, орынбасу); элементтердің тотығу дәрежелерінің өзгеруі бойынша (тотығу-тотықсыздану); жылу эффектісі бойынша (экзотермиялық және эндотермиялық); фазасы бойынша (гомогенді және гетерогенді); бағыты бойынша (қайтымды және қайтымсыз); катализатордың қатысуы бойынша (катализ).	1
	Зертханалық сабақ-5. Тұнба, газ немесе су түзіле жүретін химиялық реакциялар. Сутек пероксидін немесе калий перманганатын ыдырата отырып оттегі алу.	1
6.	Дәріс-6. Термодинамика. Химиялық реакциялардың жүру мүмкіндіктері. Ішкі энергия, энтальпия. Химиялық реакциялардың жылу эффектілері. Реакцияның және заттардың түзілуінің стандартты энтальпиясы. Энтропия.	1
	Семинар-6. Термохимиялық теңдеулер. Гесс заңы және оның салдарлары.	1
	Зертханалық сабақ-6. Химиялық реакцияның жылдамдығы және химиялық тепе-теңдік. Химиялық реакция жылдамдығының әрекеттесуші заттардың концентрациясына тәуелділігін зерттеу. Химиялық реакция жылдамдығының температураға тәуелділігі. Химиялық реакция жылдамдығына катализатордың әсері.	1
	СӨЖ. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары.	
Су. Ерітінділер.		
7.	Дәріс-7. Су химиясы. Су молекуласының құрылысы. Судың физикалық және химиялық қасиеттері. Табиғаттағы су. Ауыр су.	1
	Семинар-7. Су - табиғи қордың бірі. Судың ластану көздері.	1
	Зертханалық сабақ-7. Ауаның судағы ерігіштігі. Қатты заттардың судағы ерігіштігі. Сұйықтардың судағы ерігіштігі.	1
8.	Дәріс-8. Ерітінділер. Ерітінділердің типтері. Ерітінділердің химиялық теориясы. Заттардың судағы ерігіштігі. Ерітінділердің құрамын сипаттау. Ерітінділердің концентрациясы және оны өрнектеу жолдары.	
	Семинар-8. Дисперсті жүйе туралы түсінік. Қаныққан және қанықпаған ерітінділер. Гидраттар мен кристаллогидраттар.	1
	Зертханалық сабақ-8. Массалық үлесі берілген ерітінді дайындау. Молярлық концентрациясы және эквивалентінің молярлық концентрациясы берілген ерітінді дайындау.	1
	СӨЖ. Табиғи сулар химиясы.	
9.	Дәріс-9. Ерітінділердегі электролиттік диссоциация және иондық реакциялар. Сулы ерітінділердегі бейэлектролиттер мен электролиттер. Электролиттік диссоциация теориясы. Электролиттік диссоциацияның дәрежесі мен тұрақтысы.	1
	Семинар-9. Электролит ерітінділері. Күшті және әлсіз электролиттер.	1
	Зертханалық сабақ-9. Электролит ерітінділері.	1

	Электролит ерітінділерінің жалпы қасиеттері.	
10.	Дәріс-10. Судың диссоциациялануы. Судың диссоциациялануы. Су тектік көрсеткіш. Ерігіштік көбейтіндісі. Қышқылдар мен негіздер теориялары.	
	Семинар-10. Су - әлсіз амфотерлі электролит. Еру процесі кезінде байқалатын құбылыстар.	
	Зертханалық сабақ-10. Су тектік көрсеткішті рН негіздік индикаторлар	
11.	Дәріс-11. Электролит ерітінділері. Қышқылдар, негіздер және тұздар ерітінділерінің ерекшеліктері және атаулар жүйесі. Иондық реакциялар.	
	Семинар-11. Сулы ерітінділердегі қышқылдардың, негіздердің, амфотерлі гидроксидтер мен тұздардың диссоциациялануы.	
	Зертханалық сабақ -11. Амфотерлік электролиттер	
	СӨЖ. Жалпылама теорияның химияда қолданылуы.	
12.	Дәріс-12. Қышқылдық-негіздік әрекеттесу. Ерітінділердегі иондық тепе-теңдіктер. Тұздардың гидролизі. Гидролиздену дәрежесі және константасы.	
	Семинар-12. Қышқылдар, негіздер, тұздар туралы ілімнің дамуы. Қышқылдар мен негіздердің қасиеттеріне еріткіштердің әсері.	
	Зертханалық сабақ -12. Тұздардың гидролизі.	
<i>Тотығу-тотықсыздану процестері</i>		
13.	Дәріс-13. Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Тотығу-тотықсыздану процестері теориясының негізгі ұғымдары. Тотығу-тотықсыздану реакцияларының негізгі типтері. Тотығу-тотықсыздану реакцияларының теңдеулерін құрастыру.	
	Семинар-13. Негізгі түсініктер: тотығу дәрежесі, тотықтырғыны, тотықсыздандырушы. Тотығу-тотықсыздану реакцияларының механизмі.	
	Зертханалық сабақ-13. Тотығу-тотықсыздану реакциялары.	
	СӨЖ. Тотығу-тотықсыздану реакцияларының қолданылуы.	
14.	Дәріс-14. Электрохимия заңдары Токтың химиялық көзі. Кернеу қатары. Электродтық потенциалдар. Гальвани элементтері. Стандарттық тотығу-тотықсыздану потенциалдарының қатары және одан шығатын негізгі практикалық қорытындылар. Электролиз заңдары, қолданылуы	
	Семинар-14. Металдардың жемірілуі және одан оларды қорғау.	
	Зертханалық сабақ-14. Ерітінділердегі электролиз процесі. Қатты заттардың балқымасының электролизі	
	СӨЖ: Гальваниэлементтерінің қолданылуы.	
<i>Координациялық қосылыстар химиясы</i>		
15.	Дәріс-15. Координациялық қосылыстар Координациялық-комплекстік қосылыстар. Координациялық теория. Оның маңызды тұжырымдары. Координациялық қосылыстардың негізгі типтері мен атаулар жүйесі.	1
	Семинар-15. Координациялық қосылыстардағы химиялық байланыстың табиғаты. Координациялық қосылыстардың кеністіктегі құрылысы мен изомериясы.	1
	Зертханалық сабақ-15. Комплексті қосылыстардың алынуы және қасиеттері.	1

Студент «Жалпы және бейорганикалық химия» курсының ұсынылып отырған бағдарлама бойынша меңгеру нәтижесінде алған білімдер жүйесін келесі курстарда басқа да пәндерді меңгеруде, сонымен қатар тұрмыста және өмірде кездесетін мәселелерді шешуге қолдана алады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Скаткин М.М. Совершенствование процесса обучения : учеб. пос. для вузов / - М.: Просвещение, 2011. -110 с.
2. Нұрахметов Н.Н., Әлдібекова К.Н. Кредиттік опыту жүйесі: студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру, орындау, бағалаудың ғылыми-әдістемелік негізі: ЖОО арн. әдістемелік құрал /Алматы, 2007. - 67 б.
3. Бірімжанов БА. Жалпы химия: ЖОО арн. оқулық/Алматы, ҚР ЖОО қауымдастығы, 2011. - 752 б.

ӘОЖ 373.1.013:37.033/035

Ж. Ә. Шоқыбаев¹, А. О. Озат²

¹п.ғ.д., профессор, ҚРҰҒА-ның академигі

²курс магистранты

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

ЖЕРГІЛІКТІ МАТЕРИАЛДАРДЫ БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ КУРСЫ ДӘРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Бұл мақалада ЖОО-да бейорганикалық химия курсының жергілікті материалдарды қолдану арқылы өтудегі ерекшеліктері мен әдістемелік негіздері қарастырылады. Қазіргі таңдағы ЖОО-да бейорганикалық химия пәнінің мақсаты, алдымен жергілікті материалдарды пайдаланып оқытудағы студенттердің білімін тереңдету жолдарын айқындау.

Жергілікті материалдарды «Бейорганикалық химия» курсына қолданып оқытудағы сабақтың тақырыбы мен орнын анықтауда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Жоғары оқу орнындағы дәріс - оқытудың дидактикалық циклінің басты негізі. Оның мақсаты - студенттердің оқу материалын қабылдауларын қалыптастыру болып табылады.

Заманауи жоғары оқу орындары үшін дәріс өте өзекті. Аудитория алдында дәрістің сәтті немесе сәтсіз өтуі көп факторларға байланысты, олар: оқытушының квалификациялық деңгейі, дайындық деңгейі, тыңдаушының қызығушылығы, сабақтың дұрыс ұйымдасуы, сабақта техникалық құралдың тиімді пайдалануы және т.б. Оның деңгейі пәннің сапасын, сабақты әртүрлі формада өткізе алуға көмектеседі.

Соның бірі, бейорганикалық химия пәнінен жергілікті материалдарды қолданып өткізілген дәріс өзінің мазмұндылығымен, логикалығымен, дәлдігімен және ақпараттылығымен ерекшеленіп берілгендігін байқауға болады.

Түйін сөздер: жергілікті материалдар, құрама (комбинаторлық) дәріс, эмоциональдық, квалификациялық деңгей, түсіндіру - көрсету, эвристикалық, зерттеу.

Аннотация

Ж.А. Шоқыбаев¹, А.О. Озат²

д.п.н., профессор

магистрант 2 курса

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ПРИМЕНЕНИЕ МЕСТНЫХ МАТЕРИАЛОВ НА ЛЕКЦИЯХ КУРСА НЕОРГАНИЧЕСКОЙ ХИМИИ

В статье рассмотрены особенности и методические основы при использовании местных материалов в курсе неорганической химии в вузе. В настоящее время цель дисциплины «Неорганическая химия» в вузе, заключается в использовании местных материалов в обучении для углубления знаний студентов. Использование местных материалов в курсе «Неорганическая химия» требует использования эффективных методов и приемов при определении темы и её места в обучении. В высшем учебном учреждении лекция - это главная основа дидактического цикла. Её целью является формирование у студентов восприятия учебного материала. Для современных высших учебных заведений лекция очень актуальна. Успешно или не успешно проведенная лекция перед аудиторией зависит от таких факторов, как: квалификационный уровень преподавателя, уровень подготовки, заинтересованность слушателя, правильная организация урока, эффективное использование технических средств на уроке и т.д. Одной из них является лекция по неорганической химии с использованием местных материалов, которая отличается содержательностью, логикой изложения материалов и информативностью.

Ключевые слова: местные материалы, комбинированная лекция, эмоциональная, квалифицированный уровень, объяснение - демонстрация, эвристический, исследование.

Zh.A. Shokybaev¹, A.S. Oza²

¹Doctor of pedagogical science, Professor

²2nd year undergraduate

Kazakh National Pedagogical University named after Abai

The article describes the features and methodological basis for the use of local materials in the course of inorganic chemistry at the university. Currently, the goal of discipline Inorganic Chemistry at the university. The first use of local materials in training to deepen students' knowledge. The use of local materials in the course of inorganic chemistry requires the use of effective methods and techniques in establishing the theme and its place in education. And in higher education established the lecture - it is the main basis of the didactic cycle. Its aim is to develop the students' perception of educational material. For modern high school lecture it is very urgent. Successful or not A successfully completed a lecture before an audience depends on many factors, they are: qualification of teachers, level of training, the listener interested, the lesson proper organization, effective use of technology in the classroom, etc. It helps to hold the level of the subject of quality, teach a variety of forms. One is a lecture on inorganic chemistry using local materials The performed substantive, logical, with the evidence and information feature.

Key words: local materials, combined lecture, emotional, skilled levels of explanation - demonstration, heuristic research.

Химияны оқыту кезінде тәжірибе бойынша үш жалпы әдіс атап көрсетіледі: *түсіндіру-көрсету; жартылай-ізденуші (эвристикалық) және зерттеу*. Оқыту әдісі болып есептелетін дәріс - түсіндіру-көрсету жалпы әдісіне жатады. Бұл әдіс студенттерді «дайын» білімді игеру мен одан әрі жалғастыруға және дәлелсіз сол білімді сеніммен қабылдауға алдын-ала болжайды да, оқытушы ұсынған мәселені қабылдап, ғылыми-техникалық мәселелердің шешуші жолдарын ұмытпауға тырысады [1].

Жоғары оқу орындарында оқытудың негізгі формасы - дәріс болып табылады. Оқытушы - лектор дәріске қойылатын негізгі талаптарды: ғылымилық, идеялық, түсінікті болуын, мазмұны мен формалар бірлігін іске асырады. Дәрістің табысқа жетуі бірінші кезекте соған байланысты.

Қазіргі заманда дәріс тек қана жоғары оқу орындарының әдісі болып есептелмейді. Дәрісті орта арнаулы оқу орындарда, кәсіптік-техникалық мекемелерде, орта жалпы білім беретін мектептерде (жоғарғы сыныптарда) қолданады. Жоғары оқу орындарында (ЖОО) дәріс, оқу материалын 50 минутта баяндау, оқу үрдісінің ұйымдастыру формасы болып қарастырылады.

Құрама (комбинаторлық) сабақта дәріс әдісі қолданылады. Сол сабақта студенттердің білім деңгейін тексеруден кейін жаңа тақырып баяндалады. Дәрістің тиімді жақтары: нақты құрылымы, үйлесімді, болжамды, дәлелді, монологиялық түрмен білім беру әдісі. Қысқа мерзімді дәрісте көлемі үлкен мағлұмат беруге, және оны жүйелі түрде беруіне байланысты, студенттердің бір оқиға немесе құбылыс туралы көзқарасының бірегейлі болуын жасауға болады.

Арнаулы орта оқу орындарында дәрістік оқу әдісін қолданудың маңызы өте зор. Дәрісті тыңдаған кезде студенттер оқытушының жаңа тақырыпты үйретуін, студенттердің мәлімдемелерінің негізгі мазмұнын жазуын, тыңдалған дәрістен қарапайым немесе күрделі жоспар құруын үйрену керек. Бастысы, студенттер тек қана енжарлық тыңдаушылар болмай, керісінше мидың белсенді жұмысына байланысты, оқытушылар берген мағлұматты талдауы керек.

Дәрісті белсенді тыңдауға мына факторлар әсер етеді:

- Тыңдауға жағдай жасау (білім беру жоспарын хабарлау, жоспарды өзіндік құруға талап ету, қорытынды жасау, сабақ мағлұматын дәлелдеу, сабақ кезінде студенттерге қажетті жергілікті материалдарды беру, көрнекіліктерді қолдану т.б.).

- Эмоционалдық, оқытушы сөйлеуінің жоғарғы мәдениеттілігі, логикалық, сенімдік қарқындық және т.б.

- Ғылыми тұрғыдан берілген жергілікті материалдың баршаға түсінікті болуы [2].

Оқытушының дәріс оқу алдындағы бірінші қадамы, ол студенттерге нұсқау беру, сол кезеңге жағдай жасау. Бұл әдістің мақсаты - студенттерді тыңдауға, мәліметті қабылдауға, талдауға, қорытындылауға, басты мәселеге назар аударуға, оларды қысқаша жазуға, конспект құрастыруға үйретеді. Оқытушы жан-жақты нұсқауды түсіндіреді. Нұсқауда дәрісті қалай тыңдау, неге мән беру мәселелеріне тоқталады. Бұл тәсілді үйренгеннен кейін оқушыларға дәріс жоспарын құрастыруын ұсынып, сабақ аяғында сол жоспарды өз жоспарымен салыстырады. Бұл жағдай сабақ үстінде нақты «студент-оқытушы» байланысын құрастыруға мүмкіндік береді. Осы сәтте білім деңгейін студенттердің жоспарды құрастыруы арқылы тексеру керек.

Дәріс дидактикалық мақсат бойынша екі топқа бөлінеді: жаңа тақырыпты үйрету; білімді жинақтап қорыту мен жүйелеу. Жаңа тақырыпты үйретуге курс пен тарау басындағы кіріспе дәрісті жатқызады, себебі сол кезде студенттердің өзіндік тану жұмыстарын ұйымдастыру үшін керекті тірек білімдерінің аздығы байқалады. Кіріспе оқушыларға міндетті түрде мазмұны мен терең жұмысты ұсынады. Ол жұмыс

негізгі теориялық жағдайда түсініктер мен әр түрлі деректерден, шешімдерден құрылады. Студенттерді жаңа тақырыпқа қызықтырып, сабаққа тақырыптың көптеген сұрақтарына жауап береді. Жүйелікке келтіру мен қорытындылау дәріс сабақтары тараудың, тақырыптардың, курстың және емтиханға дайындық ретінде өткізіледі. Бұл дәріс студенттердің алдын-ала терең дайындығын, және жаңа байланыспен қатынас тұрғыдан химия мен басқа пәндердің фактілермен түсініктерге сүйене отырып оқу материалының маңызын түсінуін талап етеді.


Пікірімізді дәлелдеу үшін «Күкірттің химиялық қасиеттері» тақырыбына өткізілетін сабақтардан мысал келтірейік.

«Күкірттің химиялық қасиеттері» тақырыбындағы сабақтың мақсаты - күкірттің металдармен, оттегімен және сутегімен әрекеттесуінің мәнін түсіндіріп, реакция, тендеулерін жаза білуге үйрету. Оларда күкірт (IV) оксиді және күкіртсутегімен атмосфераның химиялық ластануы, бұл қосылыстардың ағзаларға әсері және айналадағы ортаға әсері жөнінде экологиялық түсінік қалыптастыру [3].

Студенттерді айналадағы ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарауға және қызықты деректер келтіру арқылы пәнге қызығуға тәрбиелеу.

Студенттерді бақылай білуге, бақылау нәтижелерін талдап түсінуге үйрету, экологиялық ойлау және сана қалыптасуына жәрдемдесу.

Студенттерге күкірттің химиялық қасиеттерінің бұрыннан таныс екенін ескеріп, оларды электрондық көзқарас тұрғысынан тереңірек қарастыру үшін мына айналулардың реакция тендеулерін жазуға тапсырма берілді:



Реакциялардан шығатын заттарды атаңдар.

- Бірінші реакцияның мәнін кім түсіндіреді? Екінші және үшінші реакциялар да осылай талқыланады.
- Күкірт химиялық реакцияларда электрондық тұрғыдан қандай қасиеттер көрсетеді, оларды тірек сызбалар түрінде жазыңдар.

- Күкірттің металдармен әрекеттесуін қандай тәжірибелермен дәлелдеуге болады? қосылу реакциясына жасалған тәжірибені еске түсіріңдер.

- Күкірттің ауада және оттегімен жану реакциясын еске түсіріңдер.

- Күкірттің сутегімен әрекеттесу тәжірибесі қалай жасалады?

Демонстрациялық тәжірибе. Алюминий мен күкірт ұнтақтарының шыны пластинкадағы қоспасы жайлап қыздырылады және студенттермен әңгімелесу өткізіледі.

- Темір ұнтағының күкірт ұнтағымен реакциясын қандай белгілеріне қарап білген едік?
- Алюминий мен күкірт арасындағы реакцияның сыртқа белгісі қандай?
- Бұл екі реакцияның бір-бірінен айрмасы қандай?
- Алюминий мен күкірттің реакциясы көз қарайтын жарық шығарып, тез жүреді. Түзілген алюминий сульфиді ұнтағының түсі ақ, темір сульфидінің кесегі қара түсті.
- Күкірт (IV) оксиді қандай күйде алынды?

Демонстрациялық тәжірибе. Темір қасықшаға салынған күкірт ауада тұтандырылып банка ішінде жағылады, су құйып ерітіледі. Күкірт көкшіл жалынмен жанады, өткір ұнамсыз иіс бөлінеді. Иісі жаман болғанымен, бұл реакцияның өнімі тұрмыста қолданылады.

Ол туралы бірінші хабарлама таңдалады. Күкіртті газ деп аталатын күкірт (IV) оксиді түссіз, өткір иісті газ. Судағы ерітіндісі көк лакмусты қызыл түске бояйды, демек қышқылдық қасиет көрсетеді. Күкіртті газ микроағзаларды және ағзаларды өлтіреді. Сондықтан ол көкөніс, жеміс сақтайтын қоймаларды залалсыздандыру үшін қолданылады. Түссіздендіретін қасиеті сабанды, жібекті және жүнді ағарту үшін пайдаланылады,

Күкіртті газбен жұмыс істегенде сақтық шараларын мүлтіксіз орындау қажет, өйткені онымен тыныс алғанда газ мұрындағы сілекей қабығында еріп қышқыл түзеді, ол тыныс жолдарын түршіктіреді көмірсу және белок алмасуын қиындатады. Ауада күкіртті газ концентрациясының болу шегі (ҚБШ) - 10 мг/м³.

Күкіртті газбен улану белгілері: мұрынның жарып ауыруы, түшкіру, жөтелу. Көп мөлшерде тұншықтырады.

Уланған адамға жәрдем көрсету үшін ең алдымен оны таза ауаға алып шығарады. Киімін жеңілдетіп, көзін және мұрынның сілекей қабығын натрий гидрокарбонатының (ас содасының) 2%-тік ерітіндісімен жуады.

Алматы қаласының ауасына жасалған зертханалық анализ күкірт (IV) оксидімен ластану барые көрсетті. Ол ауаға ОТА (оттегімен тыныстау аппаратын) жасау зауыты, шарап, аспап жасау зауыттарынан, жылу қазандарынан келеді.

Демонстрациялық тәжірибе. Күкірттің сутегімен әрекеттесуі (аспап сабақтан бұрын даярланып қойылады).


• Күкіртсутегінің иісі неге ұқсайды? Лакмус күкіртсутегі ерітіндісінен қандай түске боялады? Одан қандай қорытындыға келеміз?

• Күкірт сутегімен әрекеттескенде газ - күкіртсутегі түзіледі. Оның иісі шіріген жұмыртқаның иісіндей, суда ерігенде қышқыл түзеді.

Екінші хабарлама тыңдалады. Күкіртсутегі улы. Ол қанның қызыл түйіршігіндегі темірмен сульфид түзе әрекеттесіп, оны бұзады. Бұл газ ұлпалардың тыныс алуын қиындатады, оттегімен тыныс алу нашарлайды да, жасушалардың жұмысы бұзылады, жүйкені зақымдайды. Күкіртсутегінің ПБШ - 10 мг/м. Концентрациясы 1200 мг/м жетсе, бір-екі жұтқан соң жүректің соғуы тоқталып, адам өледі. Алматы қаласының ауасына күкіртсутегі аспап жасайтын зауыттан және жылу қазандарынан келеді.

Үшінші хабарлама табиғаттағы күкіртсутегі туралы. Күкіртсутегі табиғатта жанартаулар атқылаған дағы газдарда кездеседі. Кейбір қайнар бұлақтар суында еріген күйінде болады. ондай минерал сулардың емдік (шипалық) қасиеті бар. Мәселен, Алматы қаласы маңында Алма-арасан қайнары көптен бері пайдаланылып келеді.

Демонстрациялық тәжірибе. Сүзгі қағазы алдымен мыс (II) нитратының, содан соң күкіртсутегі ерітінділеріне батырылады. Қағаз қараяды. Содан соң сутегі асқын оксиді арқылы бояу щеткасымен жазу түсірсек асқын тотық тиген жерлері ағарады, мәселен мынадай теңдеу жазуға болады:



Қара түс

Ескірген картиналар да осы әдіспен қалпына келтіреді.

Қорытынды. Бұл сабақта студенттер күкірттің химиялық қасиеттерімен танысты. Ол металдармен сульфидтер, оттегімен оксид, сутегімен күкіртсутегін (сутегі сульфидін) түзеді. Студенттер күкірттің қосылыстары ауаны ластап, экологиялық проблемалар тудыратынын білді. Олардың ауада болу шегін, артып кетсе уландыратынымен танысты.

Күкірт қосылыстарымен ауаны ластау көздеріне жанартаудың атқылауы, осы қосылыстарды ауаға қалдық түрінде жіберетін өнеркәсіптер мен мекемелер жатады [4].

Сабақтың бағдарламалық мазмұнымен қоса мына мәселелерге баса назар аударылды. Күкірт қышқылы халық шаруашылығында кеңінен қолданылады. Д.И. Менделеев өзінің «Химиялық негіздері» кітабында «Адамның жасанды жолмен алған заттарының ішінде күкірт қышқылынан техникада көп қолданылатын басқа өнімді атау қиын» деген болатын. Сондықтан кейде оны әсірелеп «химия өнеркәсібінің наны» деп те атайды. Біздің қаламызда ол ОТА және аспап жасау зауыттарының цехтарында қолданылады.

Күкірт қышқылының магниймен кристаллогидраты Глаубер тұзы және мирабилит деп аталады. Осы екі атаудың шығу төркінен қызықты деректер келтіріледі. Бұл тұзды алғаш неміс химигі И.Глаубер ашты. Ол өлім халіне жеткен іш ауруынан бұлақ суын ішіп жазылған. Құрамын зерттегенде табылған тұзға - «тамаша тұз» деген ат береді. Кейіннен оны ашқан оқымыстының есімімен Глаубер тұзы деп атайды. Глаубер тұзы медицинада және шыны жасауда қолданылады, бірақ тозаң түріндегі түйіршіктері ауада жиналып, климатқа әсер етуі мүмкін.

Гипс - күкірт қышқылының кальциймен кристаллогидраты медицинада, ауыл шаруашылығында және құрылыста қолданылады. Қосымшасы бар суды ішкенде тас ауруын тудырады. Аммоний сульфаты тыңайтқыш ретінде қолданылады, атмосферада жиналып, қышқыл жаңбыр түрінде жауады. Сонымен тұз тозандары аллергиялық және тас жиналу ауруларын тудырады. Қышқыл жаңбыр топырақтың қышқылдығын арттырады.

Жергілікті зауытты мысалға алып, өнеркәсіпте айналадағы ортаны қорғаудың ғылыми-техникалық принциптерімен студенттерді таныстыру, металдардың қасиеттері және электролиз процестері туралы химиялық білімдерін бекітіп, солардың негізінде адам әрекетінің ортаға әсері жөнінде химия-экологиялық түсініктер қалыптастыру, ғылым мен өндірістің байланысын көрсету [5].

Дәрістің басты ойы мен мақсаты қызықты мәліметтер мен эффектілі тәжірибелер арасында жоғалмауы қажет екенін оқытушылар үнемі ұмытпауы керек. Оқытушы тандап алған мақсатының мағынасын түсінуі керек, қатаң түрде мазмұндамасын, әдістемелік әдістер мен тәсілдерді анықтап алуы қажет.

Дәріс кезінде дедукциялық (жалпыдан жекеге) индукциялық (жекеден жалпыға дейін) қадамдар; көрсету эксперименті (бір заттарды алу тәжірибесі); көрнекті құралдар (кестелер, сызбанұсқалар, әр түрлі заттар жиынтығы, минералдар және т.б.) пайдаланылады.

Оқу-тәрбие үрдісін көтеру үшін мәселелік дәрістерді қолдануға болады, оның кәдімгі дәрістен айырмашылығы, дәріс басталар алдында оқытушы сұрақ немесе мәселе түйінін студенттерге жеткізіп оны шешуге көмектеседі. Мәселені қою, студенттерге үлкен әсер береді, яғни студенттердің өздері сол мәселені шешуге, материалды қызықты етіп беруге, студенттердің назарын аударуға көмектеседі.

Дәріс кезінде көрнекіліктерді, химиялық эксперименттерді, ТОҚ, компьютер, электрондық оқулықтар және т.б. кең көлемде қолданылуы керек. Оқытушы құралдарды тиімді, әдістемелік жағынан орынды қолдануды ойластыру қажет. Осы жағдайда, дәріс сабағында құралдар қолдану саны емес, оның жергілікті материалдарды химия курсына қолдану жағдайындағы әсер етуінің маңызы зор.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы: print-s, - 2005. - 354 б.
2. Затынейко А.М., Саржанова Г.Б., Курмет А. «К вопросу об интерактивных методах обучения в вузе». мат.межд. научно-практ.конф. «Новые научные достижения - 2014» - Болгария, апрель, 2014. - С. 90-94.
3. Имангалиева Б.С., Сакен Р.С. Химия пәні арқылы өндірістік мазмұндағы материалдарды опыту ерекшеліктері. «Жас ғалым - 2008» облыстық ғылыми-практикалық конференция. - Ақтөбе, 2008. - 221 - 225 б.
4. Пичучина Г.В. Химия и повседневная жизнь человека. - М.: «Дрофа», 2016.
5. Шоқыбаев Ж.Ә., Болатова А.Ж. Химияны оқытудағы бағдаралды дайындық мәселесін шешу жолдары. // Химия мектепте. - 2, 2008.

ӘОЖ 378.02:37.016

Р.Х. Тургумбаева¹, М.Т. Сулейменова²

т.ғ.д., доцент

²6M011200 - «Химия» мамандығының 2 курс магистранты

Абай атындағы ҚазҰПУ

Алматы қ., Қазақстан

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОНЫ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Зерттеудің өзектілігі қазіргі қоғамның талабына сай, ақпаратты тек қазақ және орыс тілдерінде ғана емес, сондай-ақ ағылшын тілінде де өңдеп жеткізе, сондай-ақ шет тілінде де қарым-қатынас орната алатын ғылыми сауатты мамандардың қажеттіліктерімен анықталады. Тәжірибе барысында билингвалды әдіс бойынша сабақтар қазақ және ағылшын тілінде жүргізілді. Мақалада «Өндірістік жағдайда контакт әдісі арқылы күкірт қышқылын алу» атты тақырыбын билингвалды әдіс арқылы оқыту тәсілі көрсетілген. Магистранттарға ағылшын тілінде сабақ өту барысында келесідей әдістер қолданылды: текстерді, терминдермен сөзтіркестерін аудару және магистранттардың оқу әдісін белсендіру үшін кроссвордтар шешу, аудиовизуалды және коммуникативті әдістер қолданылды. Химия пәнін ағылшын тілінде оқыту, оқу барысында білім алушылардың лингвистикалық және кәсіби құзғіреттіліктерінің артуына себеп болатындығы көрсетілді.

Түйін сөздер: билингвалды оқыту, ағылшын тілі, білім беру, химия пәні, терминдерді аудару, аудиовизуалды әдіс.

Аннотация

Р.Х. Тургумбаева¹, М.Т. Сулейменова²

¹д.т.н., доцент

²магистрант 2 курса специальности 6M011200 - «Химия»

КазНПУ им.Абая,

г. Алматы, Казахстан

ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЕГО В ПРЕПОДАВАНИИ ХИМИИ

Актуальность исследования определяется современными потребностями нашего общества в кадрах, которые способны раскрыть материал не только на родном и русском языках, но и на английском. Экспериментальные работы были проведены по методам билингвального обучения на казахском и английском языках. В данной статье приведены примеры на тему «Получение серной кислоты в производственных условиях контактным методом». На уроках было уделено особое внимание методом обучения магистрантов на английском языке: были использованы пословесный перевод текста, терминов, словосочетаний, а также использованы методы активизации обучения магистрантов, заключающиеся в решении кроссвордов, аудиовизуальные и коммуникативные методы. Использование английского языка при преподавании химии показало, что при использовании таких методов обучения улучшаются лингвистические и профессиональные навыки магистрантов.

Ключевые слова: билингвальное обучение, английский язык, образование, химия, перевод терминов, аудиовизуальный метод.

Abstract

R.Kh. Turgumbaeva¹, M. T. Suleimenova²

¹d.t.s.,docent

²2nd year undergraduate, 6M011200 - «Chemistry»

KazNPU named after Abai,

Almaty, Kazakhstan

THE USE OF POLYLINGUAL EDUCATION AT THE CHEMISTRY CLASSES

The relevance of our research is determined by the needs of our society in the personnel who are able to teach the material not only in native and Russian languages, but also in English. Much attention is given to the method of teaching Chemistry in English and during the experiment have been used the method of bilingual education, where we used audiovisual method, translate terms and collocations, etc. The text gives a valuable information on using this method in learning the theme «Manufacture of sulfuric acid by contact process». It is shown that the proposed method helps to improve the linguistic and professional skills of undergraduates.

Key words: bilingual education, English, education, chemistry, translate terms, audiovisual method.

Тіл - халықтың ең үлкен байлығының бірі. Елімізде заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясаты жолға қойылып отыр. Бұл жобаның да жастарға, ертеңгі ұрпақтарға пайдасы көп.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» - деген қазақтың Қадыр Мырза Әлі ақыны. Әрине, ана тілімен қоса басқа да тілдерді білудің зиян емес екенін айтса керек. Тіл білу - өнер. Әсіресе, қазіргі кезде өркениетті қоғамда қанша көп тіл білген сайын, сонша адамсың. Дамыған қоғамға қадам тастаған еліміздің білімді азаматтары болу үшін ана тілімізді де, өзге озық тілдерді де үйренгенімізден ұтпасак, ұтылмайтынымыз айдан анық. Үш тұғырлы тіл қазіргі қоғамның қажеттілігі. Үштілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынға ілесу үшін, әрине, ағылшын тілін үйрену қажет. Ана тілі мен басқа озық тілдердегі әртүрлі ақпараттарды салыстырып үйренген білім алушылар білімнен кенде болмайды. Елімізде мемлекеттік тіл саналатын қазақ тілі мемлекетіміздің барлық саласында «ұйыстырушы» рөлін атқарса, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болса, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етуде. Елбасы өз Жолдауында: «Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз... Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз... Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай қоғамның барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады...» дегені баршаға аян. Сонымен қатар Мемлекет басшысы «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек деген болатын. Ал орыс тілін білу - біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі... Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз қажет-ақ. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп қазақ тілі және үш тұғырлы тіл туралы өз пайымын ортаға салған еді [1].

Жастардың көбісі орыс тілі мен қазақ тілін жақсы меңгерген. Енді олар ағылшын тілін үйренсе өз мамандығының биігіне шығуға, кеңінен ізденіс жасауға негіз қалайды. Көп тіл білу қуанарлық іс. Қазір атқарылып жатқан қызметтің барлығы Қазақстанның әр азаматы аудармашының көмегінсіз қарым-қатынас жасай алатындай дәрежеге жетсек деген талап. Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда, «Тіл дегеніміз - қай халықтың болмасын келешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бірсүгінгі де тағдыры. Қазақ тілі өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан дүниенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді... қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ деген дейін ерге, елге медет болып, адам түгіл, жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл». Ендеше, ұлылар айтқан даналыққа жүгіне отырып мемлекетіміздің дамуын нығайту үшін көптілді меңгерген, зерделі жастардан болуға құлшынайық. Бүгінгі жастарбірнеше тілді меңгерсе айып емес. Қазақ тілі - ана тіліміз, орыс тілі - ресми тіл, ал ағылшын тілі - халықаралық қатынастар тілі екендігін әрбір көзі ашық азамат түсінеді. Қазіргі ұрпақ зулап бара жатқан заман ағысына ілесе алмаса, үлкен кемшілік, әрі мін саналады. Мемлекет тарапынан жастарға көптеген мүмкіндіктер жасалды. Мәселен, шетелге шығып оқи алады және өзге елдермен тәжірибе алмастыра алады. Бұл, әрине, шет тілін меңгергендіктің айғағы.

Көптілді білім беру, бұл көп қырлы концепция. Бұл білім алушылардың білім алу барысында басқа тілді қоса үйренуі. Қазіргі таңда Қазақстанда билингвалды оқыту әдісі қолданысқа еніп келеді. «Билингвизм» термині білім беру барысында ана тілінен басқа шет тілдерін де қолдануды білдіреді. Билингвалды оқытудың атқаратын қызметтері:

- Оқушының шет тілінде қосымша қажетті ақпарат алуға көмек береді;
- Пән бойынша екі тілде сөздік қорын қалыптастырады;
- Шет тілінде пәнге байланысты қосымша ақпарат алып, білімін тереңдете түседі;

• Оқушының коммуникативті және мәдениетаралық құзыреттілігін және ұлтаралық қарым-қатынасын дамытады.

Қазіргі таңда еліміздің 177 мектебінде сабақтар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізіледі. 2019–2020 оқу жылынан бастап, еліміздің мектептерінде «Информатика», «Химия», «Биология», «Физика» пәндері ағылшын тілінде оқытыла бастайды. Соның ішінде 8-сыныпқа қарай оқушылардың ағылшын тілінен білімі химия пәнін шет тілінде оқуға жеткілікті болады.

Ғылыми ақпаратқа негізделген ұсыныстар бойынша кроссворд, пазлдрды, ойын карталарын қолдану арқылы элементтердің ағылшынша аталуын үйренуге болады. Мысалы, Элементтер зообағы ойынын алсақ, бұл ойын білім алушылар ойдан құрылған зообак ішіндегі элементтердің «тарихын» берілген сөздер бойынша құрастырып айтуға негізделген [2]. Мәселен, «Әлемдік кубокты жеңіп алу» ойыны бойынша, химиялық футбол ойынын ойнатуға болады. Ойынның мақсаты - ойын барысында білім алушылар периодтық кестеге сәйкес сөздер құрастырады, мысалы, S-Pa-I-N. Егер периодтық кесте бойынша келтірілген ақпарат дұрыс болса, онда оқушы кубогтың жеңімпазы атанады [3].

Химияны ағылшын тілінде оқытуда, визуалды қолдауды қолдану өте тиімді. Мысалы, «Лабораториялық құрылғылармен жұмыс істеу» атты тақырыбын оқығанда, оқытушы химиялық ыдыстарды (пробирка, колба, стакан, өлшеуіш колба) демонстрациялайды, әрбір ыдыста оның ағылшын тіліндегі атауы жазылған этикетка болады.

Сонымен қатар визуалды қолдауды терминдерді оқыту барысында пайдалану тиімді. Мысалы, атом құрылысын оқытқанда оқушыларға атомның құрылымдық моделі бар карточка және оның анықтамасы ана тілінде және ағылшын тілінде беріледі. Білім алушылар тек атом құрылысы жайында біліп қоймай, сонымен бірге, өзінің ана тіліндегі және ағылшын тіліндегі атомның құрылымдық атаулары арасында параллель жүргізеді, бұл келешекте терминнің анықтамасын өз тілінде ғана емес, ағылшын тілінде де айтуға мүмкіндік береді екен.

Химия пәнін оқытуда көптілді білім берудің әдістемелік нұсқаулары әртүрлі бағытта қолданылады: практикалық, көрнекі, ауызша. Әр әдіс бес кезең арқылы жүзеге асырылады. Олар дайындық, таныстыру, аналитикалық, қолданбалы және қорытынды кезеңі.

Дайындық кезеңі - білім алушылардың сабаққа деген ынтасын арттыру үшін алдын ала әңгіме жүргізіледі. Билингвалды әңгіме екі тілде жүргізілетін және білім алушылардың жаңа ақпаратты алуға, сабақ барысында билингвалды іс әрекет алгоритмін ашуға деген дайындық дәрежесін анықтайды.

Таныстыру кезеңінде білім алушылар келесі іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

• Мұғалімнен билингвалды түрде химиялық ақпарат алады және өзіндік түрде басқа ақпарат көздерінен іздейді.

• Өз ана тілінде және шет тілінде химиялық ақпараттарды алады (оқу немесе тыңдау)

Аналитикалық кезеңге төмендегі сатыларды жүзеге асыру үшін, алынған ақпараттарды өз ана тілінде немесе шет тілінде өңдеу кіреді:

1. Алынған химиялық ақпараттарды анализдеу (қандай сөздер, сөйлемдер түсінікті және қандай сөздерді білу қажет)

2. Белгісіз сөздерді және грамматикалық конструкцияларды іздеу үшін сөздікпен, грамматикалық анықтамалармен жұмыс жасау;

3. Химиялық сөздікке белгісіз лексикалық бірліктерді жазу;

4. Ана тілінен шет тіліне аудару және керісінше.

Қолданбалы кезеңде білім алушы алынған ақпаратты қолданады:

• Билингвалды коммуникация үшін (материалды талқылау, өз ойларын ортаға салу, дискуссия)

2. Жазбаша (тест, диктант, есептер шығару) немесе тәжірибелік тапсырмалар (химиялық эксперимент, модельдеу)

Қорытынды кезең билингвалды әңгімелесудің түйінді кезеңімен және рефлексияны қамтиды [4].

Қазіргі таңда мектеп, орта және жоғары оқу орындарының болашақ мұғалім кадрларын даярлау ағылшын тілін білуді талап етеді. Негізгі талаптың бірі - ағылшын тіліндегі материалдарды тек оқу емес, сонымен қатар химиялық тексттер, оқылған тексттің мағынасын ашып айту және материалдарды қазақ және орыс тілдерінен ағылшын тіліне аудару білу. Бұл электрондық материалды қолдану, аудиотексттерді тыңдау, оқытылатын пән бойынша бейнефильмдер, бейнероликтер және т.б. материалдарды қолдана отырып жасалынатын күрделі процесс.

Химия пәнін ағылшын тілінде оқытуға жүргізілген тәжірибе «Химия» І-курс магистранттарына «Химиялық технологияның заманауи проблемалары» пәнін оқытуда жүргізілді. Магистратураға түсу барысында, талапкерлер ағылшын тілінен емтихан тапсыратындықтан, олардың ағылшын тілін меңгергендігі ескерілді.

Пәнді оқыту барысында төмендегідей тақырыптар бойынша сабақ жүргізілді:

1. «Химиялық элементтердің, қосылыстардың және иондардың аталуы», «Safety rules - техника қауіпсіздігі» және «Лабораториялық ыдыстардың аталуы» бойынша сабақ жүргізілді. Бұл білім алушылардың пәнді оқу барысында кездесетін терминдердің, сөздердің аталуын біліп, түсінуін жеңілдетуге негіз қалайды.

2. Контакт әдісімен күкіртқыпқылының алынуы;
3. Өндірісте қолдануға арналған суды тазалау;
4. Мұнай-газдарын өңдеу және олардан бағалы ароматты көмірсутектер алу.

«Контакт әдісімен күкірт қыпқылының алынуы» атты тақырыбын оқытуда, күкірт қыпқылын өндіруде шикізат ретінде қолданылатын сөздер аудармаларымен бірге беріледі:

күкірт	sulfur
пирит (күкірт колчеданы)	pyrite (iron pyrites)
күкіртсутегі	hydrogen sulfide
түсті металл сульфиді ZnS, Cu ₂ S	non-ferrous metal sulfide

Дәріс барысында күкірт қыпқылының алыну сатылары толықтай оқытылды:

Күкіртқыпқылы өндірісінің шикізат көздері: күкіртті колчедан FeS₂, күкірт S, қоршаған ортаны ластайтын өндірістік күкірт (IV) оксидтерінің шығындары, пештерден шығатын SO₂ газдары.

2. Күкірт (IV) оксидін арнайы тазалау
3. Күкірт (IV) оксидін оттегімен күкірт (VI) оксидіне тотықтыру

- Күкірт (VI) оксидін сумен сіңіру


Оқытылған ақпараттарды бекіту мақсатында, төмендегідей тапсырмалар орындалды:

- Берілген сөздерді ағылшын тіліне аударыңыз:

пиритті күйдіруге арналған пеш	жылуалмастырғыш
электрофильтр	түйіспелі аппарат
құрғату мұнарасы	сіңіру мұнарасы

Аудару әдісі бойынша, мәтіндегі сөйлемнің белгілі бөліктерін аудару үшін арнайы үзіліс жасалады. Оны мәтіннің ішінде сөздерге жол қалдырып, бос орынға мағынасына сәйкес сөздерді жазады. Ол сөздердің аудармасын кроссвордқа толтыруға болады. Мысалы:

Күкірт қыпқылы - _____сұйықтық, _____сумен салыстрғанда _____есе жоғары. Ол _____зақымдайды, сүректі және _____көмірлейді. Концентрленген күкірт қыпқылын сұйылтқанда көп мөлшерде _____бөлінеді. _____күкірт қыпқылын келесі тәртіппен сұйылтады: Алдымен _____, кейін _____. Күкірт қыпқылына барий тұздарымен эсер ету _____реакция.



Жауабы: 1 oily; 2 density; 3 two; 4 skin; 5 sugar; 6 warm; 7 concentrated; 8 water; 9 acid; 10 quality; (нөмірленген көз толтырылмайды).

Төмендегі процестерді жүру аппараттарына сай сәйкестендіріңіз:

1. purification from fine dust
2. roasting pyrite
3. purification from large dust
4. oxidation of the sulfur oxide (IV) to the sulfur oxide (VI)
5. purification from water vapor
6. hydration of sulfur oxide
- a) cyclone
- б) electric filter
- в) kiln pyrite
- г) absorbing tower
- д) drying tower
- e) contactor

1	2	3	4	5	6

Жоғарыда көрсетілгендей тапсырмаларды орындау барысында, білім алушылардың ана тілімен шет тіліндегі атаулар және сөздер арасында өзара байланыс жасау қабілеті қалыптасады.

Сонымен бірге, терминдерді оқыту барысында, оқытушы оның анықтамасын шет тілінде немесе қазақ тілінде береді. Ал білім алушылар оны аударады. Мысалы:

Крекинг - ағылшын тілінен алынған «to crack» сөзі бөлу, ажырату деген мағына білдіреді. Крекинг процесі жоғары молекулалы көмірсутек тізбектерінің кіші молекулалы тізбектерді түзе жүретін көмірсутектердің термиялық ыдырау процесі.

Риформинг - крекинг процесінің бәр түрі. Каталитикалық риформинг - мұнай өнімдерінің каталитикалық ароматтау процесі.

Детонация - жарғыш заттың химиялық өзгеруінің жедел өтетін процесі.

Термиялық крекинг - жеңіл молекулалы өнім алу мақсатында көмірсутектерді термиялық (ауаның қатысынсыз) өңдеу процесі.

Каталитикалық крекинг - жоғары октанды бензин компоненттерін, жеңіл газойль және қанықпаған майлы газ алу мақсатында мұнай фракцияларының термокаталитикалық өңдеу процесі.

Cracking - to crack means to detach, to break. It is the process of breaking down certain hydrocarbons into simpler ones of lower boiling points by means of excess heat, distillation under pressure.

Reforming is a kind of cracking. Reforming is an industrial process for processing gasoline and naphtha fractions of petroleum in order to obtain high-quality gasolines and aromatic hydrocarbons.

Detonation is a burning mode in which a shock wave propagating through the substance initiates the chemical combustion reactions.

Thermal cracking is a high-temperature processing (heating without air access) of hydrocarbons in order to obtain, as a rule, products with a lower molecular weight.

Catalytic cracking - thermal catalytic processing of petroleum fractions in order to obtain a component of high-octane gasoline, light gas oil and unsaturated fatty gases.

Сонымен, тәжірибелік зерттеу бойынша, химияны ағылшын тілінде оқыту әдісін қолдану, білім алушылардың пәнге деген белсенділіктері мен мотивациясын арттырғандығы байқалды. Зерттелген әдіс студенттердің ағылшын тілін жақсартып, оны тәжірибе жүзінде қолдануға, химиялық терминдердің ағылшын тіліндегі анықтамаларын айта алу және бір-бірімен еркін сөйлесу қабілеттерінің артуына әсер көрсетті.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан - 2050».

2. *Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана, Ақорда, 2012 ж.*
3. *Helser T.L. Elemental ZOO//Journal of Chemical Education - 2003. - vol. 80. - Issue P. 409*
4. *Franco-Mariscal A.J. Elemental, We Win the World Cup//Aula de Innovacidn. Educativa - 2006. - №156. - P.87-96*
5. *Павлова Е. С. Организация билингвального обучения в основной школе //Сибирский педагогический журнал - 2011. - № 9. - С. 171-173.*

УДК 373.167.1
МРНТИ 14.25.09

Б.А. Мансуров¹, М.Б. Турысбек²

¹к.х.н., профессор

*²магистрант 2-курса по специальности 6M011200-«Химия»
Казахский национальный педагогический университет им. Абая
г. Алматы, Казахстан*

ВАЖНЕЙШИХ КЛАССЫ НЕОРГАНИЧЕСКИХ СОЕДИНЕНИЙ: ОКСИДЫ, ОСНОВАНИЯ, КИСЛОТЫ, СОЛИ

Аннотация

Статья посвящена теме « Основные классы неорганических соединений», которая является базовой в курсе неорганической химии основной школы. Знание этой темы необходимо при выполнении заданий ЕНТ по химии, для успешного изучения химических дисциплин в высших учебных заведениях. Но в последнее время выпускники демонстрируют довольно слабые знания этой темы. Одной из немаловажных причин является то, что в начале курса химии 8 класса оксиды, основания, кислоты, соли представлены кратко. Поэтому появилась необходимость более подробного его рассмотрения. В данной статье приведены задания на выяснение знаний химических свойств неорганических веществ. По-нашему мнению, предложенные задания позволяют повысить компетентность учащихся, способствуют развитию мыслительной активности, активизируют способности, а также повысят эффективность обучения предмету.

Ключевые слова: периодический закон, оксиды, основания, кислоты, соли, свойства.

Аңдатпа

Б.А. Мансуров¹, М.Б. Турысбек²

¹х.г.к., профессор

*²6M011200-«Химия» мамандығының 2 - курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан*

МАҢЫЗДЫ БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ КЛАСТАРЫ: ОКСИДТЕР, НЕГІЗДЕР, ҚЫШҚЫЛДАР, ТҰЗДАР

Мақала: «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары» тақырыбына арналған, ол негізгі мектепте бейорганикалық химияның базалық курсы болып табылады. ҰБТ-да химиядан тапсырмаларды орындау кезінде осы тақырыпты білу керек, кейін жоғары оқу орындарында химиялық пәндерді табысты зерттеу үшін. Бірақ соңғы уақытта түлектер осы тақырып бойынша өте әлсіз білімін көрсетеді. Басты себептердің бірі ол 8-ші сынып ерте барысында оксидтер, негіздер, қышқылдар, тұздар туралы ақпараттар қысқа ұсынылғанынан. Сондықтан оны егжей-тегжейлі қарастыру қажеттігі пайда болды. Осы мақалада бейорганикалық заттардың химиялық қасиеттері жайында оқушылардың білімін анықтау үшін, тапсырмалар келтірілген. Біздің пікірімізше, ұсынылған тапсырмалар оқушылардың құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді, ой дамуына ықпал етеді, ойлау белсенділігін, қабілетін жандандырады, сондай-ақ пәнді оқыту тиімділігін арттырады.

Түйін сөздер: периодтық заң, оксидтер, негіздер, қышқылдар, тұздар, қасиеттері.

Annotation

B.A. Mansurov¹, M.B. Turysbek²

Candidate of chemical Sciences, Professor

*²master of degree 2 course specialty 6M011200-«Chemistry»
Kazakh National Pedagogical University named after Abai
с. Almaty, Kazakhstan*

THE MOST IMPORTANT CLASSES OF INORGANIC COMPOUNDS: OXIDES, BASES, ACIDS, SALTS

The article is devoted to the topic "the Main classes of inorganic compounds", which is a basic course in inorganic chemistry primary school. Knowledge of this topic is necessary in the performance of tasks of the UNT chemistry for a successful study of chemical disciplines in higher education. But in recent years graduates demonstrate a rather weak

knowledge of the topic. One of the important reasons is that in the beginning of the course chemistry 8th grade oxides, bases, acids, salts presented briefly. Therefore there is a need for more detailed consideration. This article provides the job to ascertain the knowledge of the chemical properties of inorganic substances. In our opinion, the proposed tasks will enable to improve the competence of students, contribute to the development of mental activity, activate the ability, but also improve the efficiency of learning the subject.

Key words: periodic law, oxides, foundations, acids, salts, properties.

Понятие о важнейших классах неорганических соединений формируются и используются в тесной связи с другими понятиями, вливаясь в теоритическую систему знаний о веществе. Курс неорганической химии построен на идеях периодичности. Знания об оксидах, основаниях, кислотах и солях составляют фактологическую базу для изучения периодического закона Д.И. Менделеева. Каждый класс был изучен по схеме: классификация, состав, получение, химические свойства. Отметим, что в классификации оксидов нужно знакомить учащихся с основными и кислотными оксидами. При рассмотрении изменений свойств элементов и их соединений в периодах наблюдается ослабление металлических свойств и усиление неметаллических. Переход от металлических свойств к неметаллическим происходит через элементов, проявляющих амфотерные свойства.

Изучение классов неорганических соединений позволяет повторить и закрепить ранее изученный материал. Изучая химические свойства неорганических соединений, учащиеся определяют типы химических реакций. Так взаимодействие оксида натрия с оксидом серы (VI) и взаимодействие оксида кальция с водой относятся к реакциям соединения. Взаимодействие цинка и бария с соляной кислотой относятся к реакциям замещения, а также гидроксида натрия с серной кислотой относятся к реакциям обмена [1].

В статье приводятся задания на выяснение знаний химических свойств неорганических веществ [2].

• **При взаимодействии 13,64 г; 14,88 г; 17,36 г оксида натрия с углекислым газом образуются соли соответственно с массами (г)**

- 21,80
- 23,32
- 24,66
- 25,44
- 27,12
- 29,68
- 29,92
- 30,03

• **При взаимодействии 15,04 г; 16,92 г; 20,68 г оксида калия с оксидом серы (IV) образуются соли соответственно с массами (г)**

- 23,82
- 25,28
- 26,72
- 27,06
- 28,44
- 30,20
- 32,94
- 34,76

• **При взаимодействии 10,4 г; 11,2 г; 12,8 г оксида магния с оксидом серы (IV) образуются соли соответственно с массами (г)**

- 31,2
- 31,6
- 32,8
- 33,0
- 33,6
- 36,6
- 37,4
- 38,4

• **При взаимодействии 12,32 г; 13,44 г; 15,68 г оксида кальция с оксидом кремния образуются соли соответственно с массами (г)**

- 25,05

- 25,52
- 25,99
- 26,62
- 27,84
- 29,09
- 32,48
- 33,33

• При взаимодействии 18,36 г; 27,54 г; 32,13 г оксида бария с оксидом фосфора(V) образуются соли соответственно с массами (г)

- 18,96
- 20,28
- 24,04
- 28,42
- 33,20
- 36,06
- 40,14
- 42,07

• При взаимодействии 12,8 г; 14,4 г; 16,8 г гидроксида натрия с соляной кислотой образуются соли соответственно с массами (г)

- 14,04
- 16,20
- 18,72
- 20,06
- 21,06
- 23,32
- 24,68
- 24,57

• При взаимодействии 13,44 г; 14,56 г; 17,92 г гидроксида калия с соляной кислотой образуются соли соответственно с массами (г)

- 14,04
- 14,80
- 14,96
- 15,21
- 16,94
- 18,72
- 19,72
- 20,20

• При взаимодействии 15,08 г; 16,24 г; 19,72 г гидроксида магния с серной кислотой образуются соли соответственно с массами (г)

- 30,2
- 31,2
- 32,2
- 33,6
- 36,6
- 38,4
- 40,8
- 42,4

• При взаимодействии 19,24 г; 20,72 г; 25,16 г гидроксида кальция с серной кислотой образуются соли соответственно с массами (г)

- 15,21
- 17,22
- 18,72
- 19,24
- 20,72
- 23,32

- 24,57
- 25,16

• При взаимодействии 19,8 г; 23,4 г; 27 г гидроксида железа (II) с соляной кислотой образуются соли соответственно с массами (г)

- 27,94
- 31,40
- 33,02
- 35,6
- 38,1
- 39,8
- 40,4
- 43,6

• При взаимодействии 26 г; 39 г; 58,5 г цинка с соляной кислотой выделится водород (н.у) соответственно с объемами (л)

- 8,69
- 8,96
- 10,22
- 11,92
- 13,44
- 16,40
- 18,84
- 20,16

• При взаимодействии 24 г; 32 г; 48 г кальция с соляной кислотой выделится водород (н.у) соответственно с объемами (л)

- 10,22
- 11,92
- 13,44
- 16,40
- 17,92
- 22,46
- 26,88
- 27,72

• При взаимодействии 30,8 г; 39,2 г; 39,2 г железа с соляной кислотой выделится водород (н.у) соответственно с объемами (л)

- 12,32
- 13,44
- 14,06
- 15,68
- 17,92
- 20,16
- 22,46
- 24,44

• При взаимодействии 17,92 г; 28,8 г; 38,4 г магния с соляной кислотой выделится водород (н.у) соответственно с объемами (л)

- 13,44
- 17,92
- 20,60
- 22,46
- 26,88
- 31,20
- 35,84
- 37,73

• При взаимодействии 109,6 г; 164,4 г; 191,8 г бария с соляной кислотой выделится водород (н.у) соответственно с объемами (л)

- 17,92

- 20,60
- 22,46
- 24,44
- 25,60
- 26,88
- 27,40

- 31,36

1. Сұрақтар:	6. с, е, h	11. b, e, h
2. b, e, h	7. a, d, f	12. с, e, g
3. a, e, h	8. b, d, g	13. a, d, f
4. b, e, g	9. d, e, h	14. b, e, g
5. с, f, h	10. a, с, e	15. a, f, h

Список использованной литературы:

1. Нурахметов Н.Н., Сарманова К.А., Жексембина К.М. Химия:учеб. для 8 класса общеобразовательных школ/ Н.Н. Нурахметов - Алматы: Мектеп, 2008. - С. 216.
2. Мансуров Б.А. Сборник тестовых заданий по химии:учеб. для 8 класса общеобразовательной школы. - Алматы: Улагат, 2013. - С. 160.

ӘОЖ 373.1.02
ҒТАМР 378.147(043.3)

Г. Т. Азимбаева¹, М. Елікбаева²

¹х.г.к., профессор

²БМ011200-Химия мамандығының 2-курс магистранты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушыларына экологиялық білім беруді қалыптастырудың педагогикалық негізі қарастырылады. Мектеп оқушыларына экологиялық білім берудің мақсаты - ғылыми білім жүйесін, көзқарастар мен наным жүйесін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау, аялау, оған үлкен жауапкершілікпен қарау, әр тұлғаның бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Химияны пәнаралық байланыс арқылы оқытуда оқушылардың экологиялық білімін қалыптастыру мәселелері. Химия курсы оқыту үрдісінде студенттерге экологиялық білім және тәрбие берудің әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады.

Түйін сөздер: химия, экология, қоршаған орта, ластану көздері, экологиялық сана, экологиялық білім, экологиялық мәдениет.

Аннотация

Г. Т. Азимбаева¹, М. Елікбаева²

¹к.х.н., профессор

²магистрант 2-курса по специальности БМ011200-«Химия»
Казахский национальный педагогический университет им. Абая
г. Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ ХИМИКО-ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ У ШКОЛЬНИКОВ

В статье рассматриваются педагогические основы формирования экологического образования у школьников. Цель экологического образования школы - системы научных знаний, взглядов и убеждений, формирование системы охраны окружающей среды, бережного, ответственного отношения к ней большие, у каждой личности, формирование экологической культуры.

Межпредметные связи в обучении химии через формирование экологических знаний студентов. Рассматри-

ваются методические особенности экологического образования и воспитания учащихся в процессе обучения курса химии.

Ключевые слова: химия, экология, окружающей среды, источники загрязнения, экологического сознания, экологического образования, экологической культуры.

Annotation

G. T. Azimbayeva¹, M. Yelikbayeva²

Candidate of chemical Sciences, Professor

²master of degree 2 course specialty 6M011200-«Chemistry»

Kazakh National Pedagogical University named after Abai

s. Almaty, Kazakhstan

**BASIC APPROACHES TO THE FORMATION
OF CHEMICAL-ECOLOGICAL KNOWLEDGE AMONG SCHOOLCHILDREN**

The article deals with the pedagogical foundations of the formation of ecological education in schoolchildren. The goal of the school's ecological education is the system of scientific knowledge, views and beliefs, the formation of a system of environmental protection, careful, responsible attitude to it, large, for each individual, the formation of ecological culture.

Intersubject communication in the teaching of chemistry through the formation of environmental knowledge of students. Methodical peculiarities of ecological education and upbringing of students in the course of teaching chemistry course are considered.

Key words: chemistry, ecology, environment, sources of pollution, ecological consciousness, ecological education, ecological culture.

Мектеп оқушыларына экологиялық білім берудің мақсаты - ғылыми білім жүйесін, көзқарастар мен наным жүйесін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау, аялау, оған үлкен жауапкершілікпен қарау, әр тұлғаның бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Осыған орай қоршаған ортаны қорғау саласында мектепте білім беру мен тәрбиелеу үшін екі стратегиялық міндеттерді орындау керек:

- Қоршаған ортаны қорғау қажеттілігін оқушыларға сендіре білу;
- Экология саладағы ең қажетті білімен қаруландыру.

Осы тапсырмаларды шешу үшін, келесі жұмыс әдісі таңдалады:

Білім беру үрдісінде - реферат дайындау, ауызша журналдар, қоғам мен табиғат арасындағы байланысты ұғып-түсінудің теориясы мен практикасы, себеп-салдарлардан туындаған ойлау әдістерін меңгеру жатады.

Мұндай оқыту белсенді нысандарды қолдану, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін талқылау, сарапшылармен кездесу ұйымдастыру, іскерлік ойындар, тәжірибеде қолданылған экологиялық шешімдерді қабылдауды талап етеді.

Қоғамдық пайдалы қызметті кеңінен қолдану ұсынылады; мектептегі оқу-тәжірибиелік бөлімде минералды тыңайтқыштардың ауыл шаруашылық дақылдарына әсерін зерттеу, оқыту, топырақ және жер асты суларын талдау. Бұл экологиялық шешімдерді қабылдауда тәжірибе жинақтауға көмектеседі, жергілікті экожүйелерді зерттеу мен қорғау үшін нақты үлес қосуға мүмкіндік береді. Табиғат аясына экскурсия ұйымдастыру теориялық материалдарды нақты және айқын түсінуге себін тигізеді.

Экология мәселесін әр пәндерде (химия) қолдануда химиялық заттың биожүйеде қалай әрекет ететінін, атмосфераға, суға, топыраққа қалай әсер ететініне назар салу керек. Мұндай тәсіл оқушыларды осыған ұқсас сұрақтарды ойлауға әдеттендіруге тәрбиелейді.

Оқушыларға экологиялық білім беруде оның әр түрлі деңгейінің үлесін ескеру керек:

- *экологиялық білім;*
- *экологиялық сананы қалыптастыру;*
- *экологиялық мәдениетті дамыту.*

Экологиялық білім мәселесі студенттердің бағытын қамтиды. Сабақта және сабақтан тыс өткізілетін оқу материалдарын (экологиялық сергіту, экологиялық экспресс-ақпарат, экология тақырыбындағы баяндамалар мен рефераттар, т.б.)

Экологиялық сана бұл оқушылардың ойлау санатын апаратын қалыптастыру. Экологиялық сананы қалыптастыру үшін экологиялық білім жүйесін меңгеру мен экология-оқу пәні ретінде (факультатив, арнайы курс, оқу пәні).

Экологиялық мәдениеттің дамуы әрбір оқушыға «ТАБИҒАТ-АДАМ» арасындағы өзара қарым-қатынас әрекетінің ең маңызды ерекшеліктері сияқты түсінік береді. Экологиялық мәселелердің заманауи ауқымды мәселелерге көшу керектігінің қажеттілігін түсіндіреді.

Экологиялық мәдениет жағдайында оқу тек негізгі интегративті тәсіл жағдайында өтуі мүмкін.


Интеграциялық механизм экологиялық проблемаларды зерттеуді «ТАБИҒАТ-ҒЫЛЬШ-ӨНДІРІС-ҚОҒАМ-АДАМ» жүйесінде қарастырады.

Оқушылардың экологиялық тәрбие жүйесіне келесі бөлімшелер кіреді, төмендегі 1-суретте қарастырылған.



Сурет 1 - Оқушыларды экологиялық тәрбиелеу

Экологиялық тәрбиені ұйымдастыру келесі әдістер мен құралдардың көмегімен жүзеге асырылады (2-сурет).



Сурет 2 - Экологиялық тәрбиелеудің әдістері мен құралдарын ұйымдастыру

Оқушылардың табиғат қорғаудағы іс-шаралары үлкен рөл атқарады. Ол төмендегі жұмыстар арқылы іске асырылады:

- Табиғи ортаны қорғауда қиындықшылыққа тап болған жануарларды тамақтандыру, табиғатқа залал келтірер қоқыстармен күресу, құстарға жем беру және оларға үйшік дайындау, «Қызыл кітапқа» енген сирек кездесетін өсімдіктер жанына тақтайшалар орнату;
- Табиғат аясында жасалатын жаман әрекеттерге ескерту жасау және күресу («көк» және «жасыл» патрульдерге қатысу, табиғатты қорғау үшін ұйымдастырылатын рейдтерге белсене атсалысу);
- Табиғи ортаны жақсарту (өсімдіктер отырғызу, тау етектерін көгалдандыру, орманды кеуіп кеткен ағаш бұтақтарынан тазарту);
- Табиғатты қорғау туралы сана-сезімді қалыптастыру, түсіндіру және насихаттау (қатарластарымен, ата-аналарымен, үлкендермен әңгімелесу, планеттар жасау, қабырға газетін шығару, радиобағдарламалар жасау);

• Табиғаттың эстетикалық құндылықтарын сақтау және пайдалану (табиғи материалдарды жинау, гербарий даярлау, табиғи материалдан әртүрлі заттар жасау).

Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруындағы тиімді жұмыстардың негізгі критерийі олардың экологиялық түсінігі мен іс-әрекеттеріндегі біркелкілікке жеткізу болып табылады.

Тұтас экологиялық білім мазмұнының мәселесі шешілген жоқ, сондай-ақ химиялық білім алу үшін өмірдің барлық салаларын білу қажет. Оның әсерлерін жаһандық ауқымдағы табиғи құбылыстарын салыстыру және табиғат пен қоғамның өзара қарым-қатынастарын саналы реттеу.

Ол оқушылар санасына жеткізілуі тиіс, атап айтқанда:

- пайдаланылып, қолданылған тұрмыстық заттар қалдықтары толығымен жойылу керек;
- Адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсері бар тұтыну бұйымдарының жылдық өнім санын азайту;

- Табиғи биоресурстарды синтездеу және өнім шығымын көбейту, оларды қайта өңдеуде өндіріс қалдықтарының болмауы, үнемді тиімді болуы.

Бүгінгі таңдағы химиялық білімнің ғылыми және практикалық аспектісі осындай.

Жанартылған синтетикалық шикізаттар көзі - химия ғылымы. Табиғатқа толық және оның құрылымдық элементіне әсер ету транспорт, ауыл шаруашылығы, өндіріс арқылы әртүрлі бағыттарда әсер етеді:

- Табиғаттан алынған химиялық заттарды қолдану;
- Адамдардың табиғатты өз қолдарымен ластауы;
- Табиғатта және биосферада табиғи шикізат көздерінен алынған немесе синтезделіп алынған жаңа белсенді химиялық қосылыстардың пайда болуы.

Бірінші бағытта бейорганикалық және органикалық курстардың мазмұнында химия өнеркәсіптерінде шикізат ретінде химиялық процестерде қолданылатын табиғи қосылыстар туралы қамтылған. Табиғи заттардың улы химиялық заттар мен тыңайтқыштардың ретінде қолданылуы жайлы сұрақтар қарастырылады [1, 2].

Экологиялық білімді дамыту және қалыптастыру мақсатында «ластаушы заттар», «ластаушы көздер», «табиғи және жасанды ластану», «санитарлық тазалық нормалары», «заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы» (ШРК) сияқты ұғымдарды қалыптастыру керек. Ластану көздерін қарастыру қажет. Оқушыларға ластаушы көздердің шешу мәселелерінің түп қазығы - жаңа техника мен технология құру және жетілдіру, арттыру өнімнің шығымын арттыру және өндіріс қалдықтарын азайту, сумен қамтамасыз ету айналымын жасау, ластанған ағынды суларды азайту, қалдықтарды кәдеге жарату және тұйық технологиялық циклдерге көшу жүйелерін енгізу.

Қоршаған ортаның экологиялық мәселелерін зерттеуде мектептегі химия курсының негізгі бөлігі - химиялық эксперимент ерекше рөл атқарады. Мектептегі химиялық эксперименттің қалдығын қайта өңдеуден өткізу әдіс-тәсілдерін іздестіріп, өңдеу кезеңін мектеп тәжірибесінің тең және ажырамас бөлігі ретінде қарастырған жөн. Бұл жағдайда қоршаған ортаға зиянын тигізбес үшін зиянды химиялық заттарды жою, оларды залалсыздандыру немесе қайта өңдеу. Өнеркәсіптік процестерді зерттеуді жалғастыру, қорғану шаралары туралы білімдерін дамыту қажет. Қазіргі заманғы өндірістің негізгі экологиялық принциптерін жүзеге асыру үшін маңызды болып табылады.

Экологиялық мәселелер рөлін зерттеуде мектепте жүргізілетін химиялық тәжірибелер химия курсының маңызды бөлігі.

Қоршаған ортаны қорғау туралы ұғымды химиялық экспериментті орындау барысында мектептегі барлық сыныптарда эксперимент ретінде енгізілуі тиіс. Мектептегі химия кабинетін оқу оқитын орын деп қана қарастыра алмаймыз. Бұл «іс-шаралар орны», өзіндік «химиялық өнім», эксперимент жүргізуде табиғатты қорғау талаптарын жүзеге асыру.

Мұндай көзқарас экологиялық сауатты ойлау қабілетін, оқушының бойында «экологиялық тазалық рефлексін» қалыптастырады. «Экологиялық таза» деген ұғым оқушылардың санасында қалыптасу керек. Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қарастырғанда, оқушыларға химиялық және экологиялық сұрақтар мен тапсырмаларды ұсынуға болады.

Мынадай әдістемелік талаптар ұстану ұсынылады:

- Мәселелер талабы мен оны шешу жолдары практикалық маңызды ақпаратты қамтылуы тиіс;
- Бұл ақпарат нақты экологиялық проблемалармен тығыз байланыста болуы тиіс;
- Осы міндеттер сынып оқушылары үшін меңгере алатындай болуы керек;
- Міндеттер әр түрлі пәндер үшін кешенді білім қабілеттеріне байланысты;
- Міндеттер білімді тексеру, түсіндіру, қолдану және дамыту мақсаттарында.

Химиялық-экологиялық сұрақтар мен тапсырмаларды мазмұнына қарай үш түрге бөлуге болады:

1. Табиғи объектілерге химиялық сипаттама беретін сұрақтар мен тапсырмалар;

2. Қоршаған ортаның ластану көздерінің мәселесі, экологиялық ластанушы заттардың түрлері туралы сұрақтар мен тапсырмалар;

3. Ластанудан қорғау шаралары және ластану салдарын жою сипаты.

Қабылданған мәселе бірегей шешім болуы міндетті емес, олар проблемаларды талқылау үшін арналған, білім берудің және оқытудың нақты проблемаларын шешудің нақты жолдарын іздестіру. Экологиялық білімнің ерекшеліктері: адам мен табиғаттың физикалық және рухани өмірінің арасындағы ажырамас байланыстың өзегі ретінде; қазіргі заманғы жаһандық мәселелер жүйесіндегі экологиялық мәселелерді қарастыру; табиғатты қорғау мақсатында бағытталу; биосфераның генофондын сақтау; экологиялық гигиена және қоршаған ортаның эстетикалық қызметін сақтау; табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану.

Сыныптан тыс өткізілетін іс-шаралар мазмұны мектепте оқылатын материалдармен салыстырғанда дамыған, тереңдетілген болуы тиіс. Сыныптан тыс жұмыс сабақты толықтырады, оның мазмұны экологиялық жүйелер мен адам өмірінің зерттеу негізінде өрістеуі мүмкін [2].

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Захлебный А.Н., Суравегина И.Т. *Экологическое образование школьников во внеклассной работе.* - М. - 1984. - С. 250.

2. Зверев И.Д. *Экология в школьном обучении.* - М.: Знание. - 1980. - С. 80.

UDK 378.2:53.04

GRNTI 37:001.4; 37(03); 37(075)

G. U. Ilyassova

PhD student

Kazakh National Pedagogical University after Abai

с. Алматы, Казахстан

**METHODS OF DEVELOPMENT AND THE USE OF TEXTBOOKS AND TEACHING MANUALS
IN THE EDUCATIONAL PROCESS BASED ON DIDACTIC PRINCIPLES**

Abstract

From the perspective of modern didactics were studied the methods of the development and use of textbooks in the educational process of the university in this research. The didactic principles of development of textbooks and teaching manuals and teaching methodical complexes considering the general pedagogical laws and learning technologies in education and professional training were revealed here. The features of their practical application to improve the quality of education of students on the basis of innovative teaching technologies also were revealed. This article summarizes the results of the studies to research the main problems of the development and use of textbooks in the educational process of modern education, it shows the role of textbooks in teaching, the development of intellectual and creative abilities of students, and also the role of innovative educational technologies in the use of textbooks in the educational process.

Key words: didactics, textbooks, manuals, teaching methodical complex, educational process, learning technologies.

Аннотация

Г. У. Ильясова

PhD докторант

Казахский национальный педагогический университет им. Абая

г. Алматы, Казахстан

**МЕТОДЫ РАЗРАБОТКИ УЧЕБНИКОВ И УЧЕБНЫХ ПОСОБИЙ
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ НА ОСНОВЕ ДИДАКТИЧЕСКИХ ПРИНЦИПОВ**

В данной статье рассмотрен актуальный вопрос о содержании требований современного образования, предъявляемые к учебникам и учебно-методическим комплексам, соблюдая которые преподаватели могли бы достигать высоких и прочных результатов. А также приводятся определения дидактических функции учебной книги. При выборе функции необходимо учитывать направление учебников. Соответственно качество и содержательность учебников влияет на образовательный процесс.

Требования к любым учебникам и учебно-методическим комплексам определяются спросами современного общества, предъявляемыми через требования к образованию, достижения в области наук, теории образования, методики обучения, а также теории учебной книги. Современные принципы дидактики обуславливают требования ко всем компонентам учебного процесса - логике, целям и задачам, формированию содержания, выбору форм и методов, стимулированию, планированию и анализу достигнутых результатов.

Ключевые слова: дидактика, информационная культура, проектирование, трансформация, систематизация, инновация, функция, учебники.

Аңдатпа

Г. У. Ильясова

PhD докторанты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Осы мақалада оқытушылар жоғары нәтижеге жету үшін, қазіргі заманғы білім беруде қолданылатын, оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге вдейлатын талаптардың мазмұны туралы өзекті мәселе қарастырылған.

